

Қазақстан Республикасының Орталық өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 928 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 3-4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Орталық өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 5 қарашадағы
№ 928 қаулысымен
бекітілді

Қазақстан Республикасының Орталық өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Орталық өңірін аумақтық дамытудың осы өңіраралық схемасы (бұдан әрі – Өңіраралық схема) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы" 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 (бұдан әрі – Бас схеманың негізгі ережелері) қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Өңіраралық схема екі және одан көп облыс (не олардың бөліктері), сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын есептемегенде, әлеуметтік-экономикалық немесе экологиялық аудандар аумақтарындағы өзара келісілген (топтастырылған) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне арналған және мыналарды айқындайды:

жоспарланып отырған аумақты аймаққа бөлуді;

аумақтың қала құрылысын игеруді және дамытуды (аумақты қазіргі пайдалану схемасы (тірек жоспары) осы Өңіраралық схемаға 1-қосымшада, Қазақстан

Республикасының Орталық өңірінің аумағын перспективалық ұйымдастыру схемасы (жобалау жоспары) – осы Өңіраралық схемаға 2-қосымшада келтірілген);

қоныстандыру, өңірлік және өңіраралық маңызы бар өндіргіш күштерді, көліктік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды орналастыру жүйесін кешенді дамыту жөніндегі шараларды;

табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды.

3. Экономикалық және ресурстық әлеуеттердің ұқсастығын, сондай-ақ Астана агломерациясының болуын ескере отырып, Орталық өңірге Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Абай және Ұлытау облыстары, Астана қаласы жатқызылды.

4. Бір өңірге біріктірудің негізгі алғышарттары – облыстардың даму әлеуеті мен экономика құрылымдарының ұқсастығы, көлік инфрақұрылымының дамуы, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының болуы, халық санының көптігі және тығыздығының жоғары болуы.

5. Қазақстан Республикасының Орталық өңіріне урбандалу деңгейінің жоғары болуы тән. Қала халқының үлесі ел бойынша ең жоғары және 73 %-ды құрайды. Өңір аумағында Астана агломерациясы қалыптасқан.

6. Орталық өңір облыстары аграрлық-индустриялық бағытқа маманданған. Елдің ЖІӨ-дегі өңірдің үлесі – 38,3%. Сонымен қатар, көмір өндірудің 99,9%-ы, темір кені өндірісінің 98,3%-ы, химия өнеркәсібі өнімдерінің 44,5%-ы, металлургия өнімдерінің 85,5%-ы және машина жасау өнімдерінің 66,8%-ы осы өңірге тиесілі..

Орталық өңір аумағының перспективалы қала құрылысын дамытудың жобалық ұсыныстары жобалаудың аралық (2030 жыл), есептік (2040 жыл) және болжамды (2050 жыл) мерзімдеріне арналып әзірленді.

Өңіраралық схемада Өңіраралық схеманың Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері мен графикалық материалдарды қамтылған.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы аумақтарды дамытудың перспективаларын және инфрақұрылымға деген ұзақ мерзімді қажеттілікті айқындайтын қала құрылысы стратегиясы болып табылады. Оның ережелерін іске асырудың кезектілігі, қаржыландыру көздері мен көлемдері ұлттық жобалар мен аумақтарды дамыту жоспарлары деңгейінде бюджеттік мүмкіндіктерді ескере отырып айқындалады.

2-тарау. Аумақты аймақтарға бөлу, қала құрылысын игеру және дамыту

1-параграф. Аумақтың қала құрылысын игеру және аумақты дамыту

7. Қазақстан Республикасының Орталық өңірі аумағының қала құрылысын игеру және дамыту нысаналы мақсаты және шаруашылық пайдалану бойынша (ауыл

шаруашылығы, рекреациялық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік және құрылыс қызметін жүргізудің құндылығы мен орындылығы өлшемшарттарына сәйкес) аумақты функционалдық аймақтарға бөлуді қатаң сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі аумағының қала құрылысын игерудің бірінші кезектегі бағыттары өңір халқын қоныстандыру, өндіргіш күштерді орналастыру, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамыту, аумақтарды инженерлік қорғау және өңірдің қоршаған ортасын сақтау жөніндегі іс-шараларды іске асыру, сондай-ақ аумақты функционалдық мақсаты бойынша аймақтарға бөлу жөніндегі жобалық ұсыныстар кешенін қамтиды.

Аумақтың қазіргі жай-күйін және перспективалы қала құрылысын игеруін талдау негізінде жобада Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің негізгі және қосалқы жоспарлау орталықтары мен жоспарлау осьтері (қоныстандырудың тірек қаңқасы) айқындалды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің құрамына кіретін елді мекендердің қала құрылысын игеруді реттеу, аумақтарын дамыту және аймақтарға бөлу қалалар мен елді мекендердің бекітілген бас жоспарларында көзделген.

2-параграф. Жоспарланып отырған аумақты аймақтарға бөлу

8. Бас схеманың негізгі ережелерінің 5-бөліміне сәйкес функционалдық аймақтар төрт негізгі топқа бөлінген:

қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру және табиғи ортаны барынша рұқсат берілген жасанды өзгерту аймақтары;

қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары;

шаруашылық игеру шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар;

шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар.

Жоғарыда көрсетілген аймақтардың әрқайсысының құрамында тиісті кіші аймақтар атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының жер балансының деректері бойынша 2024 жылдың басындағы Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағы 82 ауданды (қалалардағы аудандарды есепке алмағанда), республикалық маңызы бар Астана қаласын есепке ала отырып, 97 қала мен кентті, 3 136 ауылдық елді мекенді, 1 129 ауылдық округті қамтиды. Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің ауданы – басқа мемлекеттердің жерлерін есепке алғанда 127 688,6 мың гектарды (Қазақстан Республикасының жалпы ауданынан 47,2%), оның ішінде Абай облысы – 18 547,7 мың гектарды, Ақмола облысы – 14 613,2 мың гектарды, Шығыс Қазақстан облысы – 9 785,9 мың гектарды, Қарағанды облысы – 23 904,6 мың гектарды, Қостанай облысы – 19 600,1 мың гектарды, Павлодар облысы – 12 464,5 мың гектарды, Солтүстік Қазақстан облысы – 9 799,3 мың гектарды, Ұлытау облысы – 18 893,6 мың гектарды және Астана қаласы – 79,7 мың гектарды құрайды.

Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерде көрсетілген алаңдарды айқындау үшін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес аумақтың жобалық жер балансы орындалды.

3-параграф. Қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру аймағы

9. Қоныстандыру арналарының кіші аймағы

Қала құрылысы құндылығы жоғары кіші аймақтар негізінен Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің жоспарлау орталықтарын байланыстыратын негізгі жоспарлау осьтері бойында шоғырланған. Жобада негізгі және қосымша жоспарлау осьтері айқындалған, олардың басты жоспарлау орталықтары ретінде Астана агломерациясының өзегі – Астана қаласы, сондай-ақ Көкшетау, Өскемен, Семей, Қарағанды, Жезқазған, Қостанай, Павлодар, Петропавл қалалары белгіленген.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің негізгі ендік жоспарлау осі Трансазиялық теміржол магистралінің (ТАТМ) Солтүстік дәлізі, "Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл", "Семей – Өскемен", "Астана – Қостанай – Ресей Федерациясының шекарасы", "Ресей Федерациясының шекарасы – Павлодар, Семей қалалары арқылы Майқапшағай" көлік дәліздері болып табылады.

Бұл аймақтар жобаланатын өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық объектілерін орналастыру үшін қажет.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің облыстары бөлінісінде елді мекендер жерінің ауданы: Абай облысы – 2 317,3 мың гектарды, Ақмола облысы – 1 458,7 мың гектарды, Шығыс Қазақстан облысы – 651,1 мың гектарды, Қарағанды облысы – 3 264,4 мың гектарды, Ұлытау облысы – 862,3 мың гектарды, Қостанай облысы – 1 634,7 мың гектарды, Павлодар облысы – 1 821,3 мың гектарды, Солтүстік Қазақстан облысы – 1 051,1 мың гектарды және Астана қаласы – 79,7 мың гектарды құрайды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі елді мекендерінің жалпы ауданы 13 140,6 мың гектарды құрайды.

Жобалау процесінде қала құрылысы жобаларына талдау жасалды (осы Өңіраралық схемаға 4-қосымша).

Қазақстан Республикасы Орталық өңірінің елді мекендері жерлерінің жобалық ауданы 2030 жылға қарай 13 036,0 мың гектарды құрайды, оның ішінде қалалар мен кенттер – 3 044,4 мың гектарды, ауылдық елді мекендер – 9 991,6 мың гектарды және 2040 жылға қарай қалалар мен кенттер – 3 054,4 мың гектарды, ауылдық елді мекендер – 10 001,6 мың гектарды құрайтын болады.

Қалыптасып жатқан қоныстандыру жүйелерінің урбандалуын ескере отырып, 2050 жылға қарай елді мекендердің жер аумағы 50,0 мың гектарға ұлғайып, 13 076,0 мың гектарды құрайды деп болжануда.

10. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің мұқтажы үшін, ұлттық қауіпсіздікті қорғауға арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер

Осы санаттағы жерлердің құрамына мыналар кіреді:

өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілген өнеркәсіп жерлері, оның ішінде олардың санитариялық-қорғаныш және өзге де аймақтары;

теміржол көлігі жерлері;

автомобиль көлігі жерлері;

теңіз және ішкі су көлігі жерлері;

әуе көлігі жерлері;

құбыр көлігі жерлері;

байланыс және энергетика жерлері;

қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктеріне арналған жерлер.

11. Көлік-коммуникациялық дәліздердің кіші аймағы

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің, қорғаныстың, ұлттық қауіпсіздіктің және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған мұқтаждықтары үшін жер көлемі 726,4 мың гектарды құрайды, бұл ретте 141,3 мың гектар Қарағанды облысының аумағына, Ұлытау облысына – 44,0 мың гектар, Шығыс Қазақстан облысына – 38,8 мың гектар, Абай облысына – 103,7 мың гектар, Қостанай облысына – 103,1 мың гектар, Павлодар облысына – 121,5 мың гектар, Ақмола облысына – 107,2 мың гектар және Солтүстік Қазақстан облысына – 66,8 мың гектар тиесілі.

12. Автомобиль жолдарының аумақтары

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі автомобиль көлігі жерлерінің ауданы 156,7 мың гектарды құрайды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағында автомобиль жолдарының техникалық жай-күйі мен өткізу қабілетін ұлғайту қажеттілігіне байланысты жобада қолданыстағы автомобиль жолдары желісін реконструкциялау (6 898,8 километрді реконструкциялау) ұсынылады.

Автомобиль жолдарын реконструкциялау және жаңа жолдар салу бойынша негізгі жобалық ұсыныстар 3-тараудың 4-параграфында келтірілген.

Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының жобалық жер көлемі "Автомобиль жолдары үшін жер бөлу" 3.03-102-2013 Қазақстан Республикасының ережелер жинағына сәйкес белгіленді.

Аталған аумақтар мемлекеттік және қоғамдық мүдде аймақтарына жатады. Автомобиль көлігі аймақтары шегінде жер учаскелеріне меншік немесе иелік ету құқығының болуы бұл учаскелерді негізгі функционалдық мақсатына немесе шартты түрде рұқсат етілген қызмет түрлерінен өзге мақсатта пайдалануға негіз болып табылмайды.

Жобаға сәйкес республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында құрылыс, реконструкциялау және жобалық-іздістіру жұмыстарын жүргізу: 2030 жылға дейін аралық кезеңге – 2 082,0 километр, 2040 жылға дейін есептік кезеңге – 4 437,5 километр, 2050 жылға дейін болжамдық кезеңге – 1 798,3 километр көзделіп отыр.

13. Теміржол аумақтары

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің жобаланатын аумағының шегінде Трансазиялық теміржол магистралі өтеді.

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің теміржол көлігі жерлерінің ауданы 106,3 мың гектарды құрайды.

Жобада 2030 жылға дейін аралық кезеңге 391,8 километр, 2040 жылға есептік кезеңге 1 456 километр және 2050 жылға болжамды кезеңге 911 километр жаңа теміржол желілерін салу және электрлендіру ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі аумағының 10%-ын қамтитын қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру аймағы барлық түрдегі қала құрылысын игеру үшін, соның ішінде өңірдің қоныстандыру қаңқасын қалыптастыра отырып, өндірістің көптеген түрлерін, шаруашылық қызметті және күрделі құрылысты ұйымдастыру үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

Жаңа автомобиль жолдарын реконструкциялау және салу жөніндегі негізгі жобалық ұсыныстар 3-тараудың 4-параграфында келтірілген.

Теміржол көлігінің қажеттіліктеріне арналған жерлер "Теміржолдар үшін жер бөлу" 3.03-116-2014 Қазақстан Республикасының ережелер жинағына сәйкес белгіленді.

4-параграф. Қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймағы

14. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің кіші аймағы

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінің жалпы ауданы 2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы алқаптарының 68 185,7 мың гектарын (59,4%) құрады. Олардың ішінде егістік жерлердің ең үлкен аумақтары келесі облыстарда тіркелген: Ақмола облысында – 6 121,2 мың гектар, Қостанай облысында – 6 345,7 мың гектар, Солтүстік Қазақстан облысында – 4 987,5 мың гектар, Павлодар облысында – 2 034,1 мың гектар, Қарағанды облысында – 1 347,2 мың гектар, Абай облысында – 812,9 мың гектар, Шығыс Қазақстан облысында – 667,2 мың гектар, Ұлытау облысы – 47,6 мың гектар.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің суармалы жерлерінің ауданы 548,7 мың гектарды, оның ішінде Абай облысында – 113,2 мың гектар, Ақмола облысында – 32,6 мың гектар, Шығыс Қазақстан облысында – 81,8 мың гектар, Қарағанды облысында – 91,9 мың гектар, Ұлытау облысында – 9,5 мың гектар, Қостанай облысында – 29,8 мың гектар, Павлодар облысында – 166,9 мың гектар, Солтүстік Қазақстан облысы – 23,0 мың гектар құрайды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы кең көлемдегі жерлердің шоғырлануы тиісті табиғи-климаттық жағдайлармен және шөлді және шөлейтті жайылымдық алқаптардың кең алқаптарының болуымен шөлейт пен шөлді жайылымдық алқаптардың кең аумақтарымен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріндегі жайылымдық алқаптардың ауданы 42 503,9 мың гектарды құрайды. Оның ішінде Абай облысында – 7 945,9 мың гектар, Ақмола облысында – 4 235,0 мың гектар, Шығыс Қазақстан облысында – 2 397,9 мың гектар, Қарағанды облысында – 9 778,5 мың гектар, Қостанай облысында – 4 345,8 мың гектар, Павлодар облысында – 5 108,3 мың гектар, Солтүстік Қазақстан облысында – 1 954,0 мың гектар, Ұлытау облысы – 6 708,1 мың гектар және Астана қаласында – 0,4 мың гектар.

15. Босалқы жер

Босалқы жерлердің құрылымында ауылшаруашылық жерлері басым, атап айтқанда Абай облысында – 4 776,7 мың гектар, Ақмола облысында – 887,2 мың гектар, Шығыс Қазақстан облысында – 1 766,6 мың гектар, Қарағанды облысында – 5 074,7 мың гектар, Қостанай облысында – 5 007,3 мың гектар, Павлодар облысында – 1 853,7 мың гектар, Солтүстік Қазақстан облысында – 449,4 мың гектар және Ұлытау облысында – 5 684,7 мың гектар.

Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі босалқы жерлердің жалпы ауданы 30 018,3 мың гектарды, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары – 25 500,3 мың гектарды құрайды.

Жер балансының деректері бойынша Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі тыңайған жерлер ауданы 780,3 мың гектарды құрады.

Қазақстан Республикасы Орталық өңірінің аумағын ауыл шаруашылығына пайдалану үшін жерлерді функционалдық аймақтарға бөлу және трансформациялау жөніндегі негізгі жобалық ұсыныстарға тыңайған жерлер алаңдарын егістікке және босалқы жерлерді жайылымға ауыстыру жатады. Қазіргі уақытта босалқы жерлерде орналасқан егістік тыңайған күйде болғандықтан, оны ауыстыру бойынша тиісті іс-шаралар қажет. Ауыстыру ауданы анықталған кезде барлық жер санаттары бойынша тыңайған жер (оның ішінде 1 жылдан аспай пайдаланылмаған егістік жер) таңдалды.

Облыстар бөлінісінде егістікке ауыстыру үшін ұсынылған тыңайған жердің ауданы (барлық жер санаттары бойынша) мыналарды құрайды:

Абай облысы – 15,0 мың гектар (2030 жыл) және 20,0 мың гектар (2040 жыл);

Ақмола облысы – 30,0 мың гектар (2030 жыл) және 35,0 мың гектар (2040 жыл);

Шығыс Қазақстан облысы – 10,0 мың гектар (2030 жыл) және 14,0 мың гектар (2040 жыл);

Қарағанды облысы – 50,0 мың гектар (2030 жыл) және 66,8 мың гектар (2040 жыл);

Қостанай облысы – 35,0 мың гектар (2030 жыл) және 35,0 мың гектар (2040 жыл);

Павлодар облысы – 80,0 мың гектар (2030 жыл) және 94,1 мың гектар (2040 жыл);

Солтүстік Қазақстан облысы – 10,0 мың гектар (2030 жыл) жыл 12,0 мың гектар (2040 жыл);

Ұлытау облысы – 9,0 мың гектар (2030 жыл) және 10,7 мың гектар (2040 жыл).

Болжамды 2050 жылға қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамындағы егістік алқабын 780,3 мың гектарға ұлғайту ұсынылады.

Егістік және табиғи жайылымдар ауданын деградациялық процестерді болдырмау, жасыл желектерді сақтау және көбейту, сондай-ақ жайылымдарда шөпті түбегейлі жақсарту мақсатында бүкіл аумақта бейімделгіш-ландшафтық тәсілді енгізу шартымен өзгеріссіз қалдыру ұсынылады, мұнда тапталған жайылымдарда көпжылдық шөптерді беткей себуді жүргізу қажет.

Мал шаруашылығын дамыту перспективасына байланысты 2030 жылға дейін 17 535,0 мың гектар босалқы жерлердің 4 845,0 мың гектарын, 2040 жылға дейін 6 340,0 мың гектарын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге аудару немесе шалғайдағы жайылым ретінде пайдалану қажет.

Болжамды 2050 жылға қарай пайдаланылмай жатқан 6 350,0 мың гектар жайылымды ауыл шаруашылығы айналымына қосу ұсынылады.

5-параграф. Шаруашылық игеру шектелген және барынша сақталатын табиғи орта аймағы

16. Шаруашылық игеруі шектелген аумақтарды пайдаланудың негізгі қағидаты – оларда өнеркәсіптік немесе ауыл шаруашылығы өндірістерін, табиғи немесе мәдени ландшафтқа айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін табиғи ресурстарды пайдаланудың басқа түрлерін дамытуға және орналастыруға жол бермейтін режимді белгілеу болып табылады.

17. Негізінен рекреациялық мақсатта пайдаланылатын аумақтар ұзақ мерзімді демалыс, санаторий-курорттық қызмет көрсету аймақтарын қамтиды.

Саланың перспективалық дамуы Қазақстан Республикасының туристендіру картасына енген туристік аумақтарды дамыту арқылы жүзеге асырылады, оларға Щучинск-Бурабай, Зеренді, Баянауыл және Имантау-Шалқар курорттық аймақтары, Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауы (республикалық деңгейдегі аумақтар), сондай-ақ Алтай курорттық аймақтары (Алтайдың тау шаңғысы кластері), Қостанай (Алтынсарин ауданының аймағы) және Қарқаралы (өңірлік деңгейдегі аумақтар) курорттық аймақтары жатады. Аталған курорттық аймақтарды дамытудың ұзақ мерзімді перспективасы үшін даму жоспарларын әзірлеу қажет.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің аумағында экологиялық туризмді дамыту мақсатында негізгі назарды туристік маршруттар мен соқпақтарды жайластыруға, туристік инфрақұрылымды (визит-орталықтар, глампингтер, кемпингтер, этно-ауылдар, жеңіл салынатын конструкцияларды қолдана отырып, күрделі құрылыссыз

автотуристерге арналған тұрақтар) дамытуға, туристік маршруттар бойында интернет инфрақұрылымы және санитарлық-гигиеналық тораптармен қамтамасыз етуге бағыттау қажет.

Өңірде 3,5 мыңға жуық өзен мен 12 мыңнан астам көл бар. Өңірдің ең ірі өзендеріне Ертіс, Есіл, Тобыл, Нұра, ірі көлдерге – Балқаш, Зайсан, Алакөл жатады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің рекреациялық және тарихи-мәдени, сондай-ақ сауықтыру мақсатындағы жерлерінің ауданы 938,4 мың гектарды құрайды.

18. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың кіші аймағы

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар) мен олардың аумағында орналасқан қоршаған ортаны қорғау объектілері экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құндылыққа ие және Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі болып табылады.

Биологиялық әртүрлілікті сақтаудағы басты рөлді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрлерінің ішінде мемлекеттік табиғи қорықтар мен мемлекеттік ұлттық табиғи парктер атқарады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі осы санаттағы жерлердің ауданы шамамен 9 012,8 мың гектарды құрайды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың барлық түрлерінің жер көлемі мынадай өңірлерде тіркелген: Абай облысында – 797,7 мың гектар, Шығыс Қазақстан облысында – 1 310,2 мың гектар, Қостанай облысында – 818,9 мың гектар, Ақмола облысында – 1 076,4 мың гектар, Қарағанды облысында – 299,5 мың гектар, Павлодар облысында – 783,4 мың гектар, Солтүстік Қазақстан облысында – 430,1 мың гектар, Ұлытау облысында – 3 496,6 мың гектар және Астана қаласында – 0,04 мың гектар.

Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шамамен алынған жер көлемін 2030 жылға қарай 9 100,0 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда.

19. Орман қоры жерлерінің кіші аймағы

Орман көмкерген, сондай-ақ орман көмкермеген, бірақ орман шаруашылығының мұқтаждары үшін берілген жер учаскелері орман қорының жері деп танылады. Орман қорының жері мемлекеттік және жекеше орман қорларының жерінен тұрады.

Мемлекеттік орман қорына табиғи және қолдан егілген орман көмкерген жерлер, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген жерлер жатады.

Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің орман қоры жерінің ауданы (орман көмкермеген алқаптарды ескере отырып) Ақмола облысында – 1 058,7 мың гектарды, Шығыс Қазақстан облысында – 2 990,5 мың гектарды, Қарағанды облысында – 536,1 мың гектарды, Қостанай облысында – 1 146,9 мың гектарды, Павлодар облысында – 478,7 мың гектарды, Солтүстік Қазақстан облысында – 688,4 мың гектарды, Ұлытау

облысында – 82,3 мың гектарды, Абай облысында – 852,8 мың гектарды құрайды. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің орман қоры жерлерінің жалпы ауданы 7 834,4 мың гектарды құрайды.

Мемлекеттік орман қоры алқаптарының аумағы 2030 жылға қарай 7 900,0 мың гектарға, 2040 жылға қарай 7 950,0 мың гектарға дейін ұлғаяды. Болжам бойынша 2050 жылға қарай – 8 000,0 мың гектарға дейін жетеді.

6-параграф. Шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар

20. Шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтардың құрамына кіретін жерлер, әдетте, алуға жатпайды. Аталған жерлердің шекараларында аймақтарды белгілеу мақсаттарына сәйкес келмейтін қызмет түрлерін шектейтін немесе тыйым салатын арнайы пайдалану режимі енгізілуі мүмкін.

21. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау кіші аймағы

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағы саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарын еске алуға арналған "Алжир" мемориалдық-мұражай кешені, Абылай үйі, Қарасай және Ағынтай батырлар мемориалдық кешені, б.з.д. XII-X ғасырлардағы Беғазы қорымы, кейінгі қола дәуірі – ерте темір ғасырының Айдарлы қорымдарының тобы, қола дәуірінің Айшырақ қорымы, XI-XII ғасырлардың Алаш хан кесенесі, XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Жошы хан кесенесі, IX-XII ғасырлардағы Басқамыр қалашығы, Қозы-Көрпеш-Баян Сұлу мазары (IX-X ғасырлар) және басқаларын қоса алғанда көне мәдениет және тарих объектілеріне бай.

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтары "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеледі.

22. Радиоактивті ластану қаупі бар, тұрақты радиометриялық бақылауды қажет ететін аумақтар.

Өңірлік радиоэкологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі әрбір облыс бойынша радиациялық шиеленіс картасын және радиациялық-гигиеналық паспорттарды жасай отырып, радиациялық факторлардың жиынтығы бойынша аумақты аймақтарға бөлу жүргізілді.

Өңірдегі ұлттық деңгейдегі ең маңызды экологиялық мәселелердің бірі – Семей экологиялық апат аймағы, онда табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуы, флора мен фаунаның тозуы орын алып, экологиялық жағдайдың нашарлығынан халық денсаулығына айтарлықтай зиян келтірілді.

Аталған аймаққа Абай облысының аудандары мен қалалары, сондай-ақ Семей ядролық сынақ полигонында ядролық қаруды сынау салдарынан радиоактивті заттармен ластанған Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының тиісті аудандары кіреді.

Қазіргі уақытта бұрынғы Семей полигонына іргелес аудандарда (халық саны 71,9 мың адам болатын 85 елді мекен онкологиялық аурулар мен өлім-жітім деңгейінің жоғарылауы, қан айналымы жүйесі аурулары, жаңа туған сәбилер арасындағы даму ақаулары және мерзімінен бұрын қартаю белгілері байқалады.

Арал өңірінің экологиялық дағдарыс алдындағы жай-күйі аймағына Ұлытау облысының Ұлытау ауданының аумағы (Жезқазған облысының бұрынғы Жезді ауданының елді мекендерінің шекарасы шегінде) кіреді.

Экологиялық апат аймақтарында экологиялық ахуалды жақсартуды жобалау кезінде мынадай міндеттерді шешу қажет:

экологиялық және демографиялық жағдайдың өзгеру динамикасын, әсіресе аймаққа экологиялық апат аймағы мәртебесін беру өлшемшарттары бойынша анықтау;

экологиялық апат аймағы аумағында жүргізілген іс-шаралардың нәтижелілігін айқындау;

аумаққа экологиялық апат аймағы мәртебесін беруді айқындаған параметрлерді мониторинг жүйесін жетілдіру;

экологиялық апат аймағының аумағында халықтың өмір сүру мәселелерін кешенді шешуге арналған шаралар мен инвестициялық жобаларды әзірлеу.

Экологиялық апат аймақтары аумағындағы экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі барлық жобалар басқа аумақтарға қарағанда басымдыққа ие болуы тиіс.

23. Магистральдық мұнай және газ құбырларының аумақтары

Мұнай және газ өнеркәсібін дамыту үшін басқа көлік түрлерімен салыстырғанда ең мамандандырылған құбыр көлігі маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі шегіндегі қолданыстағы магистральдық мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 2 003,7 километрді, ал магистральдық газ құбырларының жалпы ұзындығы 7 994,1 километрді құрайды.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту және газдандыру мақсатында 2030 және 2040 жылдары "Қызылорда – Теміртау – Қарағанды – Астана" бағыты бойынша аяқталған "Сары – Арқа" магистральдық газ құбыры шеңберінде "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырына қосылу жолымен Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің елді мекендерін газдандыру қарастырылған.

24. Су қоры жерлерінің кіші аймағы

Су қоры жерінің құрамына су айдындары (өзендер және оларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, су көздерінде орналасқан ағынды реттеуге арналған су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жерлер, сондай-ақ аталған су объектілерінің су қорғау белдеулеріне және ауызсумен жабдықтаудың су тарту жүйелерінің санитариялық қорғау аймақтарына бөлінген жерлер кіреді.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі облыстары бөлінісінде су қоры жерінің ауданы 2024 жылдың басына келесіні құрайды: Абай облысында – 82,6 мың гектар, Ақмола облысында – 200,8 мың гектар, Шығыс Қазақстан облысында – 488,5 мың гектар, Қарағанды облысында – 40,3 мың гектар, Қостанай облысында – 67,9 мың гектар, Павлодар облысында – 78,9 мың гектар Солтүстік Қазақстан облысы – 142,4 мың гектар, Ұлытау облысы – 12,4 мың гектар. Қазақстан Республикасы Орталық өңірінің су қоры жерлерінің жалпы ауданы 1 113,8 мың гектарды құрайды.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің алаңдарын нақтылауға байланысты 2030 жылға қарай су қоры жерлерінің жобалық алаңы 1 318,6 мың гектарға дейін, 2040 жылға қарай – 1 568,6 мың гектарға дейін ұлғаяды. Ал 2050 жылға арналған болжам бойынша 1 569,0 мың гектарды құрайтын болады.

Осылайша, әрбір функционалдық аймақта аумақты пайдаланудың өзіндік ерекше режимі белгіленген, оны жобалау жоспарын әзірлеу кезінде де, жобалық ұсыныстарды іске асыру кезінде де қатаң сақтау қажет.

Аумақтың функционалдық аймақтарға бөлінуі мен анықталған қала құрылысы регламенттері Қазақстан Республикасының Орталық өңірін аумақтық дамытудың жобалық ұсыныстарының негізіне алынды.

25. Жер қорының динамикасы

2024 жылдың басындағы жер балансының деректері бойынша Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің жер-ресурстық әлеуеті басқа мемлекеттер жалға алған жерлерді есепке алғанда 127 688,6 мың гектарды құрайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі 2023 жылдың басымен салыстырғанда 1,3 миллион гектарға ұлғайып, 2024 жылдың басына 68 185,7 мың гектарды құрады.

Бұдан басқа, жалпы ауданы 780,3 мың гектар тыңайған жерлер мен 17 535,0 мың гектардан астам босалқы жерлер мен арнайы жер қоры бар шалғайдағы мал шаруашылығы үшін бұрын айналымнан шығарылған егістік жерлер мен жайылымдарды егістікке тартуға болады, оның ішінде:

2030 жылға қарай – 224,0 мың гектар, 2040 жылға қарай – 255,8 мың гектар тыңайған жерлерді егістікке ауыстыру;

2030 жылға қарай – 4 845,0 мың гектар және 2040 жылға қарай – 6 340,0 мың гектар босалқы жер санатынан жайылымдарға ауыстыруға болады.

Осылайша, перспективада ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ауданын ұлғайту 2030 жылға қарай – 72 728,0 мың гектарға, 2040 жылға қарай 79 323,8 мың гектарға жетеді.

Сонымен қатар, бекітілген бас жоспарларды, сондай-ақ тұрғын үй құрылысының даму қарқынын ескере отырып, елді мекендердің жерлерін 2030 жылға қарай 13 036,0 мың гектарға дейін және 2040 жылға қарай 13 056,0 мың гектарға дейін ұлғайту көзделеді.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аудандарын нақтылауға байланысты су қоры жерлерінің ауданын біршама ұлғайту күтіліп отыр. Аумақты функционалдық мақсаты бойынша игерудің техникалық-экономикалық көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 3-қосымшада, аумақты функционалдық және жоспарлы ұйымдастыру схемасы осы Өңіраралық схемаға 5-қосымшада ұсынылған.

3-тарау. Өңірлік және өңіраралық маңызы бар өндіргіш күштерді, көліктік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды қоныстандыру және орналастыру жүйесін кешенді дамыту жөніндегі шаралар

1-параграф. Халықты қоныстандыру жүйесін жетілдіру шаралары

26. Қазақстан Республикасының Орталық өңірі республиканың жартысына жуығын (47 %) алып жатыр, онда ел халқының 35,1%-ы тұрады. 2024 жылдың басында өңірде 7 023,7 мың адам тұрды, оның ішінде қала тұрғындары 5 144,5 мың адамды (73,2%), ауыл тұрғындары 1 879,2 мың адамды (26,8%) құрады. Өңірде урбандалудың ең жоғары көрсеткіші Қарағанды облысында (81,6%) және Ұлытау облысында (79,2%) байқалады.

Өңір халық тығыздығының төмендігімен сипатталады. Өңірдің халық тығыздығы 1 шаршы километрге 5,5 адамды, ал республикалық орташа көрсеткіш 1 шаршы километрге 7,4 адамды құрайды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің демографиялық жағдайы халық санының төмен өсуімен сипатталады. Астана қаласын қоспағанда, орталық өңірге халықтың табиғи өсімінің төмен деңгейі, өмір сүру ұзақтығының төмендігі және халықтың көші-қон шығынының жоғарылығы тән.

Соңғы бес жылда (2020–2024 жылдары) Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің халық саны небәрі 3,5%-ға (234,8 мың адамға) ғана артты, ал еліміз бойынша орташа көрсеткіш – 7,5%-ды құрады. Өңірлер бөлінісінде халық санының өсуі тек Ақмола облысы мен Астана қаласында байқалды. Өңірдің қалған облыстарында халық саны орта есеппен 2,0%-ға (110,4 мың адамға) азайды.

Халық санының өсуі табиғи өсім есебінен орын алды. Өңірдегі табиғи өсім коэффициенті 1 000 тұрғынға шаққанда 6,44 адамды құрады, бұл ретте Ең жоғары көрсеткіш Астана қаласында – 17,25 адам, ал ең төменгісі Солтүстік Қазақстан облысында тіркелді – бұл өңірде табиғи кему 1 000 тұрғынға шаққанда -0,67 адамды құрады.

Соңғы 5 жылда өңірдегі көші-қонның жиынтық теріс сальдо 29,5 мың адамды құрады. Халықтың ең көп кетуі Қарағанды және Абай облыстарында байқалды.

27. Талданып отырған кезеңде Қазақстан Республикасы Орталық өңірінің әкімшілік-аумақтық құрылымында облыстар саны 2 бірлікке, аудандар саны 6 бірлікке, қалалар саны 1 бірлікке артты, ал ауылдық елді мекендер саны, керісінше, 44 бірлікке (

1,4%) қысқарды. Аталған кезеңдегі ең үлкен қысқару Қостанай облысында байқалды, онда ауылдар саны 28 бірлікке азайды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағындағы экономикалық өсім орталықтары:

Астана және Қарағанды қалаларында орталықтары орналасқан агломерациялар;
облыс орталықтары – Өскемен, Көкшетау, Қостанай, Петропавл, Павлодар, Жезқазған және Семей қалалары;

моноқалалар – Степногорск, Балқаш, Теміртау, Сәтпаев, Шахтинск, Қаражал, Абай, Екібастұз, Ақсу, Риддер, Алтай, Курчатов, Жітіқара, Лисаковск, Рудный;

шағын қалалар – Ақкөл, Щучинск, Степняк, Макинск, Атбасар, Державинск, Есіл, Ерейментау, Қосшы, Аягөз, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Приозерск, Қарқаралы, Тобыл, Тайынша, Булаев, Сергеев, Мамлют, Саран, Серебрянск, Арқалық және 554 тірек ауылдық елді мекен мен 88 стратегиялық елді мекен.

Көптеген моноқалаларда қала құраушы кәсіпорындардың өндірісі тоқтап немесе қысқаруына байланысты бұрынғы өнеркәсіптік және өнеркәсіптік емес функциялары жойылған.

Моноқалалардан халықтың көшіп кетуінің негізгі себептері – жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, өзін-өзі жұмыспен қамту және халықтың ақшалай табысының төмендігі болып табылады.

28. Қазақстан Республикасының Орталық өңіріне халық құрылымында балалардың (0-15 жас) үлесінің төмендігі тән (ел бойынша орташа көрсеткіш – 31,0% болса, өңірде – 25,7%). Алайда, өңірде халықтың қартаю үдерісі жедел қарқынмен жүріп жатыр (еңбекке қабілетті жастан асқан халық үлесі – 15,1%, ел бойынша орташа – 11,8%), ал еңбекке қабілетті халықтың үлесі – 59,2% (ел бойынша орташа – 57,2%). Халықтың қартаюының ең жоғары көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан (19,4%), Шығыс Қазақстан (19,9%) және Қостанай (17,5%) облыстарында байқалады, ал еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың салыстырмалы түрде төмен үлесі Астана қаласына (8,5%) тән.

29. Перспективалық демографиялық жағдай халықтың табиғи өсімі мен санының артуы бойынша оң үрдіспен сипатталады. Қазақстан Республикасының орталық өңірі халқының саны аралық (2030 жыл) кезеңге 4,8%-ға ұлғаяды және 7 361,6 мың адамды құрайды, есептік (2040 жыл) кезеңге 10,9%-ға ұлғаяды және 7 788,2 мың адамды және болжамды (2050 жыл) кезеңге 18,1%-ға ұлғаяды және 8 294,4 мың адамды құрайды.

2050 жылдың басындағы өңір бойынша урбанизация деңгейі 79,8%-ды құрайды. 2050 жылға қарай қала халқының саны 28,7%-ға артып, 6 619,3 мың адамға жетеді, ал ауыл халқының саны 10,9%-ға төмендеп, 1 675,1 мың адамды құрайды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі халқының жас құрылымында перспективада еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың (жас тобы 63 (61) және одан жоғары) үлесінің 2024 жылдың басындағы 15,1%-дан 2050 жылға қарай 17,3%-ға дейін артуы күтіледі. Еңбекке қабілетті жастағы халықтың (жас тобы 16-62 (60) жас) үлесі

59,2%-дан 57,1%-ға дейін төмендейді деп болжануда. Балалар (жас тобы 0-15 жас) үлесі 25,6%-ды құрайды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктер бөлінісінде болжамдық кезеңде халық санының өсуі Ақмола, Абай, Павлодар, Ұлытау облыстарында және Астана қаласында күтіледі. Ең үлкен өсім елорданың – Астана қаласының үлесінде болады (2 есеге арту), ал Ақмола облысында – 8,8%-ға өсу болжанады. Қалған облыстарда (Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан) халық санының азаюы күтіледі, бұл жағдай халықтың көші-қон ағынының жалғасуына және халықтың табиғи өсімінің төмендеуіне байланысты.

30. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің халқын қоныстандыру саласындағы негізгі проблемалар:

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі облыстарында халықтың табиғи өсімінің төмендігі;

Ауылдық аудандардан халықтың қоныс аударуы, өңіраралық және өңірішілік көші-қонның реттелмеуі;

Ірі және үлкен қалалардың артық қоныстануы және оларға іргелес жатқан елді мекендердің жүйесіз өсуі;

Халық санының өсуіне байланысты ірі қалаларда, соның ішінде агломерациялық орталықтарда инженерлік, әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының артта қалуы және сәйкес келмеуі;

Қалалардағы экологиялық жағдайдың нашарлауы, халықтың тығыз қоныстануына байланысты аурушандықтың артуы.

31. Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі қоныстандыру жүйесінің негізгі міндеті – ірі және үлкен қалалардың, соның ішінде көші - қон ағынын төмендету есебінен агломерация орталығының аумақтық өсуін шектеу, реттелмейтін өңіраралық және өңірішілік көші-қон ағындарын азайтуға ықпал ететін моно-және шағын қалаларды, тірек ауылдық елді мекендерді перспективалық дамыту болып табылады.

32. Өңір аумағында қоныстандырудың тірек қаңқасының өңіраралық орталықтары ретінде Астана және Қарағанды қалалары – тиісінше Астаналық және Қарағандылық агломерациялардың орталықтары айқындалған. Қоныстандырудың тірек қаңқасының өңірлік орталықтары рөлін Жезқазған, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Семей және Өскемен қалалары атқарады. Аталған қалалар – халықаралық, жалпыұлттық, өңіраралық және өңірлік маңызы бар орталықтар мен тораптар бола отырып, оларды байланыстыратын көлік жүйелерімен бірге ел халқының біртұтас қоныстандыру жүйесінің тірек кеңістіктік қаңқасын қалыптастырады.

Астана агломерациясының халықты қоныстандыру жүйесін жетілдіру көші-қон ағындарын қысқарту және іргелес елді мекендердің субурбанизациялық процестерді дамыту есебінен агломерацияның өзегіндегі халықтың шоғырлануының біртіндеп төмендеуінен көрінеді. Сондай-ақ, Қарағанды қаласы мен Щучинск-Бурабай курорттық

аймағының жақындығы мен даму перспективаларын ескере отырып, экономикалық тығыздықты ұйымдастыру үшін желілік өсу аймағын құру қажет.

Моно және шағын қалалардың, сондай-ақ аудан орталықтарының маңында жергілікті қоныстандыру жүйелері қалыптасады.

Шағын және моноқалалардың проблемаларын шешу жөніндегі негізгі іс-шаралар:

Объективті экономикалық алғышарттар болған жағдайда, қала құраушы кәсіпорындардың қызметін қалпына келтіру немесе ішінара жандандыру;

өңірдің шағын және моноқалаларында қонысаралық маңызы бар әлеуметтік маңызы бар ұйымдар мен қызмет көрсету саласының мекемелерін, мысалы, колледждер, кәсіптік лицейлер, мамандандырылған медициналық орталықтарды орналастыру, бұл, бір жағынан, осы қалалар мен олардың ықпал ету аймағындағы ауылдық елді мекендердегі халыққа қызмет көрсету деңгейін арттырады, ал екінші жағынан, жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жергілікті халық арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Көші-қон ағынын азайту және ауыл халқының санын арттыру мақсатында экономикалық қызметті дамыту, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, өткізу нарықтары мен елді мекендерге көлік қолжетімділігін кеңейту, мемлекеттік және коммерциялық қызметтерді көрсету орталықтарын құру және дамыту, халықты жұмыспен қамту үшін жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша шараларды іске асыру ұсынылады.

Ауылдық елді мекендер жүйесін дамыту олардың жоғары және орта даму әлеуеті бар елді мекендерді, соның ішінде тірек ауылдық елді мекендерді дамытуымен байланысты болады.

33. Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Еңбек тапшылығы бар өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлік теңсіздіктер мен демографиялық теңгерімсіздіктерді жою мақсатында ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады.

Ерікті қоныс аудару келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

өңіраралық қоныс аудару – жұмысқа орналасуға және/немесе кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі міндетті шартпен еңбек күші артық облыстардан еңбек тапшылығы бар облыстарға;

облысшілік қоныс аудару – экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан және/немесе жұмыс берушілер есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыру мүмкіндігі болған кезде экономикалық өсу нүктелеріне.

Мемлекет тарапынан халықты экономикалық тұрғыдан негізделген, оңтайлы қоныстандыру, ел дамуының өңірлік және демографиялық теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында ішкі көші-қонды тиімді басқару жүйесін құру бойынша шаралар

қабылдануда. Ішкі көші-қон қозғалыстарының маңызды бағыттарының бірі мемлекеттің қолдауымен жұмыс күші мол өңірлерден азаматтарды еңбек ресурстарына қажеттілігі жоғары өңірлерге ерікті түрде көшіру, сондай-ақ экономикалық әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға қоныс аударуды ұйымдастыру болып қалып отыр.

"Қазақстан Республикасының 2023-2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы №961 қаулыларына сәйкес көші-қон саясатын іске асыру Қазақстан өңірлері арасындағы демографиялық теңгерімсіздіктерді жою тетіктерінің тиімділігін арттыруды, оның ішінде экономикалық ұтқырлық сертификатын енгізуді көздейді – қоныстандыру өңірлеріне қоныс аударған тұлғалар үшін тұрғын үй құнының 50% өтеу үшін ақшалай төлем, экономиканың басым секторларын және қосымша жұмыс күшін тартуды талап ететін өндіріс түрлерін дамыту, қоныстандыру өңірлерінде бейімделу және интеграция орталықтарын құру, білім беру гранттарын беру, оқиғаларды дамытудың болжамды сценарийлерін әзірлеу үшін, жұмысты ұйымдастыру, үйлестіру үшін өңірлік еңбек ұтқырлығы орталықтарын құру және жергілікті жерлерде көші-қон іс-шараларын іске асыруды қамтамасыз ету.

Ауылдық қоныстандыру жүйесін жетілдіру ауылдық аумақтардың өндірістік, әлеуметтік және экологиялық функцияларын кеңейту, ауыл халқының өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін жағдайлар жасаудан тұрады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі өңірлік саясатты жетілдіру мәселесі жөніндегі Жолдауында атап өтілгендей, "адамдар инфрақұрылымға" қағидатын сақтау түбегейлі маңызды болып табылады. Перспективалы ауылдарды дамытуға баса назар аударылады.

34. "Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29 , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР ДСМ-50, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 243, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 113 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 56/НҚ бірлескен бұйрығына сәйкес ауылдық елді мекендер үшін мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік, елді мекендердің көлік, мәдени-демалыс, спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу көрсеткіштері айқындалды, оның ішінде:

ауылдық округтердің орталықтары үшін көрсеткіштер бойынша: жақын маңдағы ауылдардан балаларды тасымалдайтын жалпы білім беретін мектеп, мектепке дейінгі ұйым, амбулаториялық-емханалық және жедел медициналық көмек көрсететін

денсаулық сақтау ұйымдары, мәдени-демалыс кешені, спорт алаңдары, аудан орталығына дейінгі қатты төсемді жол, электрмен жабдықтау, орталықтандырылған сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, байланыс қызметтерінің қолжетімділігі, өндірістік инфрақұрылым объектілері, пошта бөлімшесі, дәріханалар, дүкендер, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы мамандарының баруы, әкімдік ғимаратындағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы, автостанция немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункті;

қалған ауылдық елді мекендер үшін көрсеткіштер бойынша: бастауыш мектеп немесе негізгі орта мектеп және (немесе) білім алушыларды таяудағы мектепке дейін және кері қарай тегін жеткізу, мектепке дейінгі ұйым, амбулаториялық-емханалық медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері, дәріханалар, электрмен жабдықтау, орталықтандырылған сумен жабдықтау, байланыс қызметтерінің қолжетімділігі, ауылдық округтің орталығына дейінгі қатты төсемі бар жол, автостанция немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункті.

Қойылған міндеттерді іске асыру ауыл және өмір сүру сапасын арттыруға және қала қала тұрғындарымен алшақтықты қысқартуға, демек, ауыл шаруашылығы өндірісіне жас, жоғары білікті кадрларды тартуға, халықтың көші-қон ағынын азайтуға мүмкіндік береді.

2-параграф. Өндіргіш күштерді кешенді орналастыру шаралары

35. Қазақстан Республикасының Орталық өңірі аумағының шекаралық маңыздылығын ескере отырып, өңірді одан әрі дамытудың негізгі алғышарттары Ресей Федерациясының іргелес облыстарымен белсенді сауда-экономикалық байланыстар, республиканың құнарлы егіс алқаптарының негізгі массивтерінің болуы, ішкі қажеттіліктер мен экспортқа арналған бидайдың бағалы сорттарының астығын өндіру мүмкіндігі, көлік коммуникацияларының дамыған жүйесі, бай шикізат базасының болуы болып табылады.

Өңір аумағында өндіргіш күштерді орналастыруды перспективалық дамыту Six Sigma, Kaizen, Kanban және 5S ұқыпты өндіріс элементтерін енгізе отырып, белсенді индустрияландыруға баса назар аудара отырып жүзеге асыру ұсынылады.

Жалпы өңірлік өнімнің өсуі дәстүрлі салаларды, индустриялық аймақтарды, арнайы экономикалық аймақтарды дамытуды қарқындату, инновациялық инвестициялық жобаларды іске асыру және кластерлер құру негізінде өңірдің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануын дамытуға негізделген.

Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының Орталық өңірі шеңберінде облыстарды бірлесіп дамыту экономиканың өсуіне, оның ішінде: жалпы

өңірлік өнімнің – 5,1 есе, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің – 8,0 есе, өнеркәсіптік өндіріс көлемінің – 4,9 есе өсуіне ықпал етеді деп болжанады (осы Өңіраралық схемаға 3, 6, 7 қосымшалар).

36. Экономика салаларын перспективалық дамыту

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануын дамыту тамақ өнімдері мен ауыл шаруашылығы өндірісін, тау-кен-металлургия кешенін, химия және фармацевтика өнеркәсібінің, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруді, жеңіл өнеркәсіпті, машина жасауды, құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытуды қарқындату негізінде болжанады.

37. Азық-түлік өнімдерін өндіру

Азық түлік өнімдерін өндіруді және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту Қазақстан Республикасының Орталық өңірін дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Келешекте саланы дамытудың негізгі бағыттары өнім ассортиментін кеңейту, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық жаңғырту, жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті жабдықтармен жарақтандыру және өндірістік процесті цифрландыру, агроөнеркәсіптік кластерлер құру болады.

Саланы дамыту жөніндегі жобалық ұсыныстар:

Ақмола облысы

2030 жылға дейін:

Целиноград ауданында құс етін терең өңдеу цехын салу (екінші кезек);

Атбасар ауданында ет өнімдерін терең өңдеу цехын салу;

Көкшетау қаласында май экстракция зауытын салу;

Шортанды ауданында құс етін өндіру және өңдеу;

Жақсы ауданында ұн тарту кластерін құру;

Зеренді ауданында сүт кластерін құру;

Ерейментау ауданында ет кластерін құру;

Ақкөл ауданында жеміс-көкөніс кластерін құру;

балықты, шаян тәрізділер мен моллюскаларды өңдеу және консервілеу жаңа өндірістер (бекіре уылдырығы, құс еті, форель және бекіре өнімдері, шошқа еті және басқалар) құру есебінен өңірдің экспорттық номенклатурасын кеңейту;

агроөнеркәсіптік кластерлерді құру және тиімді дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу;

жаңа экспортқа бағдарланған тауарлар өндірісін игеру, өнімді сыртқы нарықтарға экспорттық жеткізу географиясын кеңейту мақсатында даму институттарымен (Қазақстанның Даму Банкі, "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы, Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы, Қазақстанның сыртқы сауда палатасы) өзара іс-қимыл жасау арқылы кәсіпорындарға қолдау шараларын көрсету;

ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру;

жергілікті азық-түлік тауарларын өткізуді кеңейту үшін жағдайлар жасау;

кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру;

2040 жылға дейін:

сала кәсіпорындарында цифрландыру мен автоматтандыруды енгізу;

саладағы еңбек өнімділігін арттыру;

импортты алмастыруды дамыту және отандық өндірістің негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуін арттыру;

өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпорындарды техникалық және технологиялық жаңғырту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

ет өнімдерін, сүтті, ұнды және басқаларын өндіру бойынша өндірістік қуаттарды жүктеу (Көкшетау, Степногорск, Щучинск қалаларында, Зеренді, Атбасар, Целиноград аудандарында және өзге де аудандарда);

орта және жоғары кәсіптік білім беру кадрларын кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру (технологтар, жабдық операторлары, өнім сапасы жөніндегі мамандар және басқалар);

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қайта өңдеу салаларының кәсіпорындарымен кооперация процестерін қолдау, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруді, қайта өңдеуді, сондай-ақ дайын өнімді өткізуді шоғырландыратын тігінен интеграцияланған компанияларды құруды ынталандыру;

2050 жылға дейін:

Көкшетау, Степногорск, Щучинск, Атбасар қалаларында жаңа жоғары технологиялық өндірістер құру және өндірілетін өнім ассортиментін кеңейту;

Көкшетау, Степногорск, Щучинск, Атбасар қалаларында спорттық тамақтану, балалар тамағы, жүкті және бала емізетін аналарға арналған тамақ, емдік тамақ өнімдері және басқа да мамандандырылған тамақ өнімдерінің өндірісін игеру;

астықты терең өңдеуді дамыту, атап айтқанда, астықтан глютен, лизин, лимон қышқылы және глюкоза сироптарын өндіру үшін өндірістік қуаттарды құру;

астықтан және өсімдік шаруашылығының басқа да өнімдерінен биоотын-этилен өндірісін құру;

өндірісті әртараптандыру және ұлттық және халықаралық деңгейде тамақ өнімдерін өндіру саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

Шығыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

Ұлан ауданында ет өндіру бойынша шошқа өсіру кешенін құру;

Өскемен қаласында азық-түлік (еттен жасалған жартылай фабрикаттар) өндіретін көпфункционалды кешен құрылысы (II кезең);

Өскемен қаласында майлы дақылдарды сақтауға арналған элеватор салу;

Өскемен қаласында сүт зауытын салу;

Алтай қаласында дәнді дақылдарды қайта өңдеу;

сойылған мал шоғырланған жерлерде қазіргі заманғы ет өңдеу комбинаттарын салу;

Өскемен қаласында сүт кластерін құру;

негізгі өндірістік қорларды жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру есебінен облыста бәсекеге қабілетті машина жасау кешенін қалыптастыру;

2) жоғары технологиялық машина жасау өндірістерін құруды ынталандыру;

3) өндірістік және инновациялық инфрақұрылымды дамыту (тәжірибелік-конструкторлық бюроларды, ғылыми-зерттеу институттарын, тәжірибелік-зерттеу орталықтарын және басқаларын дамыту);

4) медициналық жабдықтардың, ауыл шаруашылығы машиналарының жетекші халықаралық өндірушілерін тарту;

5) кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру.

Шығыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) 35-220 киловольт импортты алмастыратын коммутациялық аппаратураны сериялық өндіріске енгізу, Өскемен қаласында өз өндірісінің реклоузерлерін және 35 киловольт тарату құрылғыларының желісін әзірлеу;

2) Өскемен қаласында импортты алмастыратын өнімнің жаңа түрлерін игеру;

3) Өскемен қаласында мыс шинасы мен электротехникалық өнім өндіретін зауыт салу;

4) Өскемен қаласында металл өңдеудің автоматтандырылған желілері бар зауыт салу;

5) дайындық деңгейі жоғары жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өнім түрлерін шығаруға, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда шығарылатын өнімнің сапасын арттыруға және ассортиментін кеңейтуге бағдарлана отырып, облыстың жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын жаңғырту;

2040 жылға дейін:

1) жетекші халықаралық өндірушілерді тарту және олардың өндірістерін оқшаулау;

2) технологиялық процестерді дамыту;

3) сыртқы нарықтарға шығу кезінде автокомпоненттердің өңірлік өндірушілерін қолдау;

4) электротехникалық жабдықтар өндірісін одан әрі дамыту және экспортты ілгерілету;

5) электромобильдерге арналған зарядтау станцияларын шығаруды игеру;

6) облыстың машина жасау кәсіпорындарының өнім желісін кеңейту;

7) қайта бейіндеу, біліктілікті арттыру және дуальды білім беру жүйелерін дамыту;

8) машина жасау кәсіпорындарында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау және жаңа технологияларды енгізу;
2050 жылға дейін:

1) автомобильдердің жаңа модельдерін шығару;

2) электромобильдер шығарылымын игеру;

3) электрондық компоненттер мен компьютерлік жабдықтарды құруды ынталандыру;

4) литий-ионды аккумуляторлар мен электромобильдерге арналған компоненттерді шығаруды игеру;

5) инновациялық инфрақұрылымды дамыту.

Абай облысы

2030 жылға дейін:

1) Семей қаласында өндіріс көлемін ұлғайту және импортты алмастыратын өнім шығару мақсатында жобаларына жеңілдікпен микрокредит беру тетігін пайдалану;

2) Семей қаласында шығарылатын номенклатураны кеңейту мақсатында өндірістік қуаттарды жаңғырту және жаңарту;

3) Қытай Халық Республикасы, Корея Республикасы және өзге де елдердің шетелдік әріптестерімен жаңа келісімшарттар жасасу арқылы Семей қаласында автомобильдердің өнім желісінің үлгілерін кеңейту;

4) облыстың машина жасау өнімдерін халықаралық нарықтарға, оның ішінде Ресей Федерациясының көрші өңірлеріне жеткізуді жолға қоюға жәрдемдесу;

5) технологиялық процестерді дамыту;

6) қазіргі заманғы өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

7) қайта бейіндеу, біліктілікті арттыру және қосарлы білім беру жүйелерін дамыту;

2040 жылға дейін:

1) жетекші халықаралық өндірушілерді тарту және олардың өндірістерін оқшаулау;

2) технологиялық процестерді дамыту;

3) сыртқы нарықтарға шығу кезінде автокомпоненттердің өңірлік өндірушілерін қолдау;

4) электротехникалық жабдықтар өндірісін одан әрі дамыту және экспортты ілгерілету;

5) машина жасау кәсіпорындарында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау және жаңа технологияларды енгізу;

6) электр автобустары өндірісін игеру;

- 7) электрондық компоненттер мен компьютерлік жабдық өндірісі саласын дамыту;
- 8) инжинирингтік орталықты дамыту;
- 9) кадрларды даярлау жүйесін өңірдің машина жасау саласының қажеттіліктерімен үйлестіру;

2050 жылға дейін:

- 1) автобустар мен тракторлардың жаңа үлгілерін шығару;
- 2) литий-ионды аккумуляторлар мен электромобильдерге арналған компоненттерді шығаруды игеру;
- 3) инновациялық инфрақұрылымды дамыту.

Қарағанды облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Қарағанды қаласында кабель өнімдерінің өндірісін кеңейту;
- 2) Саран қаласында HOWO шағын түйінді құрастыру жүк автомобильдерін өндіру;
- 3) Қарағанды қаласында күштік кабельдерді өндіру жөніндегі жобаны іске асыру;
- 4) Қарағанды қаласында созба сым және сымдар өндірісі;
- 5) "Сарыарқа" арнайы экономикалық аумағында теміржол көлігіне қосалқы бөлшектер (доңғалақ жұптары) өндіру;

2040 жылға дейін:

- 1) Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларын қоса алғанда, Қарағанды қаласында орталығы бар машина жасау кластерін құру;
- 2) жергілікті шикізат (бөлшектер мен тораптар) базасында электротехникалық жабдыққа арналған бөлшектер өндірісін дамыту;
- 3) көлік машина жасау үшін бөлшектер өндірісін игеру;
- 4) теміржол машина жасау үшін бөлшектерді шығару жөніндегі өндірістерді дамыту үшін инвесторларды тарту;
- 5) жергілікті шикізаттың болуын ескере отырып, рельсті арқалық өндірісін ұйымдастыруда әлеует бар;
- 6) кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту;

2050 жылға дейін:

- 1) шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту;
- 2) салада жаңа бәсекеге қабілетті және инновациялық өндірістерді қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;
- 3) облыстың машина жасау өнімінің экспортын ілгерілету.

Қостанай облысы

Қостанай облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Қостанай қаласында жүк автомобильдерінің жетекші көпірлерінің бас таратқыш редукторларын шығаратын зауыт салу;

2) Қостанай қаласында коммуналдық техниканың шанақтарын, қондырмаларын өндіру жөніндегі зауыт салу;

3) Қостанай қаласындағы бизнес-инкубатор базасында автокомпоненттердің ауыл шаруашылығы техникасын өндіру жөніндегі локализациялық орталық;

4) Қостанай қаласында "Беларусь" маркалы тракторларға арналған кабиналар шығаратын зауытты іске қосу;

5) жаңа өткізу нарықтарын іздеу, сондай-ақ жаңа өндірістер құру есебінен экспорттық өнімдер тізбесін кеңейту;

6) Қостанай қаласында Chevrolet Onix автомобильдерін шағын тораптық әдіспен өндіру;

7) Қостанай қаласында шағын торапты құрастыру цехын жаңғырту;

8) Қостанай қаласында "LOVOL" тракторларын құрастыруды ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы техникасына қызмет көрсету жөніндегі сервистік орталық пен логистикалық терминал салу;

9) Қостанай қаласында жетекші көпірлер арқалығының өндірісін тереңдетіп оқшаулау;

10) Қостанай қаласында шанақ бөлшектерін (жеңіл, жүк автомобильдері, автобустар) штамптау өндірісі;

11) Қостанай қаласында катафорезді тегістеуді қолдана отырып, бояу цехтарын кеңейту;

12) Қостанай қаласында шыны өндірісін құру;

13) Қостанай қаласында пластик бояу цехын салу;

14) Қостанай қаласында дизель-генераторлар мен пластикалық бөлшектер өндірісін құру;

15) Қостанай қаласында порталдық көпірлер өндірісін құру;

2040 жылға дейін:

1) "Қостанай" индустриялық аймағының аумағында машина жасау кластерін құру;

2) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамытуды және машина жасау кәсіпорындарында жаңа технологияларды енгізуді қолдау;

3) саланың қажеттіліктерімен кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін дамыту;

4) автокомпоненттер өндіру жөніндегі кәсіпорындардың пайда болуына жәрдемдесу ;

2050 жылға дейін:

1) электромобильдер өндірісін дамыту;

2) инновациялық инфрақұрылымды дамыту.

Павлодар облысы

2030 жылға дейін:

1) Екібастұз қаласында теміржол клеммалары мен бұрандалар өндірісін құру;

2) Павлодар қаласында қазандық жабдықтарын өндірісін құру;

3) Павлодар қаласындағы алюминий дискілерді сырлау зауыт салу;

4) Екібастұз қаласында ұсталық-бандаж кешенін салу;

5) Павлодар қаласында алюминий дискілерін өндірісін құру;

6) Павлодар қаласында тартып-үрлеу машиналар және энергетикалық ілмекті аппаратурасын өндіретін зауыт салу;

7) Екібастұз қаласында теміржолға арналған дөңгелектер өндіру кешенінің қуатын ұлғайту;

8) Павлодар қаласында ірі және орта құю өндірісін ұйымдастыру;

9) Екібастұз қаласында бағыттамалық бұрмалар үшін пластикалық элементтер өндіру жөніндегі учаске құру;

2040 жылға дейін:

1) жаңа өндірістер құру үшін инвестициялар тарту;

2) саланың кадрлық әлеуетін дамытуға жәрдемдесу;

3) басым инвестициялық жобаларды іске асыруды қолдау;

2050 жылға дейін:

1) облыстың машина жасау өнімінің экспортын қолдау;

2) өңірлік инновациялық инфрақұрылымды құру;

3) жаңа перспективалы тауашаларды игеру;

4) инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыру.

Солтүстік Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) Петропавл қаласында электр техникалық жабдықтар мен жиынтықтауыштар өндірісін құру;

2) Петропавлда жолаушылар вагондары өндірісінде ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру өндірісін ұйымдастыру;

3) Машина жасау өнімін өндіру, оның ішінде Петропавлда жолаушылар вагондарын өндіруге "REIMANN" тіркеме, аспалы ауыл шаруашылығы техникасы мен жиынтықтауыштарын өндірісін құру;

2040 жылға дейін:

1) кадрлық әлеуетті арттыру, жоғары білім беру ұйымдары мен облыс кәсіпорындарының ғылыми-техникалық орталықтар, конструкторлық-технологиялық бюролар құру жөніндегі ынтымақтастығын нығайту;

2) мұнай-газ, ауыл шаруашылығы, көлік және электротехникалық машина жасауды одан әрі дамыту;

3) экспортқа бағдарланған өнім үлесін ұлғайту жөніндегі шараларды іске асыру;

4) кәсіпорындарды инновациялық өнімді құруға және енгізуге ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) негізгі өндірістік қорларды жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру есебінен облыста бәсекеге қабілетті машина жасау кешенін қалыптастыру;

2) жоғары технологиялық машина жасау өндірістерін құруды ынталандыру;

3) өндірістік және инновациялық инфрақұрылымды дамыту (тәжірибелік-конструкторлық бюроларды, ғылыми-зерттеу институттарын, тәжірибелік-зерттеу орталықтарын және басқаларын дамыту);

4) ішкі және сыртқы нарықтарда сала өнімін ілгерілету.

Астана қаласы

2030 жылға дейін:

1) толық циклді автомобиль зауыты және автомобильдерге арналған өндірістік компоненттердің логистикалық орталығының құрылысы;

2) әртүрлі қуаттылықтағы электр қозғалтқыштарын шығаратын зауыт салу;

3) жарықдиодты өнімді өндіру және құрастыру бойынша жұмыс істеп тұрған зауытты жаңғырту;

4) ауыл шаруашылығы техникасының сервистік орталығын салу;

5) жаңа өндірістер құру есебінен өңірдің экспорттық номенклатурасын кеңейту;

2040 жылға дейін:

1) шағын ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) кәсіпорындардың негізгі қорларын жаңғыртуға, жаңа технологияларды, азық-түлік және процестік инновацияларды енгізуге инвестициялар тарту;

3) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау және инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыру;

4) сала кәсіпорындарының зерттеу орталықтарымен кооперациялық байланыстарын күшейту;

5) кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлаудың тиімді жүйесін құру және енгізу;

2050 жылға дейін:

1) сыртқы нарықтарда сала өнімін ілгерілетуге жәрдемдесу;

2) инновациялық инфрақұрылым кешенін қалыптастыру.

43. Құрылыс материалдары өнеркәсібі

Қазақстан Республикасының орталық өңірінде карбонатты және сазды шикізат, бентонит, керамзит, кірпіш саз, құрылыс тасы және басқа да кен орындары шоғырланған.

Саланың перспективалық дамуын кең таралған пайдалы қазбалардың бай кен орындарын айналымға тарту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру, сондай-ақ темірбетон бұйымдарын, кірпіштерді, мәрмәрді, керамикалық бұйымдарды және басқа да бұйымдарды өндіру бойынша жаңа қуаттарды енгізу есебінен камтамасыз ету көзделіп отыр.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Ақмола облысы

2030 жылға дейін:

1) Целиноград ауданында цемент зауытын салу. Өңір республикада цемент өндіруге арналған шикізат қоры бойынша (Целиноград, Еңбекшілдер, Зеренді аудандарында) ең қамтамасыз етілген болып табылады, ол жоғары сапалы цемент және өзге де бұйымдар өндірісін дамыту үшін негіз болуға тиіс;

2) Шортанды ауданында темірбетон бұйымдарын шығаратын зауыт салу;

3) Көкшетау қаласында жасанды мәрмәр дайындау фабрикасын салу;

4) кірпіш шығаратын зауыт салу;

5) Көкшетау-Петропавл автожолының бойында асфальтбетон зауытын салу;

6) индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыруда қолдау көрсету;

7) "Главпром" көпфункционалды өндірістік кешенін салу: темірбетон бұйымдарын өндіру цехы және қағаз және картон бұйымдарын өндіру цехы, сондай-ақ Қосшы қаласында өсімдік дақылдарының жеке питомнигін ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

1) Целиноград ауданында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;

2) кең таралған пайдалы қазбалар кен орындарының базасында жаңа өндірістер құруға инвесторларды тарту (керамикалық плиткалар, санфаянс, жылу оқшаулағыш материалдар және басқалар);

3) кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру;

4) салалық көрмелер, форумдар мен семинарлар шеңберінде саланың озық технологияларын ілгерілету;

5) жұмыс істеп тұрғандарын технологиялық жаңғырту және қайта жарақтандыру, сондай-ақ құрылыс материалдарын шығару бойынша жаңа ресурс-және энергия үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз өндірістер құру;

6) сала кәсіпорындарында еңбек өнімділігін арттыру;

7) шығарылатын құрылыс материалдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

8) ішкі және сыртқы нарықтарда сала өнімін ілгерілетуге жәрдемдесу;

9) құрылыс материалдары өндірісіне жаңа әзірлемелерді енгізу бойынша кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының тиімділігін және инновациялық белсенділігін арттыру;

2050 жылға дейін:

1) құрылыс материалдарын шығару бойынша жаңа жоғары технологиялық бәсекеге қабілетті өндірістер құруды ынталандыру;

2) инновациялық экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау.

Шығыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) дайындық деңгейі жоғары жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өнім түрлерін шығаруға, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда шығарылатын өнімнің сапасын

арттыруға және ассортиментін кеңейтуге бағдарлана отырып, облыстың жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын жаңғырту;

- 2) Тарбағатай ауданында бентонит ұнтақтарын өндіретін зауыт салу;
 - 3) қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін кадрларды даярлау жүйесін дамыту;
- 2040 жылға дейін:

- 1) жергілікті өндірушілердің өнімдерін экспорттауға жәрдемдесу;
- 2) жаңа технологияларды енгізу бойынша бизнесті ынталандыру;
- 3) шетелдік инвестицияларды тарту үшін ынталандырулар жасау;

4) құрылыс материалдарын (цемент, бентонит ұнтақтары, жылу оқшаулағыш материалдар, гипс және басқалар) шығару бойынша жаңа ресурс - және энергия үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз өндірістер құру;

5) құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыру;

- 6) шығарылатын құрылыс материалдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

7) жаңа дағдылар мен құзыреттерді дамыту, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау және инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыру ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) Күршім ауданында Жаңадәуір кен орны базасында керамикалық плиткалар өндірісін ұйымдастыру;

2) Ұлан ауданында Огневое кен орны негізінде сантехникалық бұйымдар өндірісін құру;

3) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін өнеркәсіптік өндіріске енгізу;

- 4) жергілікті өндірушілердің өнімдерін экспорттауға жәрдемдесу.

Абай облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Жарма ауданындағы цемент зауытын жаңғырту;
- 2) қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін кадрларды даярлау жүйесін дамыту;
- 3) құрылыс материалдарын шығару бойынша жаңа өндірістер құру;
- 4) сала кәсіпорындарын цифрландыру;

2040 жылға дейін:

- 1) жергілікті өндірушілердің өнімдерін экспорттауға жәрдемдесу;
- 2) қолданыстағы өндірістерге жаңа технологияларды енгізу;
- 3) салаға шетелдік инвестицияларды тарту;

4) құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыру;

- 5) шығарылатын құрылыс материалдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

6) жаңа дағдылар мен құзыреттерді дамыту, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін өнеркәсіптік өндіріске енгізу;

2) жергілікті өндірушілердің өнімдерін экспорттауға жәрдемдесу.

Қарағанды облысы

2030 жылға дейін:

1) Қарағанды қаласында еден жабындарын өндіруді ұйымдастыру;

2) Бұқар жырау ауданында құйылған немесе бүктелген ойық парақтар мен сәндвич-панельдер өндірісін құру;

3) сала кәсіпорындарын жаңғыртуға инвестициялар тарту;

4) кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту;

5) құрылыс материалдарын өндіру саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындарын біртіндеп ұлғайту;

6) "Сарыарқа" арнайы экономикалық аумағына инвесторларды тарту;

2040 жылға дейін:

1) Қарағанды және Балқаш қалаларында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;

2) құрылыс материалдарын өндіру саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту;

3) металлургиялық кәсіпорындардың шикізаты негізінде өнімнің жаңа түрлерін игеру (терезе жақтаулары, есіктер, қасбеттер және басқа да жарық өткізгіш конструкциялар; күннен қорғайтын құрылғылар; көтергіш конструкциялар (қалың қабырға панельдері, фермалар, шатырлар және т. б.), шыбықтар мен профильдер);

4) пластмассадан жасалған құрылыс материалдарын (линолеум, плитка, синтетикалық түкті кілемдер (кілем), жіксіз құйылатын едендер) шығару бойынша жаңа өндірістер құру;

5) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамуына жәрдемдесу;

6) жаңа қазіргі заманғы өндірістер құруға инвестициялар тарту;

2050 жылға дейін:

1) шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту;

2) облыс өнімдерінің экспортын ілгерілету;

3) инновациялық саладағы инвестициялық жобаларды әзірлеу;

4) саланы кадрлық қамтамасыз ету.

Ұлытау облысы

2030 жылға дейін:

1) сала кәсіпорындарын жаңғыртуға инвестициялар тарту;

2) кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту;

3) құрылыс материалдарын өндіру саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындарын біртіндеп ұлғайту;

2040 жылға дейін:

1) құрылыс материалдарын өндіру саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту;

2) металлургиялық кәсіпорындардың шикізаты негізінде өнімнің жаңа түрлерін игеру (терезе жақтаулары, есіктер, қасбеттер және басқа да жарық өткізгіш конструкциялар; күннен қорғайтын құрылғылар; көтергіш конструкциялар (қалың қабырға панельдері, фермалар, шатырлар, шыбықтар, профильдер және басқалар);

3) Пластмассадан жасалған құрылыс материалдарын (линолеум, плитка, синтетикалық түкті кілемдер (кілем), жіксіз құйылатын едендер) шығару бойынша жаңа өндірістер құру;

4) жаңа қазіргі заманғы өндірістер құруға инвестициялар тарту;

2050 жылға дейін:

1) шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту;

2) облыс өнімдерінің экспортын ілгерілету;

3) саланың кадрлық әлеуетін дамытуға жәрдемдесу.

Қостанай облысы

2030 жылға дейін:

1) Арқалық қалалық әкімшілігінде Ақжал кен орнының нефритоидтарын өңдеу зауытын салу;

2) Қостанай қаласында пластик өндірісін құру;

3) саланың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кадрлар даярлау жүйесін дамыту;

2040 жылға дейін:

1) Краснооктябрь отқа төзімді және баяу балқитын саздар кен орнының шикізаты негізінде керамикалық плиткалар өндірісін құру (Қамысты ауданы, Арқа ауылының маңында);

2) Жітіқара кен орнының каолин және пластикалық саз кен орындарының шикізаты негізінде санфаянс өндірісін ұйымдастыру (Жітіқара ауданы);

3) Апанов кварц құм кен орнының шикізаты негізінде санфаянс өндірісін ұйымдастыру;

4) Бисембаев кен орнының (Денисов ауданы) дала шпаттары мен кварц кен орнының шикізаты негізінде санфаянс өндірісін ұйымдастыру;

2050 жылға дейін:

1) жаңа өндірістік және құрылыс технологияларын енгізу;

2) ішкі және сыртқы нарықтарда сала өнімін ілгерілету.

Павлодар облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Павлодар қаласында алюминий профильдерін өндірісін құру;
 - 2) Павлодар қаласында алюминий және биметалл радиаторларын өндірісін құру;
 - 3) Екібастұз қаласында флоат әдісімен табак шыны өндіретін зауыт салу;
- 2040 жылға дейін:

1) Май ауданындағы Сухановское кен орнының каолин базасында санфаянс өндірісін құру үшін инвестициялар тарту;

2) Ақтоғай ауданындағы Ақжар кварц құмы кен орнының базасында санфаянс өндірісін құру үшін инвестициялар тарту;

3) саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

4) құрылыс саласында шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) құрылыс материалдарының жаңа қазіргі заманғы түрлерін өндіруді дамытуға жәрдемдесу;

2) облыстың құрылыс өнімінің халықаралық нарықтарға экспортын қолдау;

3) жергілікті шикізат базасында құрылыс материалдарының, оның ішінде отқа төзімді кірпіштер, портландцемент және басқаларын шығару бойынша жаңа өндірістер құру үшін инвесторларды тарту.

Солтүстік Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) Петропавл қаласында қолданыстағы пластмасса бұйымдарының өндірісін кеңейту, пәт преформалар мен полимер-құм өнімдерін дайындау;

2) Мамлют ауданында ағаш-жоңқа тақталарын өндірісін құру;

3) Қызылжар ауданында керамикалық кірпіш өндірісін құру;

4) Петропавл қаласында автоклавты газоблоктар мен плиталар өндірісін ұйымдастыру;

5) Қызылжар ауданында кірпіш зауытын салу;

2040 жылға дейін:

1) Ақжар және Уәлиханов ауданында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;

2) құрылыс материалдарын өндіру саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту;

3) Пластмассадан жасалған құрылыс материалдарын (линолеум, плитка, синтетикалық түкті кілемдер (кілем), жіксіз құйылатын едендер) шығару бойынша жаңа өндірістер құру;

4) жаңа қазіргі заманғы өндірістер құруға инвестициялар тарту;

2050 жылға дейін:

1) шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту;

2) облыс өнімдерінің экспортын ілгерілету;

3) саланы кадрлық қамтамасыз ету.

Астана қаласы

2030 жылға дейін:

- 1) көлемді-блокты үй құрылысы зауытын салу;
- 2) үй құрылысы комбинатының құрылысы;
- 3) газдалған бетон блоктары мен арматураланған бұйымдар өндіретін зауыт салу;
- 4) керамикалық плиткалар, оның ішінде шағын габаритті плиткалар өндіретін зауыт салу;
- 5) талшықты цемент плиталарын шығаратын зауыт салу;
- 6) шыны жүн өндіретін зауыт салу;
- 7) ішкі есік жаймаларын шығаратын зауыт салу;
- 8) керамикалық санфаянс өндіретін зауыт салу;
- 9) тасты өңдеу зауытын салу;
- 10) автоклавты газоблок өндіретін зауыт салу;
- 11) керамикалық блоктар шығаратын зауыт салу;
- 12) темірбетон бұйымдарын шығаратын зауыт салу;
- 13) газдалған бетон блоктарын шығаратын зауыт салу;
- 14) металлопластикалық конструкциялар өндіретін зауыт салу;
- 15) бетон өндіретін зауыт салу;
- 16) гиперпресстелген кірпіш зауыт салу;
- 17) құрама үй құрылысын өндіретін зауыт салу;
- 18) FILIGRAN плиталарын, қабырға панельдерін шығаратын зауыт салу;
- 19) газ блоктарын шығаратын зауыт салу;
- 20) қаптамалы кірпіш өндіретін зауыт салу;
- 21) бетон едендерге, дәнекерленген торға және құрғақ бетон қоспасына арналған полимерлі материалдар өндіретін зауыт салу;
- 22) қаптау және шатыр материалдарын өндірісін құру;

2040 жылға дейін:

- 1) шағын ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 2) құрылыс материалдарын өндіру саласына инвестициялар тарту;
- 3) өнеркәсіптік кооперацияны дамыту;
- 4) саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру;

2050 жылға дейін:

- 1) сала өнімдерінің экспортын қолдау;
- 2) экологиялық таза құрылыс материалдарын өндіруді ынталандыру;
- 3) құрылыс материалдары өнеркәсібі саласында қайта өңдеу тереңдігін арттыру, қосылған құны жоғары өнімдерді өндіруге бағдарлану.

44. Ауыл шаруашылығын дамыту

Ауыл шаруашылығы елдің солтүстік аймақтарының көпшілігінде басым жұмыспен қамтылған сектор болып табылады. Сапалы инфрақұрылым құру ауылдық жерлердегі халықтың табысының өсуін ынталандыру үшін аса маңызды болып табылады.

Ауыл шаруашылығын дамыту жайылымдарды, егіс алқаптарын кеңейтумен, ірі сүт-тауар фермаларын, мал шаруашылығы кешендерін салумен, бордақылау алаңдарын, жылыжай кешендерін, көкөніс қоймаларын құрумен, ылғал, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізумен, машина-трактор паркін жаңартумен, жемшөп базасы мен асыл тұқымды табынды жақсартумен, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кәсіпорындарында негізгі құралдарды жаңғыртумен байланысты.

Болашақта инновациялық технологиялар ("дәл егіншілік", "ақылды мал фермалары", дрондарды, робототехниканы және ғылым мен техниканың басқа да әлемдік жетістіктерін қолдану мүмкіндіктері) және еңбекақы төлеуді ұйымдастыру мен жүргізудің жаңа нысандары енгізілетін болады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Ақмола облысы

2030 жылға дейін:

- 1) бұршақ, майлы және дәнді дақылдарды қайта өңдеу кешенін салу;
- 2) Көкшетау қаласы мен Зеренді ауданында екі ірі бордақылау алаңын салу;
- 3) Астрахан ауданында шошқа кешенін қамтитын мал шаруашылығы кешенін салу;
- 4) Целиноград ауданында тұйық сумен жабдықтау технологиясы бойынша автоматты балық фермасын салу;
- 5) Зеренді ауданында құс фабрикасын, шошқа кешенін, құрама жем зауытын салу;
- 6) Аршалы ауданында құс фабрикасын салу;
- 7) көкөністерді вакуумдық қаптамаларға тазарту және сұрыптау, Целиноград ауданында көкөніс қоймасын салу;
- 8) Көкшетау қаласында дәнді дақылдарды сақтау және қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорынды кеңейту;
- 9) шаруашылық жүргізудің және ауыл шаруашылығы кооперациясының шағын нысандарын дамытуды ынталандыру;
- 10) Ақкөл ауданында ет комбинатын салу;
- 11) Зеренді ауданында ет комбинатын салу;
- 12) жылыжай салу;
- 13) Атбасар ауданында сүт-тауар фермасын салу;
- 14) ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру;
- 15) тұқым шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау есебінен тұқым себу алаңын үшінші репродукциядан төмен емес ұлғайту;
- 16) минералды тыңайтқыштар енгізу алаңдарын ұлғайту;
- 17) кәсіпорындарды ынталандыру есебінен суармалы жерлер алаңын ұлғайту;

18) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі техниканы, жабдықты жеңілдікпен кредиттеу және микрокредиттеу, лизинг арқылы ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту;

2040 жылға дейін:

1) ирригация және мелиорация жүйелерін құру, қалпына келтіру және жаңғырту арқылы ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын жер ресурстарының өнімділігін сақтау, қалпына келтіру және арттыру;

2) ауыл шаруашылығына цифрлық шешімдерді кеңінен енгізу арқылы технологиялық факторлардың тиімділігін арттыру;

3) химияландыру жүйелерін құру және жаңғырту, фитосанитария мен ветеринарияны дамыту арқылы биологиялық факторлардың тиімділігін арттыру;

4) тұрақты азық базасын құру және жануарларды толық және теңгерімді азықтандыруды қамтамасыз ету;

5) мал шаруашылығында орта және ірі тауар өндірісін қалыптастыру, оны өнеркәсіптік негізге ауыстыру;

6) қазіргі заманғы технологияларға негізделген мал шаруашылығы өндірістерінің жаңа қуаттарын салу және қолданыстағы қуаттарын ұлғайту;

7) мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиялық процестерін жаңғырту;

8) тауар өткізгіш желіні дамыту және ауыл шаруашылығы өнімін өткізуді қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

9) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және ауыл халқының табысын арттыру мақсатында облыстың ауылдық аумақтарын кешенді дамыту;

2050 жылға дейін:

1) агроөнеркәсіптік кешенде мамандандырылған инфрақұрылымды одан әрі дамыту ;

2) өңірлік брендті құру және ілгерілету;

3) сыртқы сауда байланыстары мен халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту;

4) өңірдің ауыл шаруашылығы секторына ірі трансұлттық компанияларды тарту;

5) ауыл шаруашылығында табиғи ресурстарды тиімді және үнемді пайдалануды қамтамасыз ету, ауылдық аумақтарды орнықты дамыту үшін жағдайлар жасау;

6) өңірдің ауыл шаруашылығы өнімдерін шетелдік нарықтарға жылжыту.

Шығыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) Ұлан ауданында бройлер өндірісін кеңейту;

2) Ұлан ауданында сүт-тауар фермасын салу;

3) Глубокое ауданында астықты сақтаумен кептіру кешенін жаңғырту;

4) Тарбағатай ауданында асыл тұқымды репродуктор салу;

5) Шемонаиха ауданында сүт-тауар фермаларын кеңейту;

6) Өскемен қаласында жылыжай құру;
7) Алтай ауданында сүт-тауар фермасын салу;
8) Катонқарағай ауданында асыл тұқымды репродуктор салу;
9) Шемонаиха ауданында суару жүйесін салу;
10) Глубокое ауданында сүт-тауар фермаларын кеңейту;
11) Глубокое ауданында құс фабрикасының құрылысы;
12) Риддер қаласында сүт-тауар фермаларын кеңейту және жаңғырту;
13) Ұлан ауданында ірі қара малды ұстаудың толық циклді бар сүт-тауар фермасын құру;

14) Күршім ауданында сүт-тауар фермасын салу;

15) Өскемен қаласында жұмыртқа өндіретін құс фабрикасын салу;

16) мал шаруашылығында жерсерік арқылы байқау мүмкіндігімен малды сауу, чиптеу процесін автоматтандыра отырып, сүт-тауар фермаларында пайдаланылатын цифрлық бағдарламаларды, датчиктер жүйесін, деректер базасын және өзге де цифрлық құралдарды енгізу, Глубокое және Шемонаиха аудандарында екі цифрлық ферманы құру;

17) ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісімге (меморандумға) қол қою арқылы жоғары рентабельді ауыл шаруашылығы дақылдарына көшуді көздейтін егіс алқаптарының құрылымын одан әрі әртараптандыру;

18) табиғи-климаттық факторларды және басқа да жағдайларды ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану;

19) озық технологияларды, оның ішінде тамшылатып суаруды ынталандыру және белгіленген тапсырмаларды орындау үшін әкімдіктердің жауапкершілігін күшейту;

20) минералдық тыңайтқыштар мен гербицидтердің қолжетімділігін оларды арзандатуға көзделген қаражатты толық көлемде бөлу есебінен, сондай-ақ лизингтік төлемдердің құнын төмендету арқылы техниканың қолжетімділігін арттыру;

21) шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі жоғары сорттарының тұқымдарымен қамтамасыз ету мақсатында тұқым шаруашылығын дамытуды ынталандыру;

22) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға жұмсалатын шығындардың құнын төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

2040 жылға дейін:

1) саладағы өндірістік процестерді цифрландыру, сондай-ақ кәсіпорындарды техникалық қайта жаратқандыру;

2) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі кооперацияны ынталандыруға және бірлескен кәсіпорындар құруға жәрдемдесу;

3) агротехнологияларды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісін басқару саласындағы технологияларды ынталандыру;

4) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау;

5) шағын бизнестің жаңа технологияларға қол жеткізуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

6) азық-түлік өнімдерін өндіру саласын және агроөнеркәсіптік кешенді даярлауға, қайта даярлауға және кадрлармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

7) салада еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

8) ауыл шаруашылығының инвестициялық тартымдылығын арттыру жөніндегі шараларды іске асыру;

9) агроөнеркәсіптік кешенде инновациялық технологияларды енгізу үшін жағдайлар жасау;

2050 жылға дейін:

1) облыс аумағында ауыл шаруашылығында ең қазіргі заманғы технологияларды енгізе отырып, өнімді өсіру, жинау және қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың барлық кешенін жүзеге асыратын ірі ауыл шаруашылығы кешендерін қалыптастыруға жәрдемдесу;

2) өнімді өндіру және өткізу салаларында ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту, облыстың ауыл шаруашылығындағы интеграциялық байланыстарды ынталандыру;

3) саланың жоғары технологиялық және тиімді дамуын қолдауға бағытталған инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру.

Абай облысы

2030 жылға дейін:

1) Бесқарағай ауданында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу жөніндегі агроөнеркәсіптік кешен салу;

2) Семей қаласында мал шаруашылығы кешенін құру және дамыту;

3) Үржар ауданында айналмалы суарудың жаңбырлату жүйесін енгізу;

4) соя, жүгері дақылдарының ауданын ұлғайту есебінен өсімдік шаруашылығын экспортқа бағдарланған өнімге (соя, жүгері) ауыстыру;

5) Жарма ауданында ұрықтандыру зертханасын реконструкциялау;

6) Жарма ауданында бордақылау алаңын салу;

7) Көкпекті ауданында суару жүйелерін салу;

8) Ақсуат ауданында бордақылау алаңын салу;

9) Бесқарағай ауданында бордақылау алаңын салу;

10) Семей қалалық әкімшілігінде сүт-тауар фермасын салу;

11) Семей қалалық әкімшілігінде суару жүйелерін салу;

12) Семей қалалық әкімшілігінде жұмыртқа өндіретін құс фабрикасын кеңейту;

- 13) Бесқарағай ауданында сүт-тауар фермасын салу;
 - 14) Семей қаласында суару жүйелерін салу;
 - 15) Жарма ауданында асыл тұқымды репродуктор салу;
 - 16) Көкпекті ауданында суару жүйелерін салу;
 - 17) Бородулиха ауданында сүт-тауар фермасын салу;
 - 18) Көкпекті ауданында сүт-тауар фермасын салу;
 - 19) Жарма ауданында түйіршіктелген жемшөп өндіру және қайта өңдеу жөніндегі кешен салу;
 - 20) Көкпекті ауданында ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерін өндіру бойынша цех салу;
 - 21) Аягөз ауданында бордақылау алаңын салу;
 - 22) Жарма ауданында сүт-тауар фермасын салу;
 - 23) Көкпекті ауданында мал сою алаңын, тоңазытқыш қондырғысын және теріні қайта өңдеу цехын салу;
 - 24) Өскемен қаласында жұмыртқа өндіретін құс фабрикасын салу;
 - 25) Семей қаласында асыл тұқымды репродукторларды кеңейту;
 - 26) Үржар ауданында бордақылау алаңын салу;
 - 27) ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісімге (меморандумға) қол қою арқылы жоғары рентабельді ауыл шаруашылығы дақылдарына көшуді көздейтін егіс алаңдарының құрылымын одан әрі әртараптандыру;
 - 28) табиғи-климаттық факторларды және басқа да жағдайларды ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану;
 - 29) озық технологияларды, оның ішінде тамшылатып суаруды ынталандыру;
 - 30) минералдық тыңайтқыштар мен гербицидтердің қолжетімділігін оларды арзандатуға көзделген қаражатты толық көлемде бөлу есебінен, сондай-ақ лизингтік төлемдердің құнын төмендету арқылы техниканың қолжетімділігін арттыру;
 - 31) шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі жоғары сорттарының тұқымдарымен қамтамасыз ету мақсатында тұқым шаруашылығын дамытуды ынталандыру;
 - 32) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға жұмсалатын шығындардың құнын төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
 - 33) нақты егіншілікті дамыту;
 - 34) материалдық-техникалық базаны дамыту;
- 2040 жылға дейін:
- 1) агроөнеркәсіптік парк құру;

- 2) облыстың ауыл шаруашылығының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін жағдайлар жасау;
 - 3) жерді тиімді пайдалануды жан-жақты қолдау;
 - 4) өндірістік инфрақұрылымды кешенді дамыту;
 - 5) мал шаруашылығы кешендерін қолдау және дамыту;
 - 6) облыстың ауыл шаруашылығы саласына ірі трансұлттық компанияларды тарту;
 - 7) агроөнеркәсіптік кешен өнімінің экспорты үшін жағдайлар жасау;
 - 8) агроөнеркәсіптік кешенде инновациялық технологияларды енгізу үшін жағдайлар жасау;
 - 9) кадрлық әлеуетті дамыту;
 - 10) өңірлік брендті құру және ілгерілету;
- 2050 жылға дейін:

1) облыс аумағында ауыл шаруашылығында ең қазіргі заманғы технологияларды енгізе отырып, өнімді өсіру, жинау және қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың барлық кешенін жүзеге асыратын ірі ауыл шаруашылығы кешендерін қалыптастыруға жәрдемдесу;

2) өнімді өндіру және өткізу салаларында ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту, облыстың ауыл шаруашылығындағы интеграциялық байланыстарды ынталандыру;

3) саланың жоғары технологиялық және тиімді дамуын қолдауға бағытталған инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру.

Қарағанды облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Осакаров ауданында асыл тұқымды шаруашылыққа арналған мал шаруашылығы кешенін салу;
- 2) Бұқар жырау ауданында шошқа өсіру кешенін құру;
- 3) Бұқар жырау ауданында сүт-тауар фермасын салу;
- 4) Осакаров ауданында екі сүт-тауар фермасын салу;
- 5) Абай ауданында екі сүт-тауар фермасын салу;
- 6) Бұқар жырау ауданында бордақылау алаңын салу;
- 7) Ақтоғай және Шет аудандарында қой өсіретін мегаферма салу;
- 8) Бұқар жырау ауданында сүт-тауар фермасын салу;
- 9) Бұқар жырау ауданында құрама жем зауытын салу;
- 10) Осакаров ауданында жылыжай салу;
- 11) Қарқаралы ауданында арқанбалық, ақ балық және тұқы балық түрлерінің қазіргі заманғы балық өсіру кешенін салу;
- 12) Қарағанды қаласында жидектер өсіретін жылыжайлар салу;

13) жерді түгендеу негізінде егістік жерлердің құнарлылығын арттыру және жайылымдарды суландыру жөніндегі; ирригациялық және мелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру және жаңғырту жөніндегі жол карталарын әзірлеу және өткізу;

14) пайдаланылмайтын егістік жерлерді бақылау және алып қою тетіктері арқылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалануды ынталандыру және мемлекеттік меншікке қайтарылған егістік жерлерді облыстың агроқұрылымдары арасында қайта бөлу;

15) ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы ауданын ұлғайту;

16) өнімділігі жоғары тұқымдармен егілген алқаптарды ұлғайту;

17) жердің құнарлылығын арттыру мақсатында минералды тыңайтқыштарды қолдану алаңын ұлғайту;

2040 жылға дейін:

1) облыстың су айдындарында балық өсіруді дамыту;

2) мал басын қалпына келтіру есебінен мал шаруашылығы саласын дамыту;

3) агроөнеркәсіп деңгейін одан әрі арттыру, өсімдіктерді өсірудің қазіргі заманғы технологияларын, атап айтқанда, ылғал үнемдейтін технологияларды қолдану;

4) облыстың ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын дамыту;

5) қосылған құны жоғары ауыл шаруашылығы шикізаты мен тамақ өнімдерін өндірісін құру;

6) қайта өңделетін шикізат көлемінің өсуін ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы пайдаланылмайтын жерлерді игеру, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту;

2) ауыл шаруашылығында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау.

Ұлытау облысы

2030 жылға дейін:

1) Жаңаарқа ауданында етті кейіннен қайта өңдеп, шұжық өнімдерін сата отырып, сою цехы, салқындатылатын қоймалары бар ірі және ұсақ мал мен жылқыларды өсіру жөніндегі мал шаруашылығы кешенін құру;

2) Жаңаарқа ауданында сүт-тауар фермасын салу;

3) жерді түгендеу негізінде егістік жерлердің құнарлылығын арттыру және жайылымдарды суландыру жөніндегі және ирригациялық және мелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру және жаңғырту жөніндегі жол карталарын әзірлеу және іске асыру;

4) пайдаланылмайтын егістік жерлерді бақылау және алып қою тетіктері арқылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалануды ынталандыру және мемлекеттік меншікке қайтарылған егістік жерлерді облыстың агроқұрылымдары арасында қайта бөлу;

5) малдың асыл тұқымды сапасын жақсарту және мал шаруашылығы өнімінің көлемі мен сапасын арттыру;

6) суландырылған жайылымдарды ауыл шаруашылығы айналымына тарту мақсатында суландыру құрылыстарын қалпына келтіру;

7) тұрақты азық базасын құру және жануарларды толық және теңгерімді азықтандыруды қамтамасыз ету;

8) мал шаруашылығында орта және ірі тауар өндірісін қалыптастыру, оны өнеркәсіптік негізге ауыстыру;

9) қазіргі заманғы технологияларға негізделген мал шаруашылығы өндірістерінің жаңа қуаттарын салу және қолданыстағы қуаттарын ұлғайту,

10) мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиялық процестерін жаңғырту;

11) ауыл шаруашылығы дақылдарына арналған алаңдарды ұлғайту;

12) өнімділігі жоғары тұқымдармен егілген алқаптарды ұлғайту;

13) жердің құнарлылығын арттыру мақсатында минералды тыңайтқыштарды қолдану алаңын ұлғайту;

2040 жылға дейін:

1) мал басын қалпына келтіру есебінен мал шаруашылығы саласын дамыту;

2) агрокультура деңгейін одан әрі арттыру, өсімдіктерді өсірудің қазіргі заманғы технологияларын, атап айтқанда, ылғал үнемдейтін технологияларды қолдану;

3) өңірге ірі трансұлттық компанияларды тарту және жоғары сапалы және экспортқа бағдарланған мал шаруашылығы өнімдерін шығару бойынша бірлескен өндірістер құру;

2050 жылға дейін:

1) пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді игеру, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту;

2) ауыл шаруашылығында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау.

Қостанай облысы

2030 жылға дейін:

1) Арқалық қалалық агломерациясында бордақылау алаңын және асыл тұқымды репродукторды кеңейту;

2) Арқалық қаласында бройлерлік құс фабрикасын салу;

3) Б. Майлин атындағы ауданның өз шикізатын одан әрі өңдей отырып, селекциялық-генетикалық орталық ретінде қолданыстағы шошқа өсіру кешенін жаңғырту және кеңейту;

4) Қарабалық ауданында бройлердің тәуліктік тауығын өндіруге арналған инкубатор салу;

5) Қостанай ауданында асыл тұқымды мал шаруашылығы және сүт өнімдерін қайта өңдеу бойынша асыл тұқымды репродуктор құру жөніндегі кәсіпорынды ұйымдастыру;

6) Қостанай ауданында етті қайта өңдеумен екінші ретті асыл тұқымды репродуктор салу;

7) жоғары табысты майлы дақылдар егістігін ұлғайта отырып, егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру;

8) жаңа суармалы жерлерді енгізу;

9) машина-трактор паркін жаңарту;

10) агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру (жанар-жағармай материалының шығыс датчиктерін енгізу, тұқымдар мен минералды тыңайтқыштарды сараланған енгізу, параллельді жүргізу жүйесі, өндірісті автоматтандыру және т. б.);

11) минералды тыңайтқыштарды қолдануды ұлғайту;

12) ауыл шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды мемлекеттік қолдау;

13) мал шаруашылығын дамыту үшін жемшөп базасын кеңейту;

14) ауыл шаруашылығы өнімінің экспортына жәрдемдесу;

15) нақты егіншілік және мал шаруашылығында цифрлық фермалар құру;

16) техника лизингі шеңберінде ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуды ұлғайту;

17) өңдеуші кәсіпорындардың сары май, құрғақ сүт және қатты ірімшік өндіру үшін шикізат сатып алуға жұмсаған шығындарын азайту жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

18) жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуға және жаңа зауыттар салуға инвестициялық салымдар кезінде қайта өңдеу кәсіпорындары шығындарының бір бөлігін өтеу;

19) өсімдіктерді қорғау құралдарын, тыңайтқыштарды сатып алуды, техника лизингін және тауар өндірушілерге кредит беруді ұлғайту;

20) тұқым шаруашылығын дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

21) өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биоагенттердің құнын төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

22) Тобыл қаласында бекіре тұқымдас балық түрлерін өсіретін ферма салу;

23) Қамысты ауданында тұқым желісін салу;

24) қолданыстағы қуаттарды жүктеу үшін инвестициялар тарту;

25) қазіргі заманғы талаптарға сәйкес сала үшін кадрлар даярлау жүйесін дамыту;

2040 жылға дейін:

1) өндірістің тұрақты өсуіне ықпал ететін қазіргі заманғы технологиялар мен егіншіліктің озық әдістерін өндіріске енгізу;

2) ауыл шаруашылығы алқаптарының өнімділігін арттыру мақсатында егіс алқаптары мен ауыспалы егістердің құрылымын оңтайландыру;

3) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқымды өнімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

4) мал шаруашылығында орта және ірі тауар өндірістерін ұйымдастыру;

5) ауыл шаруашылығын цифрландыруды енгізу;

6) ауыл шаруашылығындағы өнімділікті арттыру;

7) ауыл шаруашылығында ғылымды, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамытуды қолдау;

8) салада жаңа инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыру;

9) ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу бойынша жаңа қазіргі заманғы өндірістер құруға инвестициялар тарту;

2050 жылға дейін:

1) жергілікті өнімді ішкі және сыртқы нарықтарда ілгерілету;

2) өңірге ірі агрохолдингтерді тарту.

Павлодар облысы

2030 жылға дейін:

1) Екібастұз қаласында жылыжай кешенін кеңейту;

2) Екібастұз қаласында 1-мемлекеттік аудандық электр станциясы және 2-мемлекеттік аудандық электр станциясы су қоймаларында балық өсіру шаруашылығын құру;

3) Ертіс, Павлодар, Успен, Теренкөл аудандарында сүт-тауар фермаларын салу;

4) Ақсу қалалық әкімшілігінде және Теренкөл ауданында көкөніс қоймаларын салу;

5) Шарбақты ауданында астық қоймасын салу;

6) Павлодар ауданында шошқа кешенін салу;

7) Железин ауданында асыл тұқымды репродуктор салу;

8) жаңа прогрессивті технологияларды енгізу, өндірісті әртараптандыру, өндірісті қазіргі заманғы жабдықтармен және жоғары өнімді ауыл шаруашылығы техникасымен жарақтандыру;

9) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету;

10) картоп пен көкөністерді сақтау жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру;

11) агроөнеркәсіптік кешендегі мамандандырылған жобалар құру;

12) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдықтарын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

13) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарына кепілдік беру;

14) шұжық өнімдері мен ет жартылай фабрикаттарын өндіру жөніндегі кәсіпорындарды жаңғырту;

15) аквамәдениет (балық шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру жүйесін қалыптастыру;

16) Павлодар облысының аумағында Ертіс өзенін балықтандыру;

17) балық ресурстарының жойылуына жол бермеу бойынша бітелуге қарсы іс-шараларды ұйымдастыру;

18) терең өңдеуді дамыту мақсатында жаңа өндірістер құруға және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуға бағытталған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қатысуымен инвестициялық жобаларды іске асыру;

19) отбасылық шаруашылықтар құруды ынталандыру;

2040 жылға дейін:

1) тұрақты азық базасын құру және жануарларды толық және теңгерімді азықтандыруды қамтамасыз ету;

2) мал шаруашылығында орта және ірі тауар өндірісін қалыптастыру, оны өнеркәсіптік негізге ауыстыру;

3) қазіргі заманғы технологияларға негізделген мал шаруашылығы өндірістерінің жаңа қуаттарын салу және қолданыстағы қуаттарын ұлғайту;

4) мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиялық процестерін жаңғырту;

2050 жылға дейін:

1) ауыл шаруашылығында жаңа қазіргі заманғы технологияларды енгізуді қолдау;

2) облыстың ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын қолдау.

Солтүстік Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) Петропавл қаласында жұмыс істеп тұрған Петропавл балық өсіретін орынды жаңғырту;

2) Тайынша ауданындағы кәсіпорындардың қуатын кеңейту есебінен ет өндірісін ұлғайту;

3) Петропавл қаласында бройлерлік құс фабрикасын салу;

4) Ақжар, Айыртау, Уәлиханов аудандарында бордақылау алаңдарын салу;

5) Айыртау, Ақжар, Қызылжар, Мамлют, Тимирязев және Мағжан Жұмабаев атындағы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудандарда сүт кешендерін салу;

6) Есіл ауданында қой фермасын құру;

7) Аққайың ауданында құс фабрикасын салу;

8) Шал ақын және Мағжан Жұмабаев атындағы аудандарда астық қоймаларын салу;

9) Петропавл қаласында жылыжай салу;

10) Тайынша ауданында шошқа өсіру кешенін дамыту, сыртқы өткізу нарықтарын кеңейту есебінен ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін дамыту;

11) еңбек өнімділігін арттыру жоғары технологиялық агроөнеркәсіптік кешен құру, инвестицияларды тиімді салу, жаңа прогрессивті технологияларды енгізу, өндірісті әртараптандыру, өндірісті қазіргі заманғы жабдықтармен жарактандыру, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру есебінен жоспарланады;

12) қаржы және әкімшілік шаралар арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту (жеңілдікпен кредиттеу, микрокредиттеу, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі техниканы, жабдықтарды лизингтеу);

2040 жылға дейін:

1) қолданыстағы өндірістерді техникалық және технологиялық қайта жарақтандыру ;

2) саладағы машина-трактор паркін толық жаңарту;

3) инновациялық технологияларды қолдануды ынталандыру;

4) агроөнеркәсіптік кешен салаларын көлденең әртараптандыруды және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді дамыту;

5) облыс су айдындарының әлеуетін пайдалану есебінен балық шаруашылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2050 жылға дейін:

1) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын қолдау;

2) ірі агрохолдингтерді тарту;

3) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ынталандыру және қолдау;

4) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізуді ынталандыру;

45. Кластерлік даму

Ақмола облысында ауыл шаруашылығы бағытындағы ірі кәсіпорындар базасында кластерлерді дамыту перспективалы болып отыр. Ұн тартатын (Жақсы ауданы), ет (Ерейментау ауданы), сүт бағытындағы (Зеренді ауданы), сондай-ақ Ақкөл ауданындағы жеміс-көкөніс бағытындағы азық-түлік кластерлерін құру перспективалы болып отыр.

Құрылыс материалдарының кластерін Астана қаласының қала маңындағы аймағында орналасқан құрылыс материалдарын дайындаушы компаниялардың базасында жасауға болады. Цемент, кірпіш, құрылыс құмы, сазды, қаптайтын тасты қолдана отырып құрылыс материалдарын өндіру перспективалы. Бұл кластерді Целиноград ауданында жүзеге асыруға болады.

Шығыс Қазақстан облысының аумағында тау-кен металлургия саласы кластерлік дамудың ең үлкен әлеуетіне ие. Кластердің өзегі түсті металдарды (қорғасын-мырыш, титан-магний комбинаттары, металлургия зауыты) өңдеудің, ядролық отын өндірудің ірі орталығы болып табылатын Өскемен қаласы болады.

Сүт кластерін ірі кәсіпорындар, мысалы, Өскемен сүт комбинаты базасында құрылуы мүмкін Өскемен қаласында орналастыру перспективалы. Сүт кластеріне, кәсіпорындардан басқа, жақын маңдағы аудандардың фермаларының қатысуы күтілуде .

Мұнай кластерін құру перспективалы. Осы кластердің қатысушылары "Май" акционерлік қоғамы, "Опытное хозяйство масличных культур" жауапкершілігі

шектеулі серіктестігі, ҚазҒЗИ-Промзернопроект, қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты, барлық астық егетін аудандардың элеваторлары, Шемонаиха, Ұлан, Глубокое, Алтай, Катонқарағай, Үржар, Көкпекті және Бородулиха аудандарының күнбағыс майы мен басқа да майлы дақылдарының тауар өндірушілері, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындары болады.

Семей қаласындағы "Alikhan Bokeikhan University" оқу мекемесінің базасында құрылған Abai IT-Valley технологиялық кластерін дамыту. Бұл кластер өңірдің IT-мамандарын шоғырландыруға, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында адами капиталды дамытуға қолдау көрсетуге және өңірде озық индустриялық-инновациялық технологияларды әзірлеу және іске асыру үшін жағдайлар жасауға арналған.

Қайта өңдеу кәсіпорындарының, сондай-ақ жақын маңдағы аудандардың фермаларының қатысуымен ет бағытындағы азық-түлік кластерін құру перспективалы болып отыр. Кластердің орталығы Семей қаласы болады.

Қарағанды облысындағы Алайғыр кен орнының полиметалл кендерін өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жобаны іске асыру және Спасск мыс кені аймағының мыс кендерін өндіру мен қайта өңдеудің бірыңғай кешенін құру кезінде Қарағанды қаласында Абай ауданымен бірлесіп тау-кен металлургия кластерін (металл кендерін қайта өңдеу бағыты бойынша) құру.

Қарағанды облысының машина жасау кластерінің мамандануы тау-кен-шахта және байыту жабдықтарының жаңа түрлерін құру, цифрлық технологиялар мен жоғары дәлдіктегі құюды дамыту, сондай-ақ аса қатты ыстыққа төзімді материалдар жасау болады. Машина жасау кластерінің орталықтары Қарағанды қаласы және Саран қаласы, Теміртау және Шахтинск қалалары Пархоменко атындағы Қарағанды машина жасау зауытының, Қарағанды құбырмеханикалық зауытының, "Құрылысмет" ("АрселорМиттал Теміртау" компаниясының біріккен машина жасау зауыттарының), "Горные машины", "Корпорация "КазЭнергоМаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің, ауыр техникаға қызмет көрсету жөніндегі сервистік орталығының қызметі негізінде тау-кен өнеркәсібіне арналған бөлшектер мен жабдықтар өндіру болады.

Құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі кластерді Қарағанды және Балқаш қалаларының, сондай-ақ жақын маңдағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында орналастыру ұсынылады және гипсокартон, бетон, пластикалық бұйымдар өндіруге, металлургиялық техногендік қалдықтардан клинкерсіз тұтқыр және құрғақ қоспалар алуға және оларды азаматтық және жол құрылысында қолдануға бағытталған.

Құрылыс саласы кластері кәсіпорындарының жұмысын қамтамасыз ету үшін шикізат металлургия саласының көптеген техногендік қалдықтары және құрылыс материалдарының бар кен орындары болады.

Болашақта химия өнеркәсібі кластерінің мамандануы жұқа органикалық синтез және полимерлер химиясы, өнеркәсіптік химия және фармацевтика болады. Жинақталған ғылыми әлеуеттің және салыстырмалы түрде дамыған өндірістік инфрақұрылымның болуына байланысты химия өнеркәсібі кластерінің орталығы Қарағанды қаласы болады.

Фармацевтикалық өнім ассортиментін кеңейту мақсатында Қарағанды фармацевтикалық кешенінің базасында фармацевтикалық кластер құруға болады.

Бұқар Жырау ауданында шикізаттық әлеуетке ие бола отырып, өңдеу кәсіпорындарын (Майқұдық құс фабрикасының өндірістік кешені, "Ushtobe Qus" құс фабрикасы, "Қарағанды-Құс" тауарлық жұмыртқа өндіруге арналған құс фабрикасы және т.б.) жемдік дақылдармен (арпа, сұлы) қамтамасыз ету бойынша кластер құрған жөн. Кластердің құрамына егістік алқаптары бар шаруашылықтар мен өндірісті ғылыми сүйемелдеу қызметтерін көрсететін кәсіпорындар, сондай-ақ жем-шөп тұтынушылары – құс фабрикалары, шошқа кешендері кіреді.

Ұлытау облысындағы тау-кен металлургия кластерін Ұлытау ауданының, Жезқазған және Сәтбаев қалаларының аумағында Жезқазған кен орнының (Солтүстік, Оңтүстік, Степной, Шығыс, Батыс және Анненский кеніштері) тау-кен өндіру өндірістерімен жеткізілетін кен негізінде орналастыру ұсынылады. Қоңырат, Саяқ-I, Саяқ-II кеніштері және Саяқ-III кенішінің Тастау учаскесі. Бұл кластер құрамында металы бар кендер мен техногендік минералдық түзілімдерді синерго-активациялық ұсақтау және байыту бағытында дамиды деп болжанады.

2030 жылға дейін Жезқазған қаласында бұрынғы "Жезқазғангеология" акционерлік қоғамының базасында геологиялық кластер құру көзделіп отыр. Оның аумағында жаңа форматтағы жынысөзек қоймасы мен зертхана салу, оқыту орталықтарын құру көзделіп отыр.

Қостанай ауданы ет кластерін орналастыру үшін перспективалы болып табылады. Аудан мал саны, ет өндірісі, жүн өндірісі және т.б. бойынша жетекші орындардың бірін алады. Қостанай ауданы қолайлы географиялық жағдайда орналасқан, шекаралас Әулікөл, Таран, Алтынсарин аудандарында мал шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамытудың жоғары әлеуеті бар.

Қостанай облысындағы сүт кластерін Меңдіқара ауданында орналастыру перспективалы. Сүт кластеріне осы ауданның кәсіпорындарынан басқа Федоров және Қарабалық аудандарының фермалары да кіреді.

Ұн тарту кластері перспективалы кластерге айналады, себебі Қостанай облысында астықты өсіру және қайта өңдеу бойынша көшбасшы позицияға ие болу үшін барлық алғышарттар бар, ал Қостанай қаласында бұл үшін қажетті инфрақұрылым бар.

Қостанай облысында индустриялық аймақ аумағында машина жасау кластерін орналастыру перспективалы болып табылады, оны Қостанай қаласындағы дизель зауыты ауданында құруға болады. Кластерге автомобильдер өндірісі бойынша ғана

емес, сонымен қатар автомобиль компоненттерін (автомобиль шиналары, дискілер, амортизаторлар, серіппелер және басқалар) өндіру бойынша кәсіпорындар қатысады.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығында металлургия өнімдеріне жоғары сұранысты, елдегі металлургия саласын дамытудың орасан зор әлеуетін, сондай-ақ инвестициялық преференциялар түрінде және барлық қажетті инфрақұрылымды жүргізу жолымен инвесторларға мемлекет құратын қолайлы жағдайларды назарға ала отырып, Павлодар қаласындағы орталығымен тау-кен металлургия кластерін құру перспективалы болып табылады. Павлодар облысында қажетті шикізат пен ресурстар қолжетімді. Атап айтқанда, электр энергиясы, темір кені, кварцит, көмір және оны қайта өңдеу өнімдері, сондай-ақ білікті персоналдың болуы.

Тау-кен металлургия кластерінің құрамына: металды қайта өңдеу фабрикасы, болат және ферроқорытпа шығаратын кәсіпорындар кіреді.

Химиялық кластердің дамуы "Павлодар" арнайы экономикалық аймағының одан әрі дамуымен байланысты. Химиялық кластерге "Реагент-Восток" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Каустик" акционерлік қоғамы сияқты кәсіпорындар кіреді, олардың негізгі қызметі химиялық өнім (техникалық натрий гипохлориті, сұйық хлор, тұз қышқылы, "Белизна" ағартқыш құралы) өндіру болып табылады.

Петропавл қаласында астық егетін аудандардың - Тайынша, Есіл аудандары мен Мағжан Жұмабаев ауданының қатысуымен өткізу орталығы бар ұн тарту кластерін құру ұсынылады.

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар және Уәлиханов аудандарында құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру ұсынылады. Бұл қолда бар өндірістік қуаттар мен табиғи ресурстарға байланысты. Бұл кластерлік бастамаларды ынталандыру шаралары байыту фабрикасының құрылысымен кварц құмдарының Айсары кен орнын игеру, текше тәрізді қиыршық тасты шығару зауытын іске қосу болып табылады.

2030 жылға дейін қаржылық қызметтер кластерін дамыту. "Астана" халықаралық қаржы орталығының ашылуы қаланың қаржы секторын құру және дамыту мүмкіндігін білдіреді. Орталықтың тізбекті реакциямен дамуы қалада ұсынылатын қаржы және бизнес қызметтерінің сапасын арттыруға әсер етеді, қаржы технологияларын әзірлеуге ықпал етеді, жүргізілетін корпоративтік операциялардың деңгейін арттырады және білім мен технологиялар трансфертін жасайды, осылайша адами капиталдың ұлғаюын қамтамасыз етеді.

Астана қаласында медициналық кластерді одан әрі дамыту, оның негізі денсаулық сақтау объектілері: Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық диагностикалық орталық, Жедел жәрдем станциясы бар жедел медициналық жәрдем ғылыми-зерттеу институты, Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы, Кардиохирургия ғылыми орталығы болды.

"Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының (білім кластері, әлемдік технологиялық аутсорсинг) базасында Астана қаласында орналасқан білім беру Инновациялық-зияткерлік кластерін одан әрі дамыту.

46. Инвестициялық тартымдылықты арттыру

Бизнес-ахуалды жақсарту және Қазақстан Республикасының орталық өңіріне инвестициялар тарту мақсатында экономикалық өсу нүктелерін қалыптастыру, оның ішінде дамыған инфрақұрылымы бар индустриялық аймақтар мен арнайы экономикалық аймақтарды құру және дамыту есебінен жүргізіледі.

Орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағында бес арнайы экономикалық аймақ дамитын болады, оның ішінде:

1) Қарағанды қаласының аумағында және Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданының іргелес жерінде орналасқан "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағы (машина жасау, металлургия, химия өнеркәсібі өнімдері);

2) Павлодар қаласындағы "Павлодар" арнайы экономикалық аймағы (химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру; мұнай-химия өнімдерін, сондай-ақ ілеспе аралас өндірістер мен технологиялар өнімдерін өндіру);

3) Петропавл қаласындағы "Qyzyljay" арнайы экономикалық аймағы (тамақ өнімдерін өндіру және қайта өңдеу, құрылыс материалдарын, жиһаздарды, электроника және электр жабдықтары өнімдерін, машина жасау өнімдерін өндіру, көп бейінді аурухана салу, кең бейінді ауруханалар мен мамандандырылған ауруханалардың қызметі);

4) "Астана – жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы (тамақ, химия, фармацевтика өнеркәсібіндегі, машина жасаудағы, құрылыс материалдарындағы өндіріс);

5) "Астана-Технополис" арнайы экономикалық аймағы (тамақ өнімдерін, фармацевтикалық препараттарды, шыныдан және шыныдан жасалған бұйымдарды өндіру, металл емес минералдық өнімдерді, дайын металл бұйымдарын өндіру, машина жасау және т. б.).

Арнайы экономикалық аймағыдан басқа, индустриялық аймақтар экономикалық өсу нүктелеріне айналады:

1) Ақмола облысындағы екі индустриялық аймақ, оның ішінде Қосшы қаласындағы индустриялық аймақ және Целиноград ауданында (Астанада бес шақырым жерде) орналасқан "Қоянды" жеке индустриялық аймағы;

2) Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласындағы екі индустриялық аймақ: "Машина жасаушылар көшесі бойынша" және "Өркен-КШТ";

3) Қарағанды облысында екі индустриялық аймақ бар, оның ішінде Саран қаласындағы "Saran" және Қарағанды қаласындағы "QazCarbon";

4) Қостанай қаласындағы "Қостанай" индустриялық аймағы;

5) Павлодар облысында Екібастұз қаласында екі индустриялық аймақ бар;

6) Семей қаласындағы "Өндіріс" индустриялық аймағы.

47. Өңіраралық байланыстарды дамыту

Орталық өңірдің өңіраралық байланыстарын дамытудың алғышарттары транзиттік әлеует болып табылады.

Жобаланған аумақтың шекарасында екі халықаралық теміржол көлік дәлізі өтеді: Солтүстік және Орталық Трансазиялық теміржол магистральдық дәлізі.

Орталық Қазақстанның солтүстік өңірлерге арақашықтығын 540 шақырымға қысқартуға мүмкіндік беретін "Арқалық – Шұбаркөл", "Жезқазған – Бейнеу" жаңа теміржол магистральдары енгізілді, бұл Қытай Халық Республикасымен Еуропаға арақашықтықты 1 200 шақырымға қысқартуға мүмкіндік береді.

Павлодар мен Семей қалаларын жалғаған "Ақсу – Дегелен", Қостанай және Ақтөбе облыстарын жалғаған "Хромтау – Алтынсарин", "Шар – Өскемен" теміржол желілері салынды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағы бойынша:

1) үш халықаралық автокөлік бағыты: М-51 "Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл – Ресей Федерациясының шекарасы"; М-38 "Омбы – Павлодар – Семей – Майқапшағай"; М-36 "Астана – Қостанай – Челябинск – Екатеринбург";

2) республикалық маңызы бар автомобиль жолдары: А-1 "Нұр-Сұлтан – Петропавл", А-3 "Алматы – Өскемен", А-8 "Таскескен – Бақты (Қытай шекарасы)", А-9 "Өскемен – Риддер – Ресей Федерациясының шекарасы", А-11 "Семей – Ресей Федерациясының шекарасы (Барнаул)", А-12 "Петропавл – Соколовка – Ресей Федерациясының шекарасы (Есілге)", А-13 "Көкшетау – Кішкенекөл – Бидайық – Ресей Федерациясының шекарасы (Омбыға)", А-16 "Жезқазған – Петропавл", А-17 "Қызылорда – Павлодар – Успенка – Ресей Федерациясының шекарасы", А-18 "Павлодар – Шарбақты – Ресей Федерациясының шекарасы", А-20 "Қарағанды – Аягөз – Бұғаз", А-21 "Мамлютка – Қостанай", А-22 "Қарабұтақ – Комсомол – Денисовка – Рудный – Қостанай, оның ішінде Қостанай қаласын аралау (4 шақырым)", А-23 "Денисовка – Жітіқара – Мүктікөл – Ресей Федерациясының шекарасы".

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің он бір әуежайы, оның ішінде Екібастұз, Павлодар, Петропавл, Өскемен, Семей, Қостанай, Көкшетау, Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Астана қалаларында жұмыс істейді.

Транзиттік әлеуеттің және көлік инфрақұрылымының болуы Қазақстан Республикасының Оңтүстік және Батыс өңірлерден мынадай өнім түрлерін жеткізуге мүмкіндік туғызады:

- 1) Алматы облысы мен Алматы қаласынан жеміс және көкөніс шырындары;
- 2) Түркістан, Алматы облыстарынан, Шымкент және Алматы қалаларынан жаңа піскен және консервіленген жемістер мен көкөністер;
- 3) Алматы, Жамбыл мен Жетісу облыстарынан қант;
- 4) Қызылорда облысынан йодталған тұз;
- 5) Батыс Қазақстан облысынан консервіленген ет;

- 6) Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Түркістан облыстарының балықтары;
- 7) Шымкент қаласынан мақта майы;
- 8) Алматы қаласынан рапс майы;
- 9) Жетісу облысы мен Алматы қаласынан соя майы;
- 10) Қызылорда облысынан күріш;
- 11) Алматы облысы мен Алматы қаласынан шоколад, шоколад пен қанттан жасалған кондитерлік өнімдер;
- 12) Алматы қаласынан кетчуп және майонез;
- 13) Алматы облысы мен Алматы қаласынан коньяк;
- 14) Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Алматы қаласынан шарап;
- 15) Шымкент қаласынан мата;
- 16) Шымкент қаласынан кілемдер;
- 17) Алматы, Жамбыл облыстары мен Алматы қаласынан аяқ киім;
- 18) Жетісу, Алматы облыстарынан және Алматы қаласынан сыртқы киім;
- 19) Алматы облысы мен Алматы қаласынан қағаз және қағаз өнімдері;
- 20) Алматы облысынан, Шымкент және Алматы қалаларынан дәрі-дәрмектер;
- 21) Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының силикатты және қож кірпіштері;
- 22) Алматы облысы мен Алматы қаласынан орталық жылыту қазандықтары;
- 23) Алматы облысы мен Шымкент қаласынан цистерналар, бөшкелер, барабандар, канистрлер, жәшіктер мен сыйымдылықтар;
- 24) Жетісу облысынан, Алматы, Жамбыл облыстарынан және Алматы қаласынан граниттен жасалған плиталар мен қаптау плиткалары;
- 25) Түркістан облысы мен Алматы қаласынан 1 000 вольттан астам кернеуге электр тізбектерін ажыратуға, ауыстыруға немесе қорғауға арналған аппаратура;
- 26) Жетісу облысынан электр аккумуляторлары;
- 27) Алматы облысы мен Алматы қаласынан шамдар мен жарықтандыру құрылғылары;
- 28) Түркістан, Батыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласынан электр трансформаторлары;
- 29) Жамбыл облысынан фосфорлы, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар;
- 30) Алматы облысы мен Алматы қаласынан алынған бояулар, лактар, ерітінділер;
- 31) Атырау облысынан мұнай отыны (мазут) және газойл;
- 32) Атырау облысынан моторлы отын (бензин, оның ішінде авиациялық);
- 33) Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының табиғи газы;
- 34) Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының өнеркәсіптік газдары;
- 35) Маңғыстау облысынан аммиак;
- 36) Маңғыстау облысынан азотты, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар;
- 37) Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының силикатты және қож кірпіштері;
- 38) Маңғыстау облысынан азотты, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар.

Қазақстан Республикасының орталық өңірі елдің басқа өңірлеріне мынадай тауар түрлерін жеткізе алады:

1) Ақмола, Алматы, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарынан ет, оның ішінде тауық еті;

2) Абай, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарының күнбағыс майы;

3) Қарағанды облысынан маргарин және тағамдық майлар;

4) Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарынан алынған рапс майы;

5) Павлодар облысынан қатты түрдегі сүт;

6) Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарынан ұн;

7) Ақмола, Павлодар облыстарынан мата;

8) Абай және Қостанай облыстарынан ірі қара малдың терісінен жасалған былғары;

9) Қарағанды облысынан колготки, шөлкілер, шұлықтар;

10) Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстары мен Астана қаласынан резеңкеден жасалған құбырлар, түтіктер, жеңдер мен шлангтар;

11) Қарағанды облысынан орталық жылытуға арналған радиаторлар;

12) Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының шлаковаты, минералды силикат жүні;

13) Абай облысынан силикат және қож кірпіштері;

14) Шығыс Қазақстан облысынан 1 000 вольттан астам кернеуге электр тізбектерін ажыратуға, ауыстыруға немесе қорғауға арналған аппаратура;

15) Қарағанды, Павлодар облыстарынан электрондық және электрлік сымдар мен кабельдер;

16) Ақмола облысынан шарикті немесе роликті мойынтіректер;

17) Қарағанды, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарынан теміржол вагондары мен платформалары;

18) Ақмола облысынан пестицидтер мен агрохимиялық өнімдер;

19) Абай, Павлодар облыстарынан алынған бояулар, лактар, ерітінділер;

20) Қарағанды облысынан шойын және тазартылмаған болат;

21) Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарынан өңделмеген және жартылай өңделген немесе ұнтақ түріндегі күміс және алтын;

22) Павлодар облысынан алюминий;

23) Шығыс Қазақстан облысынан қорғасын және мырыш;

24) Қарағанды мен Ұлытау облыстарынан мыс.

3-параграф. Инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

48. Сумен қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Орталық өңірінің өңіраралық схемасында

2040 жылға дейін тұрақты сумен қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ әкімшілік облыстар мен аудандар бөлінісінде 2050 жылға дейінгі болжамды деректер қаралды (осы Өңіраралық схемаға 8-9 қосымшалар).

Қазіргі деңгейде әкімшілік облыстар мен аудандар бөлінісінде жерүсті және жерасты суларын пайдалану талдауы, олардың меншікті сумен қамтамасыз етілуі бойынша есептеулер, экономика салаларының су ресурстарына қажеттілік есептері орындалды.

1-кесте. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің әкімшілік облыстары бөлінісінде жылына 2040, 2050 жылдарға арналған, миллион текше метр су жинаудың, пайдаланудың және бұрудың негізгі көрсеткіштері

Облыс, қала	Есептік деңгейлер	Су алу				Суды пайдалану				Су бұру
		Барлығы	Үстіңгі	Жерасты	Өзгелер *	Барлығы	Үстіңгі	Жерасты	Өзгелер *	
Ақмола облысы	2040	164,51	120,2	44,23	0	162,7	118,83	43,95	0	61,66
	2050	200,12	151,5	48,62	0	200,1	151,50	48,60	0	88,786
Абай облысы	2040	336,93	237,5	99,34	0	328,6	233,57	95,02	0	70,484
	2050	379,48	269,7	109,7	0	378,8	269,71	109,1	0	100,61
Шығыс Қазақстан облысы	2040	586,3	444,3	142,0	0	532,7	431,48	101,2	0	288,11
	2050	741,34	583,1	158,1	0	697,5	583,15	114,3	0	382,31
Қарағанды облысы	2040	1 852,4	1 693,4	134,1	24,8	1 823,2	1 692,0	106,2	24,8	1 621,7
	2050	2 188,8	2 012,4	147,3	28,9	2 155,3	2 012,4	113,9	28,9	1 998,0
Қостанай облысы	2040	358,5	246,0	112,5	0	317,4	245,03	72,40	0	117,68
	2050	428,5	301,3	127,1	0	380,3	301,19	79,11	0	145,49
Павлодар облысы	2040	3 571,5	3 537,2	34,3	0	3 548,9	3 517,9	31,00	0	2 405,5
	2050	4 125,7	4 086,8	38,8	0	4 104,0	4 069,2	34,80	0	2 952,4
Солтүстік Қазақстан облысы	2040	353,3	340,6	12,7	0	352,5	339,76	12,74	0	156,22
	2050	414,21	400,4	13,7	0	413,7	400,04	13,74	0	249,03
Ұлытау облысы	2040	269,9	224,7	45,1	0	255,9	224,7	31,23	0	240,62
	2050	323,1	270,8	52,29	0	306,6	270,81	35,79	0	317,50
Астана қаласы	2040	237,7	237,0	0,738	0	227,8	227,09	0,738	0	263,15
	2050	323,8	322,8	1,02	0	323,8	322,86	1,020	0	390,07
Орталық өңір бойынша ЖИЫН Ы	2040	7 731,5	7 081,2	625,4	24,8	7 550,0	7030,4	494,6	24,8	5 225,1
	2050	9 125,22	8 399,1	697,0	28,9	8 960,4	8 380,9	550,5	28,9	6 624,3

Ескертпе. Өзгелер* - коллекторлық-дренажды және сарқынды сулар

Әкімшілік аудандар бөлінісінде 2040, 2050 жылдарға арналған суды жинаудың, пайдаланудың және бұрудың негізгі көрсеткіштері 10-27-қосымшаларда келтіріледі.

Өңірде су ресурстарымен қамтамасыз ету қанағаттанарлық, бірақ су ресурстарының аумақ бойынша және жыл кезеңдері бойынша біркелкі бөлінбеуін ескере отырып, кез келген сәтте су ресурстарының тапшылығы туындауы мүмкін.

Перспективада, өнеркәсіптің жоспарланған дамуына және тұрақты суаруға байланысты, су ресурстарын жалпы қабылдауда олар да басым позицияны иеленуді жалғастырады.

Көздер мен әкімшілік аудандар бөлінісінде суаруға белгіленген алаңдар, егер тұрақты суарудың қолданыстағы жүйелері қалпына келтіріліп, қайта жаңартылса, суарудың қазіргі заманғы және суды үнемдейтін технологиялары және т.б. енгізілген жағдайда ғана жерүсті суларының ресурстарымен толық қамтамасыз етілетін болады.

Қолда бар су ресурстарын нақтылау жаңа көздерді іздеудің алғышарттары әлі жоқ екенін көрсетті, сондықтан тұщы су қорларының әлеуетті көздері болып табылатын жерасты суларын кеңінен пайдалану, сондай-ақ экономика салаларын жерүсті су ресурстарымен кепілді қамтамасыз ету үшін халықаралық су бөлу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындау және болмаған жағдайда оларға қол қою орынды.

Су ресурстарын ұтымсыз пайдалану проблемаларын шешу, барлық салаларда ұтымды пайдалануды ынталандыру су ресурстарының едәуір көлемін босатуға мүмкіндік береді.

2040 жылға қарай халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу мәселелерін, сондай-ақ өзен ағынын реттеу, аумақтық қайта бөлу және өңірдің халқының қалалар мен ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізуін 100% қамтамасыз ету жолымен қолда бар су ресурстарын ұлғайту саласындағы міндеттерді шешу ұсынылады, оның ішінде:

1) Ақмола облысында Көкшетау қаласында су тазарту станциясының құрылысын аяқтау және 225 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі жөніндегі мәселені шешу;

2) Абай облысында қолда бар сумен жабдықтау жүйелерін жұмыс техникалық жағдайында ұстау және 93 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі жөніндегі мәселені шешу;

3) Шығыс Қазақстан облысында 205 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі жөніндегі мәселені шешу;

4) Қарағанды облысында қолда бар сумен жабдықтау жүйелерін жұмыс техникалық жағдайында ұстау және 134 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі жөніндегі мәселені шешу;

5) Қостанай облысында қолда бар сумен жабдықтау жүйелерін жұмыс техникалық жай-күйінде ұстау және 212 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі жөніндегі мәселені шешу;

6) Павлодар облысында 235 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі жөніндегі мәселені шешу;

7) Солтүстік Қазақстан облысында Соколов және Преснов топтық су құбырларын реконструкциялауды аяқтау және 220 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі жөніндегі мәселені шешу;

8) Ұлытау саласында Сәтбаев, Жезқазған қалаларын сумен жабдықтауды жақсарту, 12 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі жөніндегі мәселені шешу мақсатында Эскулин, Ұйтас-Айдос топтық су құбырларын реконструкциялауды аяқтау;

9) Астана қаласында Астананы сумен жабдықтаудың резервтік көзі бойынша мәселені шешу;

10) коммуналдық шаруашылық объектілерін басым тұрақты сумен жабдықтау;

11) экономиканың түрлі салаларында су тұтыну технологияларын жетілдіру;

12) өнеркәсіпте және басқа да салаларда ауыз су, суару және суландыру үшін жерасты суларын неғұрлым кең пайдалану, сондай-ақ қайтарымды, сарқынды және тұщыландырылған суларды пайдалану.

Бұдан басқа:

1) су ресурстарының жергілікті профициті есебінен ағынды бассейн ішілік, бассейн аралық қайта бөлу (Ертіс өзені ағынының бір бөлігі);

2) шекаралас елдермен (ҚХР, Ресей) трансшекаралық өзендер бойынша өзен ағынын бөлу;

3) су беруді ұлғайту және қосымша реттеуші сыйымдылықтар жасау үшін су тораптарын реконструкциялауды және жаңа су қоймаларын (Есіл өзеніндегі Бузулук су қоймасы) салуды жүзеге асыру жолымен өзен ағынын реттеу, аумақтық қайта бөлу, қолда бар су ресурстарын ұлғайту бойынша шаралар қажет.

49. Электрмен жабдықтау

Қазақстан Республикасының орталық өңірі 15,89 гигаватт көлемінде әсерлі қуатқа ие, бұл елдің электр энергетикалық ресурстарының едәуір бөлігін құрайды.

Мұнда елдегі барлық өндіруші қуаттардың шамамен 70% шоғырланған, бұл оның энергетикалық тұрақтылық пен қажеттіліктерді қамтамасыз етудегі маңыздылығын көрсетеді. Облыстардың электр станцияларының белгіленген қуаты 2 630 мегаватты құрады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің электр энергиясына өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы электр станцияларын жаңғырту және жаңа электр станцияларын салу көзделеді:

1) Жезқазған 2-жылу электр орталығының және Қарағанды 4-жылу электр орталығының құрылысы жылу жүктемелерін жабу шарттары бойынша негізделген (2030 жылы ескерілген);

2) қазіргі уақытта Екібастұз 1-мемлекеттік аудандық электр станциясында 2024 жылы аяқталу мерзімімен № 1 энергия блогын қалпына келтіру жобасы іске асырылуда ;

3) 2028 жылы 3-жылу электр орталығында қуаты 120/130 мегаватт болатын №7 турбинаны орнату жоспарлануда;

4) Екібастұз 2-мемлекеттік аудандық электр станциясында №3 блоктың құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Сонымен қатар, өңірлерде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді орналастыру жоспары шеңберінде жаңартылатын энергия көздері объектілерін салу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ақмола облысында жалпы қуаттылығы 200 мегаватттан асатын жел электр станцияларын, қуаттылығы 29,7 мегаватт жел электр станцияларын, қуаттылығы 30 мегаватт күн электр станцияларын, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысында қуаттылығы 39,375 мегаватт су электр станцияларын, Қарағанды облысында қуаттылығы 100 мегаватт күн электр станциясын салу жоспарлануда.

Ақмола облысы мен Астана қаласын дамыту жоспарында қуаттылығы 150-250 мегаватт бу-газ қондырғысын салу көзделген, бұл өңірдің генерациялау қабілетін едәуір арттырады.

Электрмен жабдықтау желілерін дамыту 35 киловольттан 110 киловольтқа көшуді, тар жерлерді жоюды және неғұрлым сенімді және тұрақты электрмен жабдықтау жүйесін қамтамасыз ету үшін қорғаныс механизмдерін жетілдіруді қамтиды.

Қолданыстағы 500 киловольт Екібастұз–1 мемлекеттік аудандық электр станциясында – Орталық негізгі төмендету қосалқы станциясы әуе желісіне кіру-шығу жолымен 500 киловольт әуе желісін қосумен 500 киловольт Астана қосалқы станциясын салу.

Астана қаласының шегінен тыс 500 киловольт Орталық негізгі төмендету қосалқы станциясын солтүстік бағытта (жаңа) жаңа алаңына көшіру.

Ұзындығы 500 киловольт Торғай жылу электр станциясы - Хромтау әуе желісінің құрылысы Торғай жылу электр станциясының (Қостанай облысы) және Хромтау қосалқы станциясының (Ақтөбе облысы) 500 киловольт ашық тарату құрылғысының тиісті кеңейтілуімен Қостанай - Ақтөбе қимасын күшейтуге балама бола алады.

Қарағанды қаласының тұтынушыларын сенімді электрмен қамтамасыз ету және электр желілерін күшейту мақсатында қаланы айнала 220 киловольттық шеңбер құрып, 220/110/10 киловольттық тірек қосалқы станцияларын – Жарық және Жылу – салу көзделген. Бұл қосалқы станциялармен бірге 220 киловольттық әуе желілері: Қарағанды 3-жылу электр орталығы – Жарық, Қарағанды 3-жылу электр орталығы – Жылу және Жарық – Жылу бағыттарында тартылады. Сонымен қатар, 220 және 110 киловольттық ашық тарату құрылғылары мен қуаттылығы 2х125 мегавольт-ампер болатын автотрансформаторлар орнатылады.

Теміртау энергия торабын сыртқы электрмен жабдықтау схемасымен әрқайсысының қуаты 250 мегавольт-ампер екі автотрансформаторы бар Теміртау энергия торабында жаңа тірек қосалқы станциясын және "Нұра" 500/220 киловольт қосалқы станциясынан "Теміртау 220/110 киловольт қосалқы станциясына дейін 220 киловольт екі тізбекті әуе желісін салу көзделген. 220/110 киловольт "Теміртау" қосалқы станциясының құрылысы Теміртау энергия торабының 220 киловольт энергия жүйесі желісімен қосымша байланысын қамтамасыз етеді және 220/110 киловольт "Теміртау" және "Металлургия" қосалқы станцияларының 220 киловольт жабдығына жоспарлы жөндеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Электр желілерін дамыту ескірген элементтерді жоюды, Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің қалаларын және жаңа тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың сенімділігімен қамтамасыз етуді көздейді.

50. Жылумен жабдықтау

Қазақстан Республикасының орталық өңірін жылумен жабдықтау бойынша көмірде, сондай-ақ табиғи газда орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың ірі жүйелерін құру басым болып қала береді.

Қазақстан Республикасының орталық өңірінде жылу жүктемесі мен жылуды тұтынудың болжамды деңгейлерін бағалау метеодеректерді қолданумен "Ғимараттардың жылу қорғанысы" 2.04-07-2022 Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары құжатында көзделген стандарттарды ескере отырып іске асырылды.

Жылыту, желдету және ыстық сумен жабдықтау үшін қажетті жылу ағындары "Жылу желілері" 4.02-02-2004 Мемлекетаралық құрылыс нормаларын және 3.01-01-2013 Қазақстан Республикасының Құрылыс нормаларын, сондай-ақ "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" 3.01-101-2013 Қазақстан Республикасының қағидалар жинағын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының нормаларына сәйкес келетін жалпы қабылданған жылу тұтыну стандарттарын ескере отырып есептелді.

2-кесте. Жылу тұтыну, мың гигакалория

Атауы	2030 ж.	2040 ж.
	болжам	
Астана қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	9 936,6	13 231,9
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	9 936,6	13 231,9
орталықтандырылған көздер	5 961,9	7 939,2
орталықтандырылмаған көздер	3 974,6	5 292,8
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Қостанай қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	2 375,3	2 463,3

Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	2 375,3	2 463,3
орталықтандырылған көздер	475,1	492,7
орталықтандырылмаған көздер	1 900,2	1 970,6
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Рудный қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	1 401,6	1 423,3
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	1 401,6	1 423,3
орталықтандырылған көздер	224,3	355,8
орталықтандырылмаған көздер	1 177,3	1 067,4
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Арқалық қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	455,3	462,4
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	455,3	462,4
орталықтандырылған көздер	182,1	184,9
орталықтандырылмаған көздер	273,2	277,4
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Петропавл қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	2 648,3	2 652,3
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	2 648,3	2 652,3
орталықтандырылған көздер	794,5	795,7
орталықтандырылмаған көздер	1 853,8	1 856,6
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Көкшетау қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	1 560,2	1 852,6
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	1 560,2	1 852,6
орталықтандырылған көздер	156	185,3
орталықтандырылмаған көздер	1 404,2	1 667,3
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Степногорск қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	699,4	849,8
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	699,4	849,8
орталықтандырылған көздер	111,9	136
орталықтандырылмаған көздер	587,5	713,8

Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Қарағанды қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	5 093,6	5 895,1
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	5 093,6	5 895,1
орталықтандырылған көздер	2 343,1	2 711,7
орталықтандырылмаған көздер	2 750,6	3 183,3
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Теміртау қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	1 814,5	2 219,9
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	1 814,5	2 219,9
орталықтандырылған көздер	290,3	355,2
орталықтандырылмаған көздер	1 524,1	1 864,7
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Жезқазған қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	829,9	1 015,4
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	829,9	1 015,4
орталықтандырылған көздер	132,8	162,5
орталықтандырылмаған көздер	697,1	852,9
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Балқаш қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	655,3	863,4
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	655,3	863,4
орталықтандырылған көздер	104,9	138,1
орталықтандырылмаған көздер	550,5	725,3
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Өскемен қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	3 163,5	3 493,6
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	3 163,5	3 493,6
орталықтандырылған көздер	1 993,0	2 201,0
орталықтандырылмаған көздер	1 170,5	1 292,7
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Семей қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	2 660,3	3 632,9

Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	2 660,3	3 632,9
орталықтандырылған көздер	425,6	581,3
орталықтандырылмаған көздер	2 234,6	3 051,7
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Риддер қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	582,5	621,6
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	582,5	621,6
орталықтандырылған көздер	349,5	373
орталықтандырылмаған көздер	233	248,6
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Павлодар қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	3 646,0	3 978,4
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	3 646,0	3 978,4
орталықтандырылған көздер	2 333,4	2 546,2
орталықтандырылмаған көздер	1 312,6	1 432,2
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0
Екібастұз қаласы		
Жылудың шығысы барлығы	1 488,0	1 682,2
Жылу энергиясын өндіру, оның ішінде:	1 488,0	1 682,2
орталықтандырылған көздер	892,8	1 009,3
орталықтандырылмаған көздер	595,2	672,9
Жылу энергиясының дефициті (-), артық (+) жылу энергиясы	0	0

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, болашақта 0,5-3% орташа жылдық өсу қарқынымен жылу жүктемелері мен жылу тұтынудың өсуі күтілуде.

51. Газбен жабдықтау

Қазақстан Республикасының орталық өңірінде сұйытылған газбен орталық газбен жабдықтау қалалар мен аудан орталықтарында бар. Ауылдық жерлер мен қала тұрғындарының бір бөлігі баллондарда әкелінетін сұйытылған газды пайдаланады. Тозудың жоғары дәрежесіне байланысты елді мекендерде газ тарату құрылғыларын қайта құру және салу қажет.

Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Астана бағыты бойынша "Сарыарқа" магистральдық газ құбыры құрылысының бірінші кезеңін енгізу және оны Қызылорда маңындағы "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырымен жалғау Қарағанды, Ақмола облыстарын, Ұлытау ауданын және Астана қаласын газдандыруды

бастау перспективасын ашады. "Сарыарқа" магистральдық газ құбыры құрылысының екінші және үшінші кезеңдері аяқталғаннан кейін бұл бастама Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарына, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысына іргелес Қостанай облысының алыс елді мекендеріне газдандыруды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Абай облысын және Шығыс Қазақстан облыстарын газбен жабдықтауға арналған сұйытылған табиғи газды "Сарыарқа" магистральдық газ құбырынан табиғи газды сұйылту зауытын салу жолымен қабылдауға болады. Алайда, мұндай жобаны дамытудың түпкілікті шешімі жеткізу мәселесі бойынша Ресей тарапымен келіссөздер аяқталғаннан кейін ғана мүмкін болады.

Қазақстан Республикасын 2023-2030 жылдары газдандырудың бекітілген бас схемасының көрсеткіштеріне сәйкес есептік мерзімге Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің елді мекендерін барынша газдандыру көзделген.

4-параграф. Көлік инфрақұрылымын кешенді дамыту шаралары

52. Өңірлік және өңіраралық көлік инфрақұрылымын нығайту өңірді кешенді дамыту бағыттарының бірі болып табылады.

Өңірдің көлік саласын дамыту мынадай салалардағы: автожол, теміржол, азаматтық авиация, су көлігіндегі инфрақұрылым деңгейін арттыруға және көлік-коммуникация кешенінің халықаралық көлік желілеріне интеграциялану деңгейін арттыруға бағытталатын болады (осы Өңіраралық схемаға 28-29 қосымшалар).

53. Теміржол көлігі инфрақұрылымын дамытуда 2030 жылға қарай мыналар ұсынылады:

"Ақтоғай – Мойынты" теміржол учаскесін электрлендіру – 391,8 километр, жоба шеңберінде екінші жолдарды салу және "Достық – Мойынты" теміржол учаскесін электрлендіру – 833 километр, бұл желілердің тасымалдау қабілетін едәуір арттыруға және экономикалық әсер жасауға мүмкіндік береді;

"Бақты – Аягөз" қатынасындағы теміржол желісінің учаскесін салу – 270 километр;

"Мойынты – Қызылжар" жаңа теміржол желісін салу – 320 километр;

"Жарық – Сексеуілді" учаскесінде екінші жолдарды салу, Орталық өңір шекараларында – 755 километр;

Астана айналма жолын салу – 4 километр;

Тобыл айналма жолын салу – 14 километр.

2040 жылға қарай мерзім ұсынылады:

"Қызылорда – Жезқазған" қатынасымен теміржол желісінің учаскесін салу – 396 километр;

"Есіл – Новоишимская" қатынасымен теміржол желісінің учаскесін салу – 145 километр;

"Аягөз – Зайсан – Майқапшағай" қатынасындағы теміржол желісінің учаскесін салу – 425 километр;

"Астана қаласын теміржол айналып өту" қатынасымен теміржол желісінің учаскесін салу – 220 километр.

2050 жылға қарай мерзім ұсынылады:

"Қарағанды – Қарқаралы – Ақтоғай" теміржол тармағының құрылысы – 680 километр;

"Павлодар – Ресей Федерациясының Большегривское станциясы" қатынасымен теміржол желісінің учаскесін салу – 231 километр;

"Астана – Арқалық – Шалқар" теміржол желісінің құрылысы – 746 километр.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүктерді тасымалдаудың жаңа қысқа маршруттарын қалыптастыру мақсатында темір жол учаскелерін салу көлік дәліздерінің және тұтастай алғанда республиканың көлік кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Жүктерді жаңа желілерге қайта бағдарлау олар бойынша тасымалдау қашықтығын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді, демек, көлік жұмысы мен көлік шығындарының көлемін едәуір қысқартады.

Сондай-ақ, теміржол көлігі инфрақұрылымын дамыту шеңберінде жобамен жобалаудың есептік мерзіміне мынадай іс-шараларды жүргізу ұсынылады:

жолаушылар вагондарын сатып алу және жөндеу, себебі пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын теміржол жылжымалы құрамының (жолаушылар вагондарының) үлесі 45%-ке жуық;

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағында теміржол вокзалдарын реконструкциялау және күрделі жөндеу. Қазіргі уақытта коммуналдық меншіктегі теміржол вокзалдарының жағдайының мәселесі өткір болып тұр (пайдалану мерзімі орта есеппен 50 жылдан асады). Шығыс Қазақстан облысында Шемонаиха қаласындағы (салынған жылы – 1936 жыл), Аягөз қаласындағы (1930 жыл) вокзалдардың авариялық жағдайына байланысты шұғыл күрделі жөндеу жүргізу қажет;

жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту (реконструкциялау);

жүк вагондары мен локомотивтердің жылжымалы құрамын жөндеу.

барлық магистральдық теміржол желісінің және сала объектілерінің техникалық жағдайын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру;

қазіргі заманғы жылдам жолаушылар қатынасын дамыту;

жүк тасымалдарының жалпы көлеміндегі транзит үлесінің елеулі ұлғаюы;

отандық көлік операторларын әлемдік нарыққа интеграциялау;

отандық көлік операторларының қызметіндегі сыртқы экономикалық құрамдас бөліктің өсуі.

Қазақстан Республикасының орталық өңірі өзінің бірегей географиялық орнын одан әрі транзиттік тасымалдарды дамыту үшін пайдаланудың нақты мүмкіндігіне ие.

Жаңа теміржол желілері өңіраралық және мемлекетаралық қатынастардағы тасымалдардың тиімділігін арттыруға ықпал ететін, Қазақстан Республикасының орталық өңіріне көліктік қызмет көрсетуді жақсартатын, табиғи ресурстарды пайдалану

, өндіргіш күштерді дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін қолайлы алғышарттар жасайтын болады.

54. Жобаланатын өңірдің жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 52 854,1 километрді құрайды, оның ішінде облыстар бөлінісінде:

Абай облысы – 6 858,1 километр, олардың ішінде: республикалық маңызы бар – 2 176,0 километр, облыстық маңызы бар – 1 592,5 километр және аудандық маңызы бар – 3 089,6 километр;

Ақмола облысында – 7 973,0 километр, олардың ішінде: республикалық маңызы бар – 2 347,0 километр, облыстық маңызы бар – 2 661,0 километр және аудандық маңызы бар – 2 965,0 километр;

Шығыс Қазақстан облысында – 5 266,0 километр, оның ішінде: республикалық маңызы бар – 1 238 километр, облыстық маңызы бар – 1 587,0 километр және аудандық маңызы бар – 2 441,0 километр;

Қарағандыда – 6 979,7 километр, оның ішінде: республикалық маңызы бар – 1 853,0 километр, облыстық 2 530,5 километр және аудандық маңызы бар – 2 596,2 километр;

Ұлытау облысы – 2 167,0 километр, оның ішінде: республикалық маңызы бар – 961 километр, облыстық – 896,0 километр және аудандық маңызы бар – 310,0 километр;

Қостанайда – 9 056,9 километр, оның ішінде: республикалық маңызы бар – 1 534,0 километр, облыстық маңызы бар – 2 205,9 километр және аудандық маңызы бар – 5 317,0 километр;

Павлодар облысында – 5 557,4 километр, оның ішінде: республикалық маңызы бар – 1 663,0 километр, облыстық маңызы бар – 1 010,0 километр және аудандық маңызы бар – 2 884,4 километр;

Солтүстік Қазақстан облысында – 8 996 километр, оның ішінде: республикалық маңызы бар – 1 970 километр, облыстық – 1 983 километр, аудандық маңызы бар – 5 043,0 километр.

Қатты жабынды жолдар 47,4 мың шақырымды құрайды (жалпы автожол желісінің 55,5%).

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағы бойынша үш халықаралық автокөлік маршруты өтеді:

"Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл – Ресей Федерациясының шекарасы" (М-51);

"Омбы – Павлодар – Семей – Майқапшағай" (М-38);

"Астана – Қостанай – Челябинск – Екатеринбург" (М-36).

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің автомобиль жолдарын талдау және бағалау негізінде жобамен автомобиль инфрақұрылымын дамыту бойынша жобалық шешімдер – Қазақстан Республикасының орталық өңірі бөлінісінде Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау ұсынылады.

2030 жылға қарай ұсынылады:

"Талдықорған – Өскемен" автожолын реконструкциялау және жобалау-іздістiру жұмыстары - 763 километр, Қазақстан Республикасының Орталық өңірі шеңберінде - 423 километр;

"Бурабай – Көкшетау – Петропавл – Ресей Федерациясының шекарасы" транзиттік дәлізінің "Астана – Петропавл" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздістiру жұмыстары Петропавл қаласын айналып өту құрылысымен - 75 километр;

"Ресей Федерациясының шекарасы (Омбыға) - Майқапшағай (Қытай Халық Республикасына шығу), Павлодар, Семей қалалары арқылы" республикалық маңызы бар "Қалбатау – Майқапшағай" учаскесі – 415 километр автожолын реконструкциялау және жобалау-іздістiру жұмыстары;

"Қостанай – Қарабұтақ" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздістiру жұмыстары, Рудный қаласын айналып өту құрылысы – 139 километр;

"Қызылорда – Павлодар – Успенка – Ресей Федерациясының шекарасы" республикалық маңызы бар автомобиль жолының "Қызылорда – Жезқазған" учаскесін реконструкциялау және жобалау-іздістiру жұмыстары, Қызылорда қаласын айналып өту құрылысы – 427 километр, Қазақстан Республикасының Орталық өңірі шеңберінде – 211 километр;

"Семей – Өскемен" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздістiру жұмыстары – 195 километр;

"Астана қаласын солтүстік-шығыс айналып өту" республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы және жобалау-іздістiру жұмыстары – 28 километр, нәтижесінде көлік ағындарын азайтады;

"Семей қаласын айналып өту" республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы және жобалау-іздістiру жұмыстары – 30 километр, "Ресей Федерациясының шекарасы" республикалық маңызы бар автомобиль жолы арқылы (Омбыға) – Майқапшағай", 733 километр, бұл Семей қаласына кірген кезде көлік ағынын азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ осы айналма жол шеңберінде Ертіс өзені арқылы көпір көзделген;

"Астана – Қарағанды – Балқаш – Бурылбайтал – Күрті – Қонаев" автомобиль жолының Орталық – Оңтүстік дәлізін ұзындығы 955 километр, Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің шекараларында – 520 километр реконструкциялау және жобалау-іздістiру жұмыстары;

"Жаңа Колутон – Журавлевка – Ақкөл – Минский" - 41,3 километр; "Балкашино – Шантөбе" - 55,0 километр; "Петровка – Қара – Адыр" - 25,0 километр; "Көкшетау – Атбасар – Веселое" - 24,0 километр, "Бабатай – Волгодоновка – Береке – Нововладимировка" - 40 километр; "Бұзылық – Алматы" - 18,5 километр; "Қима – Терісаққан" - 49,2 километр; "Новочеркасское – Егіндікөл – Қайнар" - 44,0 километр; "

Ақкөл – Азат – Қайнар" - 8,0 километр; "Уәлиханов – Қойтас" - 54,0 километр; "Щучинск – Степняк – Уәлиханов" - 37,5 километр; "Павловка – Қаратал" - 53,6 километр; "Ақкөл – Азат – Новорыбинка" - 3,9 километр; "Әдемі – Ярославка – Раздольное" - 26,6 километр; "Жезқазған – Петропавл – Донское – Костычево" - 32,0 километр; "Жақсы – Киров" - 26,6 километр; "Новокиевка – Прокатное" - 49,0 километр; "Көкшетау – Атбасар – Ақадыр – Ұялы" - 23,0 километр; "Ақадыр – Ескенежал – Еңбекбірлік" - 11 километр; "Көкшетау – Атбасар – Қошқарбай – Троицкое – Қарсақ – Үлгілі" - 49 шақырым; "Айдарлы – Үлгілі – Кенәткел" - 2 километр; "Көктерек – Ортағаш – Мәлік Ғабдуллин" - 25 километр; "Мәлік Ғабдуллин – Қанай би" - 6 километр; "Қанай би – Игілік – Жамантұз – Желтау" - 37 километр; "Шағалы станциясына кіреберіс" - 2 километр учаскелері бойынша Ақмола облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу;

Қостанай облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу: "Әулікөл – Москалевка – Мақсұт – Смайловка" - 106 километр; "Жітіқара – Қамысты – Ливановка" - 48 километр; "Лисаковск – Қайыңдыкөл – Краснооктябрьский" - 87 километр; "Торғай – Шилі – Аралкөл" - 182,1 километр; "Екатеринбург – Алматы – Победа – Мағнай – Новотроицкое – Станционный станциясы" - 61,0 километр; "Федоровка – Новошумное – Кеңерал" - 76,0 километр; "Озерное – Шишкинское – Воскресеновка – Надеждинка" - 61,0 километр;

Солтүстік Қазақстан облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын: "Становое – Новомихайловка – Мыңкесер – Сенжарка – Николаевка" - 17,0 километр; "Лавровка – Келлеровка – Тайынша – Чкалов" - 32 километр; "Қазгородок – Горьковское" 203 километр; "Астраханка – Смирново – Қиялы – Тайынша" - 64 километр; "Смирново – Трудовое – Токушинское" М-51 - 26 километр; "Покровка – Корнеевка – Горное" - 57 километр; "Пресновка – Благовещенка – Қайранкөл" - 98 километр; "Новоникольское – Андреевка – Бостандық – Новомихайловка" - 58 километр; "Лобаново – Зеренді" - 56 километр; "Арықбалық - төменгі Бұрлұқ – Приозерное" - 39 километр; "Каменный Брод – Қазан – Всеволодовка" - 47 километр; "Саумалкөл – Новокраинка – Қаратал – Қазан - 47 километр; "Талшық – Май – Ұялы – Ақсарай" - 96 километр учаскелері бойынша күрделі және орташа жөндеу.

ға қарай мерзім ұсынылады:

ұзындығы 1 300 шақырым, Қазақстан Республикасының орталық өңірі шеңберінде - 604,5 шақырым болатын "Астана – Арқалық – Ырғыз – Шалқар – Бейнеу" республикалық маңызы бар автожолының құрылысы мен жобалау-іздістіру жұмыстары Қазақстанның шығыс және батыс облыстарын бірыңғай автожол желісіне байланыстырады;

"Қорғалжын – Баршын – Шұбаркөл – Бетбұлақ – Бозтұмсық – Ұлытау" республикалық маңызы бар автожолының құрылысы және жобалау-іздіріру жұмыстары;

"Торғай–Қарабұтақ" республикалық маңызы бар автожолының құрылысы;

"Қызылорда – Павлодар – Успенка – Ресей Федерациясының шекарасы" республикалық маңызы бар "Жезқазған – Қарағанды" учаскесі автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздіріру жұмыстары, Қарағанды қаласын айналып өту құрылысы - 559 километр, Қазақстан Республикасының орталық өңірінің шекараларында - 520 километр;

"Қарағанды – Аягөз – Тарбағатай – Бұғаз" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздіріру жұмыстары - 921 километр;

"Семей – Ресей Федерациясының шекарасы (Барнаулға)" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздіріру жұмыстары – 111 километр;

"Жезқазған – Арқалық – Петропавл" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздіріру жұмыстары - 929 километр;

"Атбасар – Қостанай – Ресей Федерациясының шекарасы" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздіріру жұмыстары - 547 километр;

"Қарағанды – Успенка – Ресей Федерациясының шекарасы" учаскесінде 398 километр "Қызылорда – Павлодар – Успенка – Ресей Федерациясының шекарасы" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздіріру жұмыстары;

Шемонаиха қаласын айналып өту құрылысымен "Өскемен –Шемонаиха" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздіріру жұмыстары – 131 километр;

"Көкшетау – Ресей Федерациясының шекарасы (Омбыға)" республикалық маңызы бар автожолын реконструкциялау және жобалау-іздіріру жұмыстары – 276 километр;

Шығыс Қазақстан облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын: "Теректі – Урунхайка – Төсқайың" - 17 километр; "Күршім - Қалжыр – Ақбұлақ – Қараой – Ашалы" – 14 километр; "Аягөз - Таңсық – Ақтоғай – облыс шекарасы" - 120 километр; "Семей – Долон – Владимировка – Сосновка – Қоянбай" - 18 километр; "Барлық – Арасан – Алакөл көлі" - 7 километр; "Мақаншы – Үшрал" - 16 километр; "Ново-Ахмировоға кіреберіс" - 1,0 километр; "Тоған шаруашылығына кіреберіс" - 0,3 километр; "Семей – Талица" - 25,0 километр; "Жазық ауылына кіреберіс" - 8,0 километр; "Мұқыр ауылына кіреберіс" - 2,0 километр; "Семей – Қарағай" - 4,0 километр; "Мұздыбай ауылына кіреберіс" - 3,1 километр; "Достық ауылына кіреберіс - 1,0 километр учаскелері бойынша күрделі және орташа жөндеу;

Қарағанды облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын : "Қарағанды – Шахтинск – Есенгелді – Қайнар – Нұра" - 108 километр; "Қарағанды – Жартас – Долинка" - 38,3 километр; "Абай – Новодолинка – Шахан – Жаңаталап" - 33,7 километр; "Қарағанды – Самарка – Атасу – Айнабұлақ" - 61 километр; "Қарағанды – Ақбастау – Суықсу" - 18,5 километр; "Қарағанды – Шахтинск – Қойбас" - 10,3 километр; "Ақой – Сәкен Сейфуллин – Ақсу-Аюлы – Ақтоғай – Балқаш" - 430,9 километр; "Астана – Алматы – Нұркен – Ақтоғай" - 98,6 километр; "Қарағанды – Аягөз – Белағаш – Керней – Семізбұғы" - 80 километр; "Қарағанды – Ботақара – Ақбел – Үміткер" - 36,3 километр; "Қарағанды – Аягөз – Қарағайлы – Қарқаралы" - 31 километр учаскелері бойынша күрделі және орташа жөндеу;

Павлодар облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын: "Тереңкөл – Михайловка – Ресей Федерациясының шекарасы" – 108 километр; "Окунев өткеліне кіреберіс" - 9 километр; "Степкин өткеліне кіреберіс" - 9,141 километр; "Екібастұз – Бесқауға – Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы кесене" – 79,7 километр; "Екібастұз – мемлекеттік аудандық электр станциясы 1 – Бесқамыс" - 69 километр; "Екібастұз қаласының әуежайына кіреберіс" - 14 километр; "Григорьевка – Луганск" - 9 километр; "Ольгинка – Новоямышево" – 21 километр; "Ефремовка – Луганск" - 14 километр; "Ақтоғай – Харьковка – Қарабұзау" - 33,7 километр; "Разумовка – Басқамыс" - 38,9 километр; "Басқамыс – Қарақоға – Шұға – Жолболды" - 74,5 километр; "Жолболды – Шілікті" - 20 километр учаскелері бойынша күрделі және орташа жөндеу.

2050 жылға қарай ұсынылады:

"Балқаш – Семей" республикалық маңызы бар автожолының құрылыс және жобалау-іздістіру жұмыстары - 609,4 километр, бұл Қазақстан Республикасының Шығыс және Солтүстік өңірлерін бірыңғай автожол желісіне байланыстырады;

"Жезқазған – Созақ – Кентау – Түркістан" республикалық маңызы бар автожолының құрылыс және жобалау-іздістіру жұмыстары -147,1 километр, бұл Қазақстан Республикасының Орталық және Шығыс өңірлердің елдің Оңтүстік өңірімен және Ресей Федерациясымен сауда қатынастарын арттыруға ықпал етеді, сол арқылы осы бағыттағы өңірлерге көлік ағындарын тартуға мүмкіндік береді;

"Мамлютка – Қостанай" республикалық маңызы бар автожолының реконструкциялық және жобалау-іздістіру жұмыстары - 412 километр;

"Көкшетау – Рузаевка" республикалық маңызы бар автожолын реконструкциялау және жобалау-іздістіру жұмыстары - 184,8 километр;

Ұзындығы 324 шақырым болатын "Қалқаман – Баянауыл – Үміткер – Ульяновск" республикалық маңызы бар автожолының реконструкциялық және жобалау-іздістіру жұмыстары;

"Ресей Федерациясының шекарасы (Челябинскіге) – Ресей Федерациясының шекарасы (Омбыға)" республикалық маңызы бар автожолының Петропавл қаласы арқылы реконструкциялау және жобалау - іздестіру жұмыстары - 121 километр;

Шығыс Қазақстан және Абай облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын: "Белый луг кіреберіс" - 1,6 километр; "Таловкаға жол" - 1,4 километр; "Крольчатникке жол" - 6,0 километр; "Кедровкаға жол" - 3,0 километр, " Лениногор – Чекмарь"- 1,0 километр; "Лениногор – Пригородное" - 5,0 километр; " Еңлік - Кебек шатқалына кіреберіс" - 6,0 километр; "Қарауыл – Архат" - 0,5 километр; " Тоқтамыс ауылына кіреберіс" - 7,0 километр; "Құндызды ауылына кіреберіс" - 1,0 километр; "Көкбай ауылына кіреберіс" – 1,2 километр; "Қарағанды – Аягөз – Емілтау" 40,0 километр; "Баршатас – Байқошқар" - 7,0 километручаскелері бойынша күрделі және орташа жөндеу;

Солтүстік Қазақстан облысының облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын: "Көкшетау – Омбы – Бостандық – Киевское" – 57 километр; "Қарағанды – Шахтинск – Есенгелді – Қайнар – Нұра" - 108 километр; "Қарағанды – Жартас – Долинка" - 38,3 километр; "Абай –Новодолинка – Шахан – Жаңатап" - 33,7 километр; "Қарағанды – Самарқа – Атырау –Айнабұлақ" - 61 километр; "Қарағанды – Ақбастау – Суксу" - 18,5 километр; "Қарағанды –Шахтинск – Қойбас" - 10,3 километр; "Ақой – Сәкен Сейфуллин – Ақсу-ата – Ақтоғай – Балқаш" - 430,9 километр; "Астана – Алматы – Нұркен – Ақтоғай" - 98,6 километр; "Қарағанды – Аягөз – Белағаш – Керней – Семізбұға" – 80 километр; "Қарағанды – Ботақара – Ақбұлақ – Үміткер" - 36,3 километр; "Қарағанды – Аягөз – Қарағайлы – Қарқаралы" - 31 километр учаскелері бойынша күрделі және орташа жөндеу.

55. Қоғамдық жолаушылар тасымалының инфрақұрылымы өзінің техникалық және сервистік параметрлері бойынша тиісті жағдайға келтіру үшін қомақты ресурстарды талап етеді.

2030 жылға қарай ұсынылады:

Астанада 2 жаңа автовокзал салу, Ақмола облысында – 2 автостанция (Аршалы ауылы және Жақсы ауылы); Абай облысында – Аягөз қаласындағы 1 автостанция, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласында – 1 автовокзал, Ұлытау облысында – 3 автовокзал (Атасу ауылы – 1, Ұлытау ауылы – 1, қала Жезқазған – 1), Қарағанды облысында – 3 автовокзал (Теміртау қаласы – 1, Абай қаласы – 1, Саран қаласы – 1), Қостанай облысы Федоровка ауылында – 1 автостанция, Павлодар облысы Ақтоғай ауылында – 1 автостанция, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша қаласында – 1 автостанция.

2040 жылға қарай ұсынылады:

Ақмола облысында 4 автостанция салу: Шортанды кентінде – 1, Есіл қаласы – 1, Балкашино ауылы – 1, Ақмол ауылы – 1; Абай облысында 4 автостанция салу: Ақсуат ауылы – 1, Қалбатау ауылы – 1, Бородулиха ауылы – 1, Семей қаласында – 1 автовокзал және 1 автостанция; Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында – 1 автостанция; Қарағанды облысы Шахтинск қаласында – 1 автовокзал, Ақтоғай кентінде – 1 автостанция.

2050 жылға қарай ұсынылады:

Қостанай облысы Таран кентінде – 1 автостанция, Солтүстік Қазақстан облысы Новоишим ауылында – 1 автостанция, Саумалкөл ауылында – 1 автостанция.

Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында жолаушылар көлігі қатынасымен қамтылмаған елді мекендер байқалады. Аягөз ауданындағы ең қолайсыз жағдай – 59 елді мекеннің 39-ы тұрақты тасымалдармен қамтамасыз етілмеген, бұл 66,1%-ды құрайды, Жарма ауданында – 54 елді мекеннің 30-ы (55,5%) тасымалдаумен қамтамасыз етілмеген, Күршім ауданында 55 елді мекеннің 37-сі (57,3%) қамтылмаған.

Ұлан, Абай, Бесқарайғай аудандарында бүгінде бірде-бір ауданишілік маршрут жоқ, аудан тұрғындарын тасымалдау жеке жеңіл автомобильдермен және транзиттік ауданаралық және облысаралық тұрақты маршруттармен жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Астанада LRT жеңіл рельсті трамвай желісінің құрылысы іске асырылуда, бұл ретте станциялар саны 19 жылжымалы құрамнан 5 бірлікке дейін азаяды.

56. Қазақстан Республикасының орталық өңірінде 11 әуежай жұмыс істейді. Оның ішінде Астана, Қостанай, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Петропавл, Орал, Семей, Өскемен қалаларындағы 9 әуежай халықаралық азаматтық авиация ұйымының стандарттары бойынша санатталған халықаралық маңызы бар әуежайлар болып табылады. 8 әуежайдың жалпы сыйымдылығы сағатына 4500 адамды құрайды.

Әуе көлігі инфрақұрылымын дамытуда 2030 жылға қарай мыналар ұсынылады:

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласында жаңа әуежай салу, әуеайлақтың ұшу-қону жолағын және әуежайдың аэровокзал кешенін реконструкциялау;

Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданы жаңа Қатон-Қарағай әуежайын салу;

Абай облысы Үржар қаласындағы әуеайлақтың ұшу-қону жолағын және әуежайдың аэровокзал кешенін реконструкциялау;

Абай облысы Семей қаласындағы әуеайлақтың ұшу-қону жолағын және әуежайдың аэровокзал кешенін реконструкциялау;

Жезқазған қаласындағы әуеайлақтың ұшу-қону жолағын және әуежайдың аэровокзал кешенін реконструкциялау;

Қостанай облысы Арқалық қаласында жергілікті әуе желісінің әуеайлағын салу;

Қарағанды облысы Қарқаралы қаласында жергілікті әуе желісінің әуеайлағын салу;

Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Ұлытау ауылында жергілікті әуе желісінің әуеайлағын салу.

2040 жылға қарай ұсынылады:

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әуежайының аэровокзал кешенінің ұшу-қону жолағын реконструкциялау;

Қостанай облысы Қостанай қаласы әуежайының аэровокзал кешенінің ұшу-қону жолағын реконструкциялау;

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әуежайының аэровокзал кешенінің ұшу-қону жолағын реконструкциялау;

Павлодар облысы Павлодар қаласы әуежайының аэровокзал кешенінің ұшу-қону жолағын реконструкциялау.

2050 жылға қарай:

Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын ауданындағы Үлкен Нарын елді мекенінде әуеайлақ салу;

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім елді мекенінде әуеайлақ салу;

Павлодар облысы Баянауыл елді мекенінде әуеайлақ салу;

Қостанай облысының Буревестник елді мекенінде әуеайлақ салу;

Қостанай облысының Торғай елді мекенінде әуеайлақ салу;

Қостанай облысы Амангелді елді мекенінде әуеайлақ салу;

Солтүстік Қазақстан облысы Новоишим елді мекенінде әуеайлақ салу;

Солтүстік Қазақстан облысының Саумалкөл елді мекенінде әуеайлақ салу;

Солтүстік Қазақстан облысының Талшық елді мекенінде әуеайлақ салу;

Солтүстік Қазақстан облысы Кішкенекөл елді мекенінде әуеайлақ салу ұсынылады.

Шағын авиацияны дамыту облыс орталықтарын автомобиль және теміржол желісі нашар дамыған шалғай аудандармен жедел көліктік байланыспен қамтамасыз ету үшін халықтың авиакөлік қызметтеріне қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған.

Жобада 12 әуеайлаққа қосылатын шағын авиацияны дамыту үшін бес облыс орталығының ірі елді мекендерінде қажетті инфрақұрылым құру, жергілікті әуе желісінің әуеайлақтарын салу және реконструкциялау ұсынылады.

57. Абай облысы мен Шығыс Қазақстан облысы су ресурстарына бай, мұнда 800-ден астам өзен ағып өтеді, олардың жалпы ұзындығы 10 мың шақырымнан асады. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Ертіс өзеннің ұзындығы – 1 700 километр, оның ішінде облыстар аумағы бойынша – 1 311 километр. Абай мен Шығыс Қазақстан облыстарда ең ірі су қоймалары ретінде Шүлбі және Бұқтырма болып табылады. Өскемен, Бұқтырма және Шүлбі шлюздері жұмыс істейді.

Көліктік қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін 2030 жылға қарай су көлігі инфрақұрылымын дамытудың жобалық ұсыныстары ұсынылады:

Күршім, Зайсан және Катонқарағай аудандарын облыс орталығымен байланыстыратын Бұқтырма су қоймасы арқылы көпір салу;

Өскемен, Бұқтырма және Шүлбі шлюздерін реконструкциялау.

Абай облысында Ертіс өзенінде қосымша шлюз салу;

Абай облысында көліктік өзен флотын салу;

Абай облысы Семей қаласының Затон ауданында өзен портын салу;

Абай облысы Жаңа-Семей ауданында өзен вокзалын салу.

2 паром өткелі – Казнаковская және Васильевская жұмыс істейді. Жоғарыда аталған объектілер бойынша реконструкция жүргізілген жоқ.

Көліктік қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін 2040 жылға қарай жобалық ұсыныстармен:

Абай облысы – Семей қаласы, Шығыс Қазақстан облысы – Өскемен қаласында және Павлодар облысы – Павлодар қаласында жүк жинақтайтын қойма алаңдары бар үш айлақ құрылыстарын салу;

техникалық тозуды 61%-ге дейін төмендету мақсатында техникалық флоттың 40 мемлекеттік кемесін салу;

Шығыс Қазақстан облысында (Казнаковская және Васильевская) екі паром өткелін жаңғырту.

Қарағанды облысында республикалық мемлекеттік қазыналық Балқаш су жолдары кәсіпорны жұмыс істейді, ішкі су кеме қатынасы жолдарының ұзындығы 978 шақырымды құрайды. Мемлекеттік флоттың саны 7 бірлікті құрайды.

Ертіс бойынша – тұрақты кеме қатынасы (басты айлақтары: Ермак, Павлодар, Тереңкөл, Ертіс).

"Павлодар өзен порты" акционерлік қоғамы Ертіс өзеніндегі белсенді жұмыс істейтін порттардың бірі, облыстың құрылыс объектілеріне өзен құмын өндіру және тасымалдау бойынша қызметтер көрсетеді, сондай-ақ транзиттік қатынаста жүктерді тасымалдауда қызметтер көрсетеді. Тіркелген флот сүйреткіш кемеден, құрғақ жүктерден және құйма баржалардан тұрады.

Солтүстік Қазақстан облысында облыстың су ресурстары Ақанбұрлық және Иманбұрлық салалары бар Есіл өзенінің, Сілеті, Чаглинка, Қамысақты, Ащысу, Қарасу өзендерінің және басқа да су ағындарының ресурстарынан құралады, 2 328 көл бар, 461 су айдыны балық шаруашылығы болып табылады, оның 238-і жалға беріледі.

Астанада 2008 жылдан бастап Есіл өзені бойынша кеме қатынасы ұйымдастырылды, "Есіл кеме қатынасы" бағдарламасын іске асыру шеңберінде "Есіл-Астана" мамандандырылған мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны құрылды. Бірінші навигация 2008 жылы ашылды.

Су көлігін дамытудың негізгі бағыттары:

Облыс аумағы бойынша жолаушылар маршруттарының қолданыстағы желісін дамыту, шалғайдағы елді мекендердің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету, автомобиль және өзен көлігімен жүк тасымалдау көлемін ұлғайту;

экономиканың және облыс халқының қажеттіліктерін сапалы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ететін серпінді дамып келе жатқан теңдестірілген көлік жүйесін, тиімді және технологиялық жаңартылған көлік кешенін құру;

қызметтердің өзіндік құнындағы көліктік құрамдас бөлік төмендеген кезде облыс халқының көліктік қажеттіліктерін қанағаттандыру.

58. "Қызылорда – Теміртау – Қарағанды – Астана" бағыты бойынша 2019 жылғы 27 желтоқсанда ұзындығы 1 061,3 километр "Сарыарқа" магистральдық газ құбырының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді, бұл елді мекендерді табиғи газбен, орталық

және солтүстік өңірлермен, сондай-ақ "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырына қосу жолымен елдің оңтүстік өңірлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту және газдандыру үшін 2030 және 2040 жылдарға аяқталған "Сары – Арқа" магистральдық газ құбыры (2, 3, 4-кезеңдерінің құрылысы) шеңберінде Орталық өңірдің елді мекендерін барынша газдандыру жоспарлануда.

Осы жобаны толық іске асыру кезінде Астана, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қалаларының тұрғындары және газ құбыры тас жолының бойындағы жақын маңдағы 171 елді мекеннің 2,7 миллионға жуық тұрғыны табиғи газға қол жеткізе алады.

Шығыс Қазақстан облысында облысты газдандыру жүзеге асырылуда (газдандыру деңгейі - 1,18%). Орталықтандырылған газбен жабдықтауға (Сарыбұлақ кен орнынан) кәсіпорындар мен ұйымдар және Зайсан қаласы тұрғын үйлерінің 70%-дан астамы, сондай-ақ ауданның 9 ауылы қосылған. Зайсан ауданының 8 ауылына магистральдық жеткізу желілерінің құрылысы басталды.

Қазіргі уақытта Қостанай облысы аумағының солтүстік-батысы бойынша 1965 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан "Бұхара – Орал" транзиттік магистральдық екі айналымды газ құбыры салынды. Облыс шекарасындағы ұзындығы шамамен 60,0 километр, жіптердің диаметрі 1 020 миллиметр, қуаты тәулігіне 40 миллион текше метрге дейін.

"Қарталы – Қостанай" газ құбыры 1963 жылдан бері пайдаланылып келеді, Қостанай облысының шекарасындағы ұзындығы шамамен 100,0 шақырымды құрайды.

59. Транзиттік жүк ағыны көлік-логистикалық орталықтарды құру және дамыту арқылы реттеледі.

Логистика қолданыстағы және жобаланған көлік-логистикалық орталықтармен ұсынылған. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің қолданыстағы көлік-логистикалық орталықтары мен қолданыстағы жүк терминалдары мен қойма үй-жайлары Ақмола облысында, Астана, Қостанай, Павлодар қалаларында, Абай облысында (Семей қаласы, Үржар ауданы), Қарағанды облысында орналасқан.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағында мыналар ұсынылады:

2030 жылға қарай: 10 көлік-логистикалық орталық құрылысы: Астана қаласында – 7, Шығыс Қазақстан облысында – 1, Павлодар облысында – 1, Солтүстік Қазақстан облысында – 1 бірлік;

2040 жылға қарай 6 көлік-логистикалық орталық құрылысы: Астана қаласында – 1, Абай облысында – 2, Шығыс Қазақстан облысында – 2, Қарағанды облысында – 1 бірлік;

2050 жылға қарай 4 көлік-логистикалық орталық құрылысы: Қарағанды облысында – 2, Қостанай облысында – 1, Павлодар облысында – 1 бірлік.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің қалалары мен облыстарында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру және дамыту көлік түрлері

арасындағы технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру процесінде көліктік-логистикалық орталықтар құру үшін алғышарт болып табылады.

2030 жылға қарай:

Шығыс Қазақстан облысы, "Майқапшағай" шекара өткелі (Зайсан ауданы) – "Майқапшағай" кеден өткелінің көлік-логистикалық орталығы;

Павлодар облысы, Павлодар қаласы, көлік-логистикалық орталық құру ұсынылады;

Петропавл қаласында "Qyzyljär" АЭА, көлік-логистикалық орталық құру ұсынылады;

Астана қаласында 7 бірлік логистикалық орталықтарды салу ұсынылады;

2040 жылға қарай:

Астана қаласы, № 2 Индустриалды парк көлік-логистикалық орталық құрылысы ұсынылады;

Абай облысы, "Бақты" шекаралық өткелі "Бақты" кеден өткелінде көлік-логистикалық орталық құру ұсынылады;

Абай облысы Семей қаласы "Өндіріс" индустриялық аймағы, Семей қаласындағы көлік-логистикалық орталығы;

"Машина жасаушылар көшесі бойындағы" индустриялық аймақтар Өскемен қаласы, Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында "Өркен КШТ" көлік-логистикалық орталық құру ұсынылады;

Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданы Доскей ауылы "Сарыарқа" көлік-логистикалық орталығы, көлік-логистикалық орталық құру ұсынылады.

2050 жылға қарай:

Саран қаласында "Саран" индустриялық аймағында көлік-логистикалық орталық құру ұсынылады;

Қарағанды қаласында "Qaz Carbon" индустриялық аймағында көлік-логистикалық орталық құру ұсынылады;

Қостанай қаласындағы "Қостанай" көлік-логистикалық орталығының индустриялық аймағы;

Павлодар облысы "Павлодар" арнайы экономикалық аймағы, көлік-логистикалық орталық құру ұсынылады.

Қостанай облысында "Қостанай" индустриялық аймағы, сондай-ақ Рудный және Лисаков моноқалалары инвестициялық аймақтарға айналады.

Павлодар қаласында "Кедентранссервис" АҚ филиалының аумағында көлік-логистикалық орталықтың құрылысына 29 гектар жер телімі бөлінді.

"Павлодар" арнайы экономикалық аймағы аумағында 2050 жылға қарай арнайы экономикалық аймақты дамыту және облыс қалаларында индустриялық аймақтарды құру есебінен көлік-логистикалық орталық салу ұсынылады.

Екібастұз қаласындағы индустриялық аймақ инвестициялық аймақ және озыңқы даму аумағы бола алады.

Петропавл қаласында "Qyzyljar" арнайы экономикалық аймағын құру - Солтүстік Қазақстан облысында инвестициялық аймақ пен белсенді экономикалық даму аумағы болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облысы ірі сауда-логистикалық орталық болуға мүмкіндігі бар маңызды көлік торабы болып табылады. Сонымен қатар, өңірде шекара маңы ынтымақтастығын дамыту үшін үлкен әлеует бар. "Қызылжар" сауда-логистикалық хабын құру ұсынылады.

"Damu" жеке индустриялық-логистикалық аймағында "DAMU Logistics" компаниясы "DAMU-Астана" жобасын іске асыруды жоспарлап отыр. Нысаналы мақсаты: Астана қаласы Сарыарқа ауданында, басып озу пункті -39 разъездінде сауда-логистикалық көтерме-тарату орталығын (өнеркәсіптік база) салу.

Абай облысы мен Шығыс Қазақстан облысы шекаралас орналасқан және Ресей Федерациясымен және Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Өткізу пункттерінде көлік-логистикалық орталық қалыптастыру шекара маңындағы сауданы дамытудың маңызды драйвері болып табылады және бұл орындарды инвестициялау және озық даму аумақтары үшін перспективалы аймақтарға айналдырады. Облыста Майқапшағай, Бақты, Шемонаиха және Ауыл шекаралық өткелдері осындай әлеуетке ие.

Шығыс Қазақстан облысында "Майқапшағай" (Зайсан ауданы) кеден өткелінде көлік-логистикалық орталық құрылысы жоспарлануда.

Абай облысында "Аягөз – Бақты" теміржолының құрылысына ұсынылатын "Аягөз – Бақты" теміржолының шеңберінде 2040 жылға қарай перспективалы жоба "Бақты" кеден өткелінің көлік-логистикалық орталық құрылысы болып табылады, нәтижесінде көліктің барлық түрлерінің қызметтерін қоса алғанда, шекара маңы саудасы дамиды.

Абай облысында перспективалы жоба Семей қаласында көлік-логистикалық орталықтың құрылысы болып табылады, оған көліктің барлық түрлерінің қызметтері, халықаралық сауданы қоса алғанда, жылына 1-1,5 миллион тонна жүк тиеу қуаты кіреді.

Көлік логистикасы шеңберінде Қостанай облысында ауданы 65 гектар Қостанай қаласына, әуежай ауданында Қостанай Солтүстік парк станциясына жақын жерде көлік-логистикалық орталық салу жоспарлануда.

5-параграф. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың негізгі бағыттары

60. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде өндіргіш күштерді орналастыру мен халықты қоныстандыру өндірістік, еңбек және мәдени-тұрмыстық байланыстар жиынтығына, географиялық жағдайы мен көліктік қолжетімділігін есепке алуға

негізделген экономикалық тұрғыдан орынды әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде халыққа қызмет көрсетудің мынадай деңгейлері қалыптасады:

республикалық (республикалық деңгейдегі қала), өңіраралық деңгейлерде – Астана қаласы;

өңірлік деңгейде – облыс орталықтары – Көкшетау, Қостанай, Петропавл, Павлодар, Қарағанды, Өскемен, Семей, Жезқазған қалалары;

халыққа қызмет көрсетудің ауданаралық деңгейі моноқалаларда – Балқаш, Теміртау, Сәтбаев, Қаражал, Шахтинск, Абай, Екібастұз, Ақсу, Риддер, Алтай, Курчатов, Степногорск, Рудный, Жітіқара, Лисаков және шағын қалаларда – Қосшы, Ақкөл, Атбасар, Державинск, Есіл, Ерейментау, Макинск, Степняк, Щучинск (Ақмола облысы), Серебрянск, Зайсан, Шемонаиха (Шығыс Қазақстан облысы), Аяғөз, Шар, (Абай облысы), Қарқаралы, Сарань, Приозерск (Қарағанды облысы), Арқалық, Тобыл (Қостанай облысы), Булаево, Мамлютка, Сергеевка, Тайынша (Солтүстік Қазақстан облысы) қалаларында көрсетіледі. Өз кезегінде, бұл қалалардың бір бөлігі аудандық деңгейді де қалыптастырады;

аудандық қызмет көрсету деңгейі аудан орталықтарында құрылады, Қазақстан Республикасының орталық өңірінде барлығы 89 аудандық деңгей (оның ішінде 7 аудан қалаларда);

жергілікті деңгей – елді мекендер топтарының қызмет көрсету функцияларын орындайтын ауылдық округтердің орталықтарында. Аймақ бойынша жергілікті деңгейде 1 076 ауылдық округ бар;

халыққа қызмет көрсетудің қоныстану деңгейі елді мекендерде қалыптастырылады, Қазақстан Республикасының орталық өңірі бойынша барлығы 3 165 ауылдық елді мекен бар.

Қызмет көрсетудің әрбір деңгейінде қызмет көрсету сыйымдылығы мен радиусы халықтың қажеттіліктеріне сәйкес келетін және қызмет көрсету жүйесінің жұмыс істеуінің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ететін қызметтер ассортименті болуы тиіс.

Пайдалану кезеңділігіне байланысты жобамен қызмет көрсетудің үш сатысы (күнделікті, мерзімді, эпизодтық) қарастырылады: для республиканского (межрегионального) уровня – полный комплекс объектов повседневного, периодического, эпизодического обслуживания;

ауданаралық деңгей үшін – күнделікті, мерзімді, жекелеген эпизодтық қызмет көрсету объектілерінің толық кешені;

аудандық деңгей үшін – күнделікті, мерзімді қызмет көрсету объектілерінің толық кешені;

жергілікті деңгей үшін – күнделікті қызмет көрсету мекемелерінің толық кешені және мерзімді қызмет көрсетудің жекелеген объектілері.

Өңірдің әлеуметтік саласы объектілерінің қажеттілігін есептеу "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" Қазақстан Республикасының қағидалар жинағына 3.01-101-2013 сәйкес қолданыстағы жағдайды, халықтың болжамды санын және оның демографиялық құрылымын талдау негізінде аудандар бөлінісінде сараланған жолмен орындалды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде 2023-2024 оқу жылының басында тәрбиеленушілер саны 292 мың бала болатын 3 721 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Талданған кезеңде мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар саны 1,3%-ға төмендеді. Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар санының қысқаруы Қазақстан Республикасының орталық өңірінде туу деңгейінің төмендігімен байланысты.

Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың саны мен үлесі артты. Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі 26%-ды, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі 74%-ды құрады. 2023 жылы 535 орындық 5 мектепке дейінгі ұйым пайдалануға берілді.

2025 жылға қарай 2 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту 95%-ды, 3-жастан 6 жасқа дейін - 100 %-ды құрауы тиіс. 2023 жылы "Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы" (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілді, онда бірінші бағыт тең бастапқы мүмкіндіктер жасау болып табылады. Негізгі шаралар жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру есебінен жаңа орындар ашу, қосымша алаңдарды, оның ішінде тұрғын үйлер мен басқа да үй-жайлардың бірінші қабаттарында пайдалану арқылы қолданыстағы желіні кеңейту болып табылады. Тұжырымдамаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты орналастыруды жоспарлаудың міндетті шарты аумақтық бірліктердің (аудан, шағын учаске), өңірлік көші-қон ағындарының және туудың демографиялық көрсеткіштерінің болжамы болып табылады.

Нормативтік деңгей халықтың демографиялық құрылымына байланысты Құрылыс ережелерімен белгіленеді. Құрылыс ережелеріне сәйкес жобада балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамтамасыз етудің есептік деңгейі 85% шегінде қабылданды, бұл 100% нормативтік қажеттілік болып табылады.

Жобамен 2030 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдар орындарын 7,2%-ға ұлғайту көзделген және 313,4 мың орынды құрайды, 2040 жылға қарай – 7,8 %-ға және 337,8 мың орынды құрайды, ал 2050 жылға қарай – 8,5 есе ұлғайтылып, 366,4 мың орынды құрайды.

Болжамды кезеңде (2050 жылға дейін) Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі мектепке дейінгі білім беруде 118,3 мың орын қосу күтіледі.

2030, 2040, 2050 жылдарға арналған әкімшілік аудандар бөлінісінде мектепке дейінгі ұйымдарды дамытудың негізгі көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 30-қосымшада келтірілген.

2023-2024 оқу жылының басында өңірде 1 031 мың оқушысы бар 3,2 мыңнан астам мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептер жұмыс істеді.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде 2023 жылдан бастап 8,6 мың оқушы орнын пайдалануға берумен 13 мектеп салынды. Жаңа мектептердің ашылуы, оқушы орындарының өсуі олардағы оқушылар санының өсу қарқынына ілесе алмайды. Оқушылар орындарының тапшылығы 204,2 мың орынды құрайды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде шағын жинақталған мектептердің ең көп саны шоғырланған, бұл ауылдық жерлерде оқушы орындарының профицитіне әкелді (қалалық елді мекендерде мектептерде орын тапшылығы сақталады) (профицит 351,9 мың орынды құрады).

Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі жалпы білім беретін мектептердің қажеттілігін есептеу нормаларға, Құрылыс ережелеріне сәйкес жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын бір ауысымда оқытуды көздейді.

Жобада 2030 жылға қарай жалпы білім беретін мектептердің оқушы орындарының санын 40,0%-ға ұлғайту көзделген және 2 681,3 мың орынды құрайды, 2040 жылға қарай тағы 7,0%-ға (2030 жылмен салыстырғанда) ұлғаяды және 1 811,2 мың орынды құрайды, 2050 жылға қарай тағы 7,3%-ға ұлғаяды (2040 жылмен салыстырғанда) және жалпы білім беретін мектептердің оқушы орындары 1 942,8 мың орынды құрайды.

Жобаның басты міндеттері мыналар:

қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту, сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіру (тірек мектебі, құзырет орталықтары, "цифрлық мұғалім", жазғы мектеп, кадрларды ротациялау және басқа да тетіктер);

білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын және цифрлық инфрақұрылымын дамыту, қазіргі заманғы санитарлық нормаларға, қауіпсіздікке, жарақтандыру стандарттарына сәйкес келетін объектілермен қамтамасыз ету.

Үш ауысымды мектептердің проблемаларын шешу үшін әртүрлі тетіктер қолданылады: мемлекеттік бюджет және мемлекеттік-жекешелік әріптестік есебінен нысаналы құрылыс; модульдік конструкциялардан (тез салынатын ғимараттардан) мектептер салу.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әділ Қазақстан: барлығына және барлығына. Қазір және мәңгі" сайлау алды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын орындау үшін үш ауысымды оқыту, апатты мектептер және оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу мақсатында 2026 жылға қарай 1,5 миллион жаңа оқушы орындарын іске қосу жоспарлануда.

"Жайлы мектеп" жобасы шеңберінде 2026 жылға дейінгі кезеңде ағымдағы және болжанатын оқушы орындарының тапшылығын жабу үшін қалалар мен ауылдық елді мекендерде 460,4 мың оқушы орны (екі ауысымды оқыту кезінде) пайдалануға берілетін болады.

Әкімшілік аудандар бөлінісінде жалпы білім беретін мектептерді дамытудың 2030, 2040, 2050 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 31-қосымшада келтірілген.

61. Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі медициналық ұйымдардың желісі 2023 жылы 42,9 мың төсек қоры бар 315 ауруханамен және жоспарлы қуаты ауысымына 80,6 мың адам келетін 1 325 амбулаториялық-емханалық ұйымдармен ұсынылды.

Стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда халықтың 10 мың адамға шаққанда төсек-орынмен қамтамасыз етілуі 61,1 төсекті құрады, ал халықтың 10 мың адамға шаққандағы амбулаториялық-емханалық ұйыммен қамтамасыз етілуі бір ауысымда 114,7 адамды құрады. Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың тапшылығы бір ауысымда 62,0 мың адамды құрады. 2023 жылы бір ауысымда 1 450 адам қабылдайтын 39 амбулаториялық-емханалық ұйым, 350 төсек қоры бар 2 аурухана пайдалануға берілді.

Денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды іске асыру профилактикалық бағыттылықты күшейтті – Ұлттық скринингілеу бағдарламасын енгізу бойынша іс-шаралар жүргізілді, әлеуметтік қызметкерлер институттары құрылды, жалпы практика дәрігерлерінің саны артты.

Көптеген елдерде аурухананың рөлі қайта қаралуда – негізгі екпін ауруханада ұзақ емделудің орнына амбулаториялық диагностикаға, профилактикаға ауыстырылады, бұл аурухана төсектерінің қысқаруына әкелді.

Басты басымдықтардың бірі сапалы және қолжетімді медициналық қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады, мұнда негізгі көрсеткіштер мыналар: ауылдық елді мекендерді бастапқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмекпен қамту, медициналық көмек көрсетудің әлемдік стандарттарына сәйкес келетін жаңа және жаңғыртылған денсаулық сақтау объектілерінің жыл сайынғы саны болып табылады.

"Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 962 қаулысына сәйкес ауыл халқының медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру мақсатында елімізде 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету объектісі, оның ішінде 260 медициналық пункт, 235 фельдшерлік-акушерлік пункт және 160 дәрігерлік амбулатория салынып, пайдалануға берілетін болады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің перспективалық дамуы барлық аудандар мен қалаларда нормативтік деңгейге қол жеткізумен сипатталады.

Жобада 2030 жылға қарай төсек қорын 5,2%-ға, 2040 жылға қарай – 6,0%-ға, жобалаудың болжамды мерзімінің соңына қарай-тағы 6,0%-ға ұлғайту көзделген және 2050 жылға қарай төсек саны 50,9 мың төсекті құрайды.

Жобада 2030 жылға қарай амбулаториялық-емханалық ұйымдарда ауысымға келуді 1,9 есеге, 2040 жылға қарай 8,1%-ға ұлғайту көзделген, ал болжамды мерзімге (2050 жыл) амбулаториялық-емханалық ұйымдарда ауысымға келу саны тағы 8,3%-ға ұлғаяды және ауысымға 178,1 мың адамды құрайды.

"Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 қаулысында негізгі бағыттардың бірі "медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру" болып табылады, ол әлеуметтік бағдарлануға және ауылға басымдық бере отырып, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарауды, шалғайдағы ауылдық елді мекендердің тұрғындарын фельдшерлік-акушерлік пункттермен және дәрігерлік амбулаториялармен қамтамасыз етуді, көліктік медицинаны және қашықтықтан қызмет көрсетуді дамытуды қамтиды.

62. 2023 жылдың басында Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде 4 437 адамды қамти отырып, қарттар мен мүгедек адамдарға арналған стационарлық үлгідегі 33 медициналық-әлеуметтік мекеме, 7 136 адамды қамтитын психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедек адамдарға арналған 26 медициналық-әлеуметтік мекеме, 582 баланы қамтитын психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балаларға арналған 7 медициналық-әлеуметтік мекеме, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған 68 бала контингенті бар 2 медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді.

Жобамен жобалаудың есептік мерзіміне жобалық қуаты 50 орыннан аспайтын шағын жинақталған интернат үйлерін салу және қуаты 10-нан 50 төсек-орынға дейінгі күндізгі болу бөлімшелері түрінде әлеуметтік қызмет көрсетудің баламалы нысандарын дамыту ұсынылады. Дәл осындай әлеуметтік мекемелерді дамытудың тиімділігі интернат-үйлердің үлкен қуаттылығы өмір сүру процесінде адамдардың толып кетуіне, көрсетілетін қызметтердің сапа деңгейін төмендетуге және қоғамдағы азаматтардың әлеуметтік бейімделуіне, туыстық отбасылық байланыстардың жоғалуына әкелетіндігімен негізделген.

63. Өмір стандарты индикаторының маңызды сипаттамаларының бірі – тұрғын үй қорының сапасы мен саны. Өмір сүру сапасы, ұлт денсаулығы, әлеуметтік тұрақтылық, елдің экономикалық дамуы, демографиялық ахуал халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне байланысты.

Ең төменгі халықаралық стандарттар үй шаруашылығының әрбір мүшесінде оның мүшелерінің бірге тұруы үшін ортақ бөлмемен бірге жеке бөлменің (немесе үлкен үй шаруашылығына арналған екі бөлменің) болуын қамтамасыз етеді. Біріккен Ұлттар ұйымы ұсынған стандарт бойынша бір тұрғынға шаққандағы жалпы алаңның көлемі кемінде 30 шаршы метр болуы тиіс.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй бір адамға кемінде он бес шаршы метр және он сегіз шаршы метрден аспайтын пайдалы алаң, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтер немесе жатақханадағы бөлме мөлшерінде беріледі.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің тұрғын үй қоры 2024 жылдың басында тұрғын үйдің жалпы ауданы 160,6 миллион шаршы метрді құрады, оның ішінде қалалық жерлерде – 116,2 миллион шаршы метр (72,4%), ал ауылдық жерлерде – 44,4 миллион шаршы метр (27,6%). Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің үлесіне елдің апатты үйлерінің жалпы ауданының 47,6%-ы тиесілі (осы Өңіраралық схемаға 32-қосымша).

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету 22,9 шаршы метрді құрайды (орта есеппен ел бойынша бір адамға 23,9 шаршы метр).

Халықтың тұрғын үйге артып келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жобада жаңа тұрғын үй қорын салу, қолданыстағы тұрғын үй қорын қайта жаңарту және күрделі жөндеу есебінен тұрғын үй қорының көлемін ұлғайту көзделеді.

Жобада 2030 жылдың соңына қарай тұрғын үй қорын 15,5%-ға, 2040 жылға қарай тұрғын үй қорын тағы да 14,7 %-ға ұлғайту көзделген, ал болжамды кезеңге (2050 жыл) қарай тұрғын үй қорының көлемі 2040 жылмен салыстырғанда 18,5 %-ға ұлғайып, 252,1 миллион шаршы метрді құрайды. 2050 жылдың соңына қарай халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі бір адамға шаққанда 30,4 шаршы метрді құрайды.

64. Мәдениет саласындағы қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру өңірлік дамудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бірыңғай мәдени кеңістікті қалыптастыру, азаматтардың әртүрлі топтарының мәдени құндылықтары мен ақпараттық ресурстарына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажеттілігі туындады.

Мәдениет мекемелерінің аумақ бойынша біркелкі бөлінбеуі, олардың қалалық елді мекендерде шоғырлануы және ауылдық елді мекендердегі санының жеткіліксіздігі өңірдің барлық халқына, әсіресе ауыл тұрғындарына мүмкіндік беру үшін мәдениет объектілерін салу қажеттілігін туындатады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде 2024 жылдың басында 12,5 мың орындық 28 театр, 21,0 мың орындық 40 кинотеатр, 231,1 мың орындық клуб үлгісіндегі 1 576 мекеме, 32,7 миллион сақтау томы бар 1 870 кітапхана жұмыс істеді.

Халықтың мәдениет объектілерімен қамтамасыз етілу көрсеткіштері біртіндеп төмендеуде, оның себебі өңір халқы санының өсу қарқыны жаңа мәдениет объектілерін пайдалануға беру қарқынынан асып түсуі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің мәдениет объектілерін енгізу 2050 жылға қарай халықты мәдениет объектілерінің барлық түрлерімен нормативтік қамтамасыз етуге қол жеткізе отырып, кезең-кезеңімен жүргізумен көзделеді. Жобамен болжамдық 2050 жылға театрлардағы орындарының саны 31,2 мың орынды құрайтыны, кинотеатрлар орындарының саны 167,2 мың орынды құрайтыны, клуб үлгісіндегі мекемелер орындарының саны 905,9 мың орынды құрайтыны көзделген.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде халықтың кітапханалармен жоғары қамтамасыз етілуі байқалады. Алайда, қалалар мен аудандар бойынша кітап қорының тапшылығы бар. Жобалаудың болжамды мерзімінің соңына қарай кітапхана қоры тағы 1,4 есеге артады және 46,9 миллион сақтау томын құрайды.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің дамуындағы мәдени сектор рөлінің өсуі, оның қоғамдық дамудың кең мақсаттарына бағдарлануы қоғамдық қабылдаудағы мәдениет саласының мәртебесін, оның ұзақ мерзімді перспективада тұрақтылығын арттыруға алып келеді. Осының арқасында мемлекет қана емес, бизнес те мәдени жобалардағы серіктестер болады.

6-параграф. Рекреациялық инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

65. Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің болуы, табиғи ландшафттардың алуан түрлілігі, қолайлы экологиялық жағдай, қолайлы географиялық жағдай және туристік тартымдылықтың басқа да факторлары, сондай-ақ стратегиялық құжаттарда көрініс тапқан мемлекеттік саясат туризмді Қазақстан Республикасының орталық өңірі мамандануының маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындайды.

Ресми статистика деректері бойынша Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағында орналастыру орындарының саны 2023 жылы 1,3%-ға артып, 1 904 бірлікті құрады (оның 2,5% - ы санатқа берілген). 2022 жылмен салыстырғанда біржолғы сыйымдылық 2 066 бірлікке артып, 102 544 төсек-орынды құрады.

Орналастыру орындарыда қызмет көрсетілген келушілер саны 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,6%-ға өсті (3 148,5 мың адам) және 3 514,2 мың адамды құрады, 2019 жылмен салыстырғанда 28%-ға.

Орналастыру объектілері 94 588,5 миллион теңге сомасына қызмет көрсетті, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 26,4%-ға (74 809,5 миллион теңге) және 2019 жылмен салыстырғанда 1,8 есе (51 367,5 миллион теңге) көп.

2023 жылы Астана қаласы бойынша 257 орналастыру орны тіркелді (қонақ үйлердің 8,5% - ына санаттар берілді). Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны 1 324,0 мың адамды немесе қызмет көрсетілген келушілердің жалпы санының 37,7%-ын құрады. Орналастыру орындарында көрсетілген қызметтер көлемі 45 392,0

миллион теңгені немесе Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінің 48,0%-ын құрады.

Қазақстан астанасы – Астананың және оған тартылатын Щучинск-Бурабай курорттық аймағының дамуы Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің ғана емес, тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының жаңа туристік дестинацияларын дамыту үшін жаңа серпін, үлгі болды.

Қазақстан Республикасында және шекаралас мемлекеттерде Щучинск-Бурабай курорттық аймағының белсенді танымал болуы курорттық аймақтың айтарлықтай жүктелуіне әкелді. Щучинск-Бурабай курорттық аймағында демалушылар саны 2023 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 2,5 есе өсті және 305 465 адамды құрады, 2022 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға өсті.

66. Щучинск-Бурабай курорттық аймағы табиғи аумағына антропогендік жүктемені азайту үшін Қазақстан Республикасының Орталық өңірдің басқа облыстарының табиғи әлеуетіне назар аудару ұсынылады.

Саланың перспективалық дамуы Қазақстанның туристендіру картасына енген туристік аумақтарды дамытуда көрінеді, оларға мыналар жатады: Щучинск-Бурабай, Зеренді, Баянауыл және Имантау-Шалқар курорттық аймақтары, Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауы (республикалық деңгейдегі аумақтар), сондай-ақ Алтай курорттық аймақтары (Алтайдың тау шаңғысы кластері), Қостанай (Алтынсарин ауданының аймағы) және Қарқаралы (өңірлік деңгейдегі аумақтар) курорттық аймақтары. Осы курорттық аймақтарды дамытудың ұзақ мерзімді перспективасы үшін даму жоспарларын әзірлеу қажет.

Аталған аумақтардың табиғи-рекреациялық ресурстары, тарихи-мәдени мұрасы Щучинск-Бурабай курорттық аймағынан кем түспейді және онда экологиялық, мәдени-танымдық (киелі), жағажай, емдеу-сауықтыру, спорттық-шытырман оқиғалы (белсенді) және туризмнің басқа да түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Олар арқылы туристік кластердің өзегі – Астанаға апаратын халықаралық және республикалық маңызы бар жолдар өтеді.

67. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар экологиялық туризмді дамытуда ерекше рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағында республикалық маңызы бар 66 ерекше қорғалатын табиғи аумақ шоғырланған, 2023 жылы оларға 1,2 миллионнан жуық адам келді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 18,0%-ға артық.

ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра қорына енгізілген Шығыс Қазақстан облысындағы Қатон-Қарағай Мемлекеттік ұлттық табиғи парк ерекше қызығушылық тудырады. Оның аумағында келесі табиғи ескерткіштер орналасқан: Белуха тауы, Арасан, Көккөл, Язовой, Рахмановский сарқырамалары, Көккөл кеніші, Берел қорымы, Рахмановское, Язевое (Қаракөл) көлдері, Рахман бұлақтары, сондай-ақ туристік маршруттар дамыған Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы және Австрия жолы.

Туристер үшін Қызыларай таулы-орман оазисі және Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, 2 зоологиялық қорықша: Қу және Белдеутас қорықшалары тартымды болып табылады. Қарқаралының таулы ормандары мен көлдері, Сарыарқа далалары өзінің сұлулығымен, ғасырлар бойғы дәстүрлерімен және аңыздарымен танымал.

Сондай-ақ Баянауыл, Бурабай, Бұйратау, Көкшетау, Тарбағатай, Ұлытау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Қорғалжын және Наурызым мемлекеттік табиғи қорықтары және басқа да көптеген ерекше қорғалатын табиғи аумақтар отандық және шетелдік туристер арасында өте танымал.

Соңғы жылдары ерекше қорғалатын табиғи аумаққа келетін туристер санының қарқынды өсуіне байланысты туристік маршруттар мен экологиялық соқпақтарға жүктемелерді реттеу өзекті болып отыр.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағында экологиялық туризмді дамыту мақсатында туристік маршруттар мен соқпақтарды жайластыруға, туристік инфрақұрылымды (визит-орталықтар, глампингтер, кемпингтер, этно-ауылдар, жеңіл салынатын конструкцияларды қолдана отырып, күрделі құрылыссыз автотуристерге арналған тұрақтар) құруға, сондай-ақ туристік маршруттар бойындағы интернет-инфрақұрылыммен және санитарлық-гигиеналық тораптармен қамтамасыз етуге негізгі назар аудару қажет.

68. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде мәдени-танымдық туризмді дамытуға "Қазақстанның киелі географиясы" мәдени-географиялық картасына енген тарихи-мәдени мұра объектілері мен киелі объектілерді танымал ету және кеңінен пайдалану ықпал ететін болады. Өңір аумағында республикалық және жергілікті маңызы бар 5 500-ден астам тарихи-мәдени объектілер ескеріледі.

Этнографиялық туризмді дамыту үшін перспективалы аумақ Ұлытау өңірі болып табылады, онда 500-ден астам тарихи-мәдени нысандар шоғырланған, олардың 282-сі "Ұлытау" мұражай-қорық қорының тарихи-мәдени картасына енгізілген. Музей-қорық аумағында Алаша хан, Жошы хан, Теректі әулие, Байқоңыр, Басқамыр жастас суреттері және басқа да түрлі тарихи дәуірлердің ескерткіштері бар.

Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданындағы Берел қорғандарының ескерткіштері мен Қостанай облысының Амангелді ауданындағы Торғай геоглифтері ерекше қызығушылық тудырады.

Сондай-ақ, туристер үшін Астана қаласының аумағындағы ежелгі Бозоқ және Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Ботай қалашықтары қызықты, онда іргелес аумақтарда этнографиялық кешендер (этноауылдар) мен визит-орталықтар орналастырылуы мүмкін.

Визит-орталықтар мәдени және табиғи игіліктерді сақтау, сондай-ақ археологиялық кешендерді ұлттық маңызы бар объект ретінде ғылыми, білім беру және туристік мақсаттарда пайдалану міндеттерін шешуде кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

Этноауылдар шетелдік туристердің сапары бағыты бойынша турларға ұлттық накыш береді, бұл ұлттық қолөнердің жандануына және жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға ықпал етеді.

69. Ауылдық (аграрлық) туризм табиғи-рекреациялық ресурстарды, тарихи-мәдени объектілерді және ауылдық жерлердің басқа да ерекшеліктерін пайдалануға негізделген туризмнің әртүрлі түрлерінің кең спектрін біріктіре отырып, салыстырмалы түрде жаңа және перспективалы бағыт болып табылады.

Аграрлық туризм ауылдық аумақтарды дамытуға және жайластыруға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді, экологиялық таза, органикалық егіншілік негізінде алынған азық-түлікке сұранысты кеңейте отырып, жеке қосалқы шаруашылықтардың дамуын ынталандырады. Бүкіл әлемде аграрлық туризмді тұтынушылар саны артып келеді, бұл оның дамуын егжей-тегжейлі қарастыруды қажет етеді.

70. Қолда бар өнеркәсіптік өндірістік базаны ескере отырып Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде өнеркәсіптік туризмді дамыту перспективалары бар. Соңғы жылдары туристердің көпшілігі табиғи ландшафттары бар табиғи экологиялық таза жерлерді ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптік нысандарды да тарта бастады. Туризмнің осы түрін дамытуды туристер үшін қызықты индустриялық объектілер: ірі кен орындары, зауыттар мен фабрикалар аумағында қарастыру ұсынылады.

Мысалы, Павлодар облысының Екібастұз қаласындағы "Богатырь" ірі көмір кеніші, Қостанай "Баян Сұлу" кондитерлік фабрикасы және Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі, Ұлытау облысындағы Жезқазған мыс балқыту зауыты және басқалар сияқты жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік объектілер туристер үшін үлкен қызығушылық тудырады.

71. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің шекаралас облыстары үшін туризмді дамыту үшін үлкен перспективалар бар. Алайда, қазіргі заманғы инфрақұрылымның болмауы шекара маңындағы аумақтардың туристік әлеуетін толық көлемде іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Шекара маңындағы аумақтарда туризмді дамытудың маңызды тетіктерінің бірі өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттыру және туристік инфрақұрылымды құру және дамыту жөніндегі қолданыстағы инвестициялық жобаларды, сондай-ақ инвесторлар үшін инвестициялық преференциялар мен жеңілдіктерді одан әрі ілгерілету болады. Бұл үшін бірлескен іс-шараларды, оның ішінде форумдарды, бизнес-миссияларды, көрмелерді өткізу, іргелес мемлекеттердің азаматтары үшін бір-екі күндік экскурсияларды қоса алғанда, бірлескен трансшекаралық туристік маршруттарды құру және дамыту тиімді құрал болады.

Шекара маңындағы аумақтарда экологиялық, аграрлық, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық және спорттық-шытырман оқиғалы туризмді дамытуға, ерекше

қорғалатын табиғи аумақтарға, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысындағы туристер арасында ерекше танымал панты, радонды және фито-ауруханаларға баса назар аудару қажет.

72. Елорда халқының көбеюі және жазғы кезеңде келетін туристер ағыны елордалық сегментте қысқа мерзімді демалыс орындарына қажеттіліктің артуына әкеп соғады. Бұл даму аймағына Ақмола облысының Қосшы қаласы, Аршалы, Ақкөл, Целиноград және Шортанды аудандары кіреді.

Демалыс күндерінің турларын кеңейту мақсатында Целиноград ауданындағы Қоянды су қоймасындағы құмды жағажайды кеңейту, сондай-ақ Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Жалтыркөл, үлкен және Кіші Сарыоба, Вячеслав су қоймасы көлдерінің жағасында туристік инфрақұрылымды дамыту орынды болады.

Халықты және туристерді Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде қысқа мерзімді демалыспен қамтамасыз ету үшін Щучинск-Бурабай, Зеренді, Баянауыл, Имантау-Шалқар курорттық аймақтарының көлдерінің аумақтарында, Алакөл, Балқаш, Маралды, Қалатуз (Тұзқала), Кененбай, Құсмұрын, Майкөл, Меңгісор, Ащыкөл, Шошқалы, Сібе көлдерінде, сондай-ақ, Қаратомар, Кеңгір, Бұқтырма, Быстроушинское және Шүлбі су қоймаларында, Тобыл өзенінде жағажай туризмін дамыту қажет.

73. Соңғы уақыттарда туризмнің спорттық-шытырман оқиғалы (белсенді) түрі кеңінен таралып жатыр. Туристер жағажайдағы демалыстан гөрі ашық ауада демалуды көбірек тандай бастады. Туристердің назарын көбіне тау шаңғысы, тау велосипедімен, тау соқпақтарымен серуендеу, байдаркада жүзу, виндсерфинг, кайтинг көп тартады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің тауларында белсенді демалысты, оның ішінде тау шаңғысы туризмін дамыту үшін мына аумақтардың тау массивтері сәйкес келеді:

Ақмола облысының Зеренді, Бурабай және Сандықтау аудандары;

Алтай және Глубокое аудандары, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының аумақтары;

Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы;

Павлодар облысындағы Баянауыл ауданы.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі үшін тау шаңғысы туризмін дамытудың өзектілігі жоғары, оның дамуы жекелеген салаларда әлеуметтік-экономикалық дамудың негізіне айналуға қабілетті.

Жыл бойы ұсынылатын қызметтер спектрін одан әрі дамыту және кеңейту үшін әлеуеті бар Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі тау шаңғысы туризмінің перспективалы объектілеріне мыналар жатады:

Ақмола облысы Бурабай ауданындағы "Нұртау" тау шаңғысы базасы және "Ақ желкен" тау шаңғысы кешені;

Глубокое ауданындағы "Алтай Альпілері" және "Нұртау" тау шаңғысы курорттары, Алтай ауданындағы "Орел" тау шаңғысы кешені, "Эдельвейс" тау шаңғысы кешені

және Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласындағы "Stardust Camp" тау шаңғысы базасы;

Теміртау қаласының маңындағы "Теміртау" тау шаңғысы базасы және Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы "Шахтер" демалыс үйі;

Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы "Мырзашоқы" тау шаңғысы базасы.

74. Туризмнің спорттық-шытырман оқиғалы (белсенді) түрін дамытуға таулы өзендерде танымал болып келе жатқан ағызу (рафтинг) айтарлықтай серпін берді. Оларға Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің келесі өзендерін жатқызуға болады:

Шығыс Қазақстан облысындағы Оба, Ертіс, Бұқтырма, Үлбі, Сержиха, Қалжыр, Тұрғысын және Хамир;

Ақмола облысындағы Нұра және Сілеті өзендері.

Су көлігінде серуендеу экскурсияларын дамыту перспективалары бар. Қазіргі уақытта елорданың – Астана қаласының шегіндегі Есіл өзенінің арнасында серуендеу экскурсиялары жүзеге асырылуда.

Ееліміздің басты су артерияларының бірінде – Есіл өзенінде Петропавл су қоймасының бөгетінен Солтүстік Қазақстан облысының Приишимка кентіне дейінгі жолда; Қара Ертіс өзенінде (Қытай Халық Республикасымен шекарадан бастап) – Зайсан көлі – Ертіс өзені – Бұқтырма – Өскемен – Шүлбі су қоймасы (Ресей Федерациясымен шекараға дейін) су круиздерін ашу мүмкіндігі бар.

75. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде аңшылық және балық аулау туризмін дамыту үшін барлық алғышарттар бар. Аймақ аумағында аңшылық алқаптарының жалпы ауданы 79 194,7 мың гектар 520 аңшылық шаруашылығы, сондай-ақ 2 000-нан астам балық шаруашылығы су айдыны шоғырланған.

76. Туристік саланы дамыту бойынша мемлекет алға қойған міндеттер шеңберінде ішкі туризмнің басым дамуын ескере отырып, негізгі бағыттардың бірі өскелең ұрпақты осы процеске кеңінен тарту арқылы туризмнің белсенді түрлерін дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде жас туристер мен натуралистер үйірмелерінде сабақтармен 2023 жылы 11 141 оқушы немесе республика бойынша жалпы санының 27,7% (40 179 оқушы) қамтылды. Қазіргі уақытта екі облыста жас туристер мен натуралистер станциялары жоқ.

Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту мақсатында Ұлытау мен Қостанай облыстарында жас туристер станциясын құру қажет.

77. Қазақстан Республикасының Орталық аймағында минералды көздердің болуы келесі аумақтарда санаторий-курорттық мекемелерді ұйымдастырудың алғышарттары болып табылады:

Бурабай ауданындағы Бурабай кентінен солтүстік-шығысқа қарай 7 шақырым жерде және Ақмола облысының Зеренді ауданындағы Зеренді көлінің оңтүстік жағалауында;

Зайсан қаласынан солтүстік-батысқа қарай 30 километр жерде, Шығыс Қазақстан облысындағы Зайсан ойпатының оңтүстігінің тау бөктеріндегі бөлігі;

Ұлытау облысының Қаражал қаласынан оңтүстікке қарай 50 шақырым жерде;

Қарқаралы қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 5 километр және Қарағанды облысындағы Қарқаралы қаласынан солтүстікке қарай 45 километр;

Әулікөл ауданындағы Аманқарағай кентінен солтүстік-батысқа қарай 2 километр, Қарабалық ауданындағы Белоглинка кентінен шығысқа қарай 9 километр және Қостанай облысының Ұзынкөл ауданындағы Сабынды кен орнында;

Петропавл қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 2 километр, Жамбыл ауданындағы Благовещенка ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 километр, Ақжар ауданындағы Майское ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7 километр, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданындағы Меңкесер көлі және Айыртау ауданындағы Шалқар көлінің оңтүстік жағалауында.

78. Келешекте емдеу-сауықтыру туризмін дамыту үшін мынадай су айдындарының су және тұнба балшықтарының құрамына егжей-тегжейлі зерттеу жүргізу ұсынылады:

Абай облысы Бесқарағай ауданындағы Шошқалы көлі;

Қостанай облысы Жангелдин ауданындағы Қарғалы және Ақкөл елді мекендерінің маңындағы Ақкөл (Қаратұз) көлі және жерасты минералды бұлақтары;

3) Аққулы ауданындағы Тұз-қала көлі, Шарбақты ауданындағы Маралды көлі және Железин ауданындағы Чалдук көліндегі және Павлодар облысы Успен ауданындағы Темірязево ауылындағы ыстық жерасты бұлақтары.

79. Өңірдің жұмыс істеп тұрған емдеу-сауықтыру мекемелерінің оң имиджін қалыптастыру Қазақстан Республикасының орталық өңірі шипажайларының мүмкіндіктерін таныстыру бойынша шекара маңы мемлекеттерінің форумдарын өткізуді қамтамасыз етеді.

Астана қаласы медициналық туризмді дамытуда үлкен әлеуетке ие. Оның бәсекелестік артықшылықтары жоғары білікті мамандар, инновациялық жабдықтармен жабдықталған заманауи медициналық орталықтар, сондай-ақ елорданың елеулі логистикалық әлеуеті болып табылады.

Сонымен қатар, туристерді тартудың перспективалы бағыты-жалпымемлекеттік және халықаралық іс-шараларды өткізуді қамтитын Астана қаласында креативті индустрияны, сондай-ақ іскерлік және оқиғалық туризмді дамыту болып табылады. Астана басым туристік аумақ болып белгіленді және Қазақстанды туристендіру картасында іскерлік (MICE) туризмді дамытумен ұсынылады.

80. Сәулет, сән, музыка, өнер, кино, халық кәсіпшілігі, мұражайлар, театрлар және мәдени мұра сияқты креативті индустрияны дамытудың арқасында Қазақстан

Республикасының Орталық өңірінің аумақтарын саяхаттау үшін қызықты ететін туристік өнімдер жасалады. 2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағында жол бойындағы сервистің 772 объектісі бар, оның ішінде 623 объект (80,7%) "Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол сервисі объектілеріне және олардың қызметтеріне қойылатын талаптар" ҚР СТ 2476-2014 (ұлттық стандарт) стандартына сәйкес келеді. Жол бойындағы сервис объектілерінің Қазақстан Республикасының стандартына сәйкестігінің ең төмен көрсеткіші Ұлытау (64,7%) және Павлодар облыстарында (75%) байқалады. Осыған байланысты республикалық маңызы бар жолдарды ұлттық стандартқа сәйкес келетін жол бойындағы сервиспен қамтамасыз ету жөнінде шаралар кешенін қабылдау қажет.

Жол бойындағы сервис объектілері туристік ағындарға тікелей әсер ететін жол және туристік инфрақұрылымның маңызды элементі болып табылады, бұл туристерге маршрут бойынша ыңғайлы жүруге мүмкіндік береді.

Дамымаған инженерлік-көліктік инфрақұрылым, туристік объектілерге барудың қиындығы, жол бойындағы сапалы инфрақұрылым объектілері мен санитарлық-гигиеналық тораптардың жеткіліксіз саны, шалғай өңірлерде, оның ішінде Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағындағы туристік маршруттар бойында интернет инфрақұрылымының болмауы, санатсыз және басқа да орналастыру орындарынсыз орналастыру объектілерінің көп саны, бос уақыт объектілерінің жетіспеуі, шетелдік туристер үшін тартымды бағыт ретінде жекелеген өңірлердің жеткіліксіз танымалдылығы Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі туристік саланың даму қарқынын баяулатады.

Осы мәселені шешу үшін бірыңғай мақсаты, стратегиясы және оны іске асыру жөніндегі шаралары бар өңірлік деңгейде стратегиялық басқарудың тиімді жүйесін әзірлеу ұсынылады. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің туристік-рекреациялық кешені экономикада маңызды рөл атқарады, оның проблемалары басқарушылық шешімдер қабылдауды талап етеді.

4-тарау. Табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар

1-параграф. Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

81. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің орнықты дамуына көшу келешекте әлеуметтік-экономикалық даму және қолайлы қоршаған ортаны және оның аумағындағы табиғи-ресурстық әлеуетті сақтау проблемаларын теңгерімді шешуді қамтамасыз етуге арналған.

Қоршаған ортаны қорғаудың және Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің табиғи ресурстарын ұтымды пайдаланудың нысаналы басым бағыттары қалалар мен

елді мекендердегі қоршаған ортаның ластануын азайту (нормативтік талаптарға сәйкес судың, топырақтың және атмосфералық ауаның сапасын қамтамасыз ету), ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін сақтау және дамыту, ресурстарды үнемдейтін және қалдықсыз технологияларды енгізуді қоса алғанда, табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану болып табылады (осы Өңіраралық схемаға 34-қосымша).

82. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының атмосферасының ластану деңгейі айтарлықтай жоғары болып қалуда. Өңірдегі қоршаған ортаның ластануына негізгі үлес металлургия кешені, жылу энергетикасы секторы, тау-кен өндіру және тау-кен өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары және автокөліктерге тиесілі.

Атмосфералық ауаның зиянды және қауіпті заттармен ластануының алдын алу және азайту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Ауа ортасының сапасын сақтау өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартудың басым бағыттарының қатарына жатады.

Атмосфералық ауаны қорғаудың негізгі шараларына мыналар жатады:

бірінші кезең:

қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша неғұрлым ірі I санатты кәсіпорындар-объектілер үшін атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу:

өңірді ластаушы кәсіпорындардың жобалық материалдарда және табиғат қорғау іс-шараларының ағымдағы жоспарларында көзделген атмосфералық ауаны ластанудан қорғау жөніндегі іс - шараларды жүзеге асыруы, оның ішінде ескірген және тиімсіз тазарту жабдықтарын ауыстыру, қолданыстағы жабдықтардың қуатын ұлғайту;

өңірдің барлық қалалары мен елді мекендерінде атмосфераның ластану индексі (АЛИ) 0-4 (төмен деңгей) дейін төмендету;

өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындарының кешенді экологиялық рұқсаттарға көшуі;

өңір қалаларында жылу энергетикасы және автономды жылумен жабдықтау көздерінен (жылу электр орталықтарын, әлеуметтік объектілер мен тұрғын алаптарды газдандыру) қыста атмосфералық ауаның ластануын азайту;

Астана қаласын, Ақмола, Қарағанды облыстарын газдандыру;

өңірдің газдандырылған облыстарының барлық ірі қалаларында жылу электр орталықтарын көлемі мен бағасы бойынша қолжетімді болған жағдайда көмірден газға ауыстыру;

он мыңнан астам халқы бар елді мекендерде атмосфералық ауаның ластануының жиынтық есептеулерін жүргізу және облыстың атмосфералық ауасының жай-күйін кешенді бағалау үшін облыстардың өңірдің және Астана қаласының елді мекендерінің атмосфераға шекті жол берілетін шығарындыларының жиынтық томдарын әзірлеу;

өңірдің кәсіпорындарының атмосфераға шекті жол берілетін шығарындылар нормативтерін сақтауын бақылау;

Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында өнеркәсіп кәсіпорындарының санитарлық-қорғау аймақтарының шекараларында атмосфералық ауаның ластануын мониторингтеудің автоматтандырылған жүйелерін енгізу;

радионуклидтердің ядролық сынақтар жүргізу орындарының әуе жолымен іргелес өңірлердің аумағына қоныс аудару мүмкіндігін бағалауды жүргізу мақсатында бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының (СЯСП) аумағында және оған іргелес аумақтарда атмосфералық ауаның радионуклидтік ластануына мониторинг жүргізу;

шығарындылардың аумақтық лимиттерін белгілей отырып, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитариялық-қорғаныш аймақтарын қайта қарау және жайластыру, перспективалық құрылыс салу үшін тиімді жоспарлау шешімдерін әзірлеу;

экологиялық және санитарлық-гигиеналық талаптарды ескере отырып, жаңа тұрғын үй және өнеркәсіптік құрылыс объектілерін орналастыру;

облыстық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын кесіп өтетін елді мекендердің кеңеюін ескере отырып, транзиттік көлікті өткізу үшін айналма жолдар салу;

елді мекендерде қоныстану аумақтарынан жүк қозғалысын шығаруды қамтамасыз ететін жолдарды салу және реконструкциялау;

көлік ағындарының "жүктемесін азайтуға" мүмкіндік беретін өңірдің облыс орталықтарының мен Астана қаласының негізгі автомагистральдарында автокөлік жолайықтарын салу;

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің қалаларында көлік қозғалысын оңтайландыру, оның ішінде қала орталықтарын автокөліктен түсіру, жаяу жүргіншілер көшелерін қалыптастыру, уақытша автотұрақтарды дамыту және автомагистральдар бойындағы белгіленбеген орындарда көлікті қоюға тыйым салу;

Астана, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Семей қалаларында жол қозғалысын бейімдеп реттеу жүйесін енгізу;

отын ретінде сұйытылған газды пайдаланатын пайдаланылатын жаңа автокөлік құралдарының (қалаішілік жолаушылар мен жүк көлігін қоса алғанда) үлесін ұлғайту;

экологиялық көлікті дамыту және баламалы көлік түрлері үшін инфрақұрылымды жақсарту (электромобильдер, велосипедтер, электр самокаттар және басқалар);

автотехниканың отын жүйелерінің жай-күйін және реттелуін жүйелі бақылау, пайдаланылған газдардың құрамын бақылау;

облыстар, қалалар және өңір аудандары үшін қоршаған орта сапасының түзетілген нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу және бекіту;

өңір облыстарының қалаларында жасыл аймақтарды сақтау, реконструкциялау және дамыту;

тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын санитариялық жайластыру, олардың жануын болғызбау;

өңір қалаларында атмосфералық ауаның сапасына онлайн-мониторинг жүргізу және "Ақылды қала" (Smart City) ластану деңгейі бойынша ақпараттандыру жүйелерін енгізу ;

өңір облыстарының өнеркәсіп кәсіпорындарының санитариялық- қорғаныш аймақтарында және Астана қаласында автожолдардың бойында, сондай-ақ тұрғын және рекреациялық аймақтарда атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторингтік зерттеулер ұйымдастыру;

"Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалдарының атмосфералық ауа сапасын бақылау бекеттерінің желісін жаңғырту және кеңейту, сондай-ақ атмосфералық ауадағы айқындалатын қоспалар тізбесін кеңейту.

есептік мерзім:

жобалық өнеркәсіптік аймақтар мен индустриялық аймақтарды селитебті құрылысынан алыс орналасқан аумақтарда орналастыру;

өңірдің ірі қалаларында ауа бассейнінің ластану көздерін түгендеу;

қоршаған ортаға шекті жүктемені белгілеу үшін өнеркәсіптік және автокөлік ластануын қоса алғанда, өңірдің барлық ірі қалалары бойынша шекті жол берілетін шығарындылар нормативтерін әзірлеу;

Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Абай, Ұлытау облыстарының, Астана қаласының ластаушы өнеркәсіп кәсіпорындарын меншік иелерімен келісім бойынша арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға көшіру мәселесін қарау;

Өскемен, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Петропавл, Жезқазған, Семей, Көкшетау, Астана қалаларында жеке секторды газдандыру, баламалы энергия көзіне (орталық жылыту немесе электр энергиясы) ауыстыру;

өнеркәсіптік кәсіпорындарда "жасыл технологиялар" мен заманауи шаң-газ тазарту жабдықтарын енгізу;

селитебті аймақтарындағы өндірістік аумақтардың алаңдарын азайту;

меншік иелерімен келісім бойынша кәсіпорындарды қала шегінен тыс жерге шығару, тұрғын және өнеркәсіптік массивтер мен қорғалатын табиғат объектілерін жасыл аймақтармен бөлу, өнеркәсіптік және тұрғын үй кешендерінің аймақтылығы қағидатын жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде атмосфералық ауаны ластаушылардың бірыңғай ақпараттық деректер банкін құру;

өңірдің ірі қалаларында ақылы кіру және жүріп-тұру жүйесін іске қосу мәселесін қарастыру;

өңір қалаларында көлік ағындарын басқару жүйесін ("Smart Traffic Control System") енгізу;

қалалық азаматтық көлікті электр немесе сутегіге ауыстыру (басым қалалар – Астана, Қарағанды, онда ауыстыру барлық автопарктің кемінде 70%-ын қамтуы тиіс);

жеңіл электр көлігін дамыту және енгізу, велосипед көлігі мен велосипед инфрақұрылымын дамыту;

электр және басқа да моторланбаған жеке жүріп-тұру құралдарын неғұрлым белсенді пайдалану үшін инфрақұрылым құру;

қоғамдық көлікте жүру үлесін 60%-ға дейін, жаяу және велосипедпен жүру үлесін 20%-ға дейін ұлғайту, жеке автокөлікте жүру санын 20%-ға дейін төмендету (автомобильдер санының өсуінсіз); 700-133-08-78

кәсіпорындардың қауіптілік сыныбына байланысты санитариялық-қорғаныш аймақтары аумағының кемінде 40-60% мөлшерінде кәсіпорындардың санитариялық-қорғаныш аймақтарын ұйымдастыру және жасыл екпелердің шаңға, газға төзімді тұқымдарымен көгалдандыру;

өңір облыстарының елді мекендерінде жасыл екпелердің ауданын ұлғайту;

халықты атмосфералық ауаның сапасы туралы ақпараттандыра отырып атмосфералық ауаның ластану деңгейін жедел және жүйелі мониторингілеуді қамтамасыз ету;

"Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны атмосфералық ауаның ластануын бақылаудың автоматты және стационарлық бекеттерінің желісін нормативтік мәндерге дейін кеңейту;

"Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны аумақтық бөлімшесінің мониторингтік желісі айқындайтын ластаушы заттардың параметрлері мен тізбесін кеңейту.

болжамды кезең:

өңірдің шаруашылық кешенінің өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының түрлі салаларын барынша қамти отырып, төмен көміртекті экономикаға көшуін қамтамасыз ету;

өңір кәсіпорындарында қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындыларын тазартудың инновациялық экологиялық технологияларын енгізу;

жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштерін ескере отырып, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жобаларды кеңінен енгізу;

өнеркәсіптің барлық салаларында ең озық қолжетімді технологияларды енгізу негізінде эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін әзірлеу мен енгізу;

тұрақты қалалық жоспарлаумен және ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды дамытумен "жасыл" қалалық инфрақұрылымды құру;

қалалық азаматтық көлікті электр немесе сутегіге ауыстыру;

көліктің баламалы түрлерін және электромобильдер үшін тиісті инфрақұрылымды дамыту;

өңірдің барлық облыс орталықтарында күнделікті жұмысқа (немесе оқуға), сондай-ақ сапарларға жүріп-тұру кезінде велосипед көлігін пайдалану үлесін 100%-ға дейін жеткізу;

өңір аумағын атмосфералық ауаның жай-күйі мониторингімен толық қамту.

83. Халықты физикалық факторлардан қорғау жөніндегі негізгі іс-шараларға радиациядан, шу әсерінен және электромагниттік сәулеленуден қорғау жөніндегі іс-шаралар жатады.

Физикалық әсер ету факторларынан қорғау бойынша жобалық ұсыныстар мыналарды қамтиды:

бірінші кезең

жобалау және техникалық құжаттамаға сәйкес өңір облыстарында радиоактивті қалдықтарды орналастыруды қамтамасыз ету;

топырақтың жоғарғы қабатын 10 сантиметр тереңдікке дейін алып қоюды жүргізе отырып, кейіннен оны арнайы бөлінген орындарға көме отырып, Семей ядролық сынақ полигоны аумағының радиоактивті ластануын жою не аса қауіпті учаскелерде оның деңгейін төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

атмосфералық ауаның, жер асты және жер үсті суларының, топырақ пен өсімдіктердің радиоактивті ластану деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізу, сондай-ақ Семей ядролық сынақ полигоны аумағындағы радионуклидтердің көші-қон параметрлерін айқындау;

Ақмола облысы Степногорск қаласында радиоактивті қалдықтарды көму аумақтарын оңалту;

Ақмола облысындағы Мыңбай кен орнының карьерін рекультивациялау;

Ақмола облысында пайдаланылған уран кеніштерінің аумағындағы жай-күйді тоқсан сайын тексеруді және радиациялық деңгейді бағалауды қоса алғанда, рекультивацияланған объектілерді постмониторингілеу;

Өскемен қаласының аумағында және айналымда иондаушы сәулеленудің ампулалық көздері бар кәсіпорындарда Тарихи радиоактивті ластануларды жою;

Семей қаласында тарихи радиоактивті ластануларды жою;

бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны (Абай облысы) аумағында шаруашылық қызметті жүргізудің радиациялық мониторингі;

"Ұлттық ядролық орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Павлодар облысының Май ауданы) "Байкал-1", "ИГР" зерттеу реакторларының кешендеріндегі радиациялық мониторинг;

Ұлбі металлургия зауытының (Шығыс Қазақстан облысы) базасында Халықаралық ядролық отын банкінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Ақмола облысының аумағында жұмыс істемейтін 4 рекультивацияланған уран кенішінің радиациялық мониторингі;

Солтүстік Қазақстан облысының 6 пайдаланылған уран кен орындарын мониторингілеу;

Солтүстік Қазақстан уран-кені провинциясы (Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары), Бетпақдала-Шу-Іле және Шу-Сарысу уран провинциялары және Солтүстік Балқаш торий-сирек металдар провинциясы (Қарағанды облысы), торий-сирек металдар провинциялардың кенді аймақтары (Шығыс Қазақстан облысы) шегіндегі ауыз су пункттерінің мониторингі;

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі облыстарының радиациялық қауіпті аймақтарында және радиациялық объектілерінде радиоэкологиялық зерттеулер мен табиғат қорғау іс-шараларының нәтижелерін жинау және талдау жөніндегі радиациялық-гигиеналық паспорттарды нақтылау;

иондаушы сәулеленудің иесіз көздерін (ИСК) қоса алғанда, өңір облыстарының кәсіпорындарында иондаушы сәулеленудің пайдаланылған көздерін көму жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

мамандандырылған магистральдарда жүк қозғалысының негізгі көлемін бөле отырып, көше-жол желісін көлік ағындарының құрамы бойынша саралау;

автомобиль және темір жолдарды кесіп өтетін елді мекендердің аумақтарында шудан қорғау іс-шараларын жүргізу (жасыл желектердің шудан қорғау екпелерін қалыптастыру, акустикалық экрандарды пайдалану, терезелерді дыбыстық оқшаулау);

электромагниттік сәулелену көздеріне түгендеу және кешенді зерттеу жүргізу;

таратқыштар мен антенналардың сәулелену қуатын азайту;

сәулелену көздеріне, оның ішінде қайталама сәулелену көздеріне (желілерге, ғимараттар конструкцияларына, коммуникацияларға) қол жеткізуді шектеу).

есептік мерзім:

өңір аумағында радиациялық жағдайды тұрақты бақылауды қамтамасыз ету;

пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру орындарында жердің радиациялық ластануын бақылау;

радиациялық қауіпті аумақтарда, дене әсерінің нормативтен тыс деңгейі бар аудандарда, бірінші кезекте халықтың тығыздығы жоғары аумақтарда және табиғи радиациялық фоны жоғары аймақтарда дозалық жүктемелерді қауіпсіз және нормативтік деңгейге дейін төмендету;

жобалау және техникалық құжаттамаға сәйкес өңір облыстарында радиоактивті қалдықтарды орналастыруды қамтамасыз ету;

радиоактивті материалдарға рұқсатсыз қол жеткізуді бақылау және шектеу, сондай-ақ радиоактивті заттардың қоршаған ортаға жоспарланбаған шығарылуын болғызбау;

табиғи және техногендік радиоэкологиялық қауіпті объектілерді белгіленген талаптарға сәйкес келтіру;

радиациялық объектілердің айналасындағы санитариялық-қорғаныш аймақтары мен бақылау аймақтарын орнату;

өңір халқына белгіленетін дозалық жүктемелерді тұрақты төмендету;

радионуклидтермен ластанған өнімдерді қайта өңдеу мен таратуды бақылау;

радиоактивті материалдардың өңірдегі халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға әсерін бағалау;

өндірістік бағдарламаларға және пайдалы қазбалар кен орындарын игеру жобаларына сәйкес табиғи орталардың радиоактивтілігі, бұзылған жерлер мен жерасты көкжиектерін қалпына келтіру жөніндегі мәліметтер базасын құра отырып, өңір облыстарының аумағында радиоактивті ластануға толық түгендеу жүргізу;

жаңа тұрғын үй және азаматтық құрылыс үшін жер учаскелерін бөлу кезінде аумақтың радиациялық жағдайына және радон қауіптілігіне міндетті бақылау жүргізу;

жергілікті жердегі гамма сәулелену деңгейін және өңір атмосферасының жер үсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау бекеттерінің желісін кеңейту;

қоныстану және рекреациялық аймақтарды өндірістік, коммуналдық-қойма аймақтарынан және негізгі көлік коммуникацияларынан бөле отырып, облыстардың өңірлердің және Астана қаласының елді мекендерінің аумағын функционалдық аймақтарға бөлу және акустикалық жайлылықтың талап етілетін дәрежесін ескере отырып, құрылыс салуды қалыптастыру;

әуе қозғалысын ұтымды ұйымдастыру;

шу мен діріл, ластаушы заттар шығарындылары бойынша санитариялық алшақтықтарды ескере отырып, жаңа автомагистральдарды жобалау;

электромагниттік сәулелену үшін нормативтік шекті жол берілетін деңгейлерді сақтау мақсатында таратқыштардың қуатын, антенналардың бағытталу сипаттамасын, орналасу биіктігін және конструктивтік ерекшеліктерін, жергілікті жердің рельефін, іргелес аумақтардың функционалдық мәнін, құрылыстың қабаттылығын ескере отырып, радиотехникалық объектілерді орналастыру кезінде жоспарлау шешімдерін қолдану;

радиожиилік диапазонындағы электромагниттік сәулелену көздерінен санитариялық-қорғаныш аймақтарының жобаларын әзірлеу.

болжамды кезең:

өңір аумағында тарихи радиоактивті ластануларды жою;

өңірдегі радиациялық жағдай мониторингі жүйесін жетілдіру;

электромагниттік өріс көздерін ұтымды орналастыру және қорғау құралдарын қолдану, оның ішінде көздерді экрандау.

84. Қазақстан Республикасының Орталық өңірінде су ресурстарын қорғау проблемасының өзектілігі жерүсті су объектілеріне де, ауыз сумен жабдықтау көзі болып табылатын жерасты су көкжиектерінде де артып келе жатқан экологиялық жүктемемен негізделеді.

Аймақтағы су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларға мыналар кіреді:

бірінші кезең:

Балқаш мыс балқыту зауытында, күкірт қышқылы цехында және Балқаш жылу электр орталығында төгінділерді азайту және су үнемдеу технологияларын енгізу, жағалау сызығын көгалдандыру есебінен Балқаш көлінің экологиялық жай-күйін жақсарту және таяздану проблемасын шешу;

Балқаш көлінің таяздануына жол бермеу мақсатында Қытай Халық Республикасымен трансшекаралық Іле өзенінің су берілуін бақылау жөнінде келіссөздерді жалғастыру;

Балқаш көлі бойынша, Тобыл, Есіл, Қара-Кеңгір өзендері бойынша су сапасы класының деңгейін 5-тен 4-классқа дейін, Ертіс және Нұра өзендері бойынша 4-тен 3-классқа дейін төмендету;

кәсіпорындардың жобалық материалдарында және табиғат қорғау іс-шараларының ағымдағы жоспарларында көзделген жерүсті және жерасты суларын ластанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

өңірдің өзендері мен көлдерінің паспорттарын әзірлеу;

олардың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау үшін су қорғау аймақтары мен су қорғау су объектілерін белгілеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

жергілікті жерде су қорғау аймақтары мен жағалаудағы қорғау белдеулерінің шекараларын арнайы ақпараттық белгілермен бекіту;

сумен жабдықтау көздерін, су құбыры құрылыстары мен су құбырларын санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру;

Қаныш Сәтбаев атындағы арнаны қайта жаңарту және жаңғырту;

Астана су қоймасын түбіндегі шөгінділерден қайта жаңарту және тазарту;

Ертіс, Есіл, Тобыл, Нұра, Сілеті, Топар өзендерінің арналарын тазартуды жүргізу;

өзендердің табиғатты қорғау су жіберулерін жүргізу;

суаруды 80%-дан 5%-ға дейін азайтуды қамтамасыз ете отырып, өңірдің барлық егіс алқаптарының 15%-на су үнемдеу технологияларын енгізу;

Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (Щучье, Бурабай, Қарасу, Қатаркөл) көлдерінің су айдындарын ластанудан тазарту және санациялау;

Көкшетау қаласының су айдындарын (Қопа көлі, Қылшықты өзені) тұнба шөгінділерімен және арамшөпті өсімдіктермен ластанудан тазарту;

Семей қаласындағы ескі әуежай ауданында жер асты суларының авиакеросинмен ластануын жою;

Нұра өзені мен бұрынғы "Карбид" акционерлік қоғамының өнеркәсіптік алаңын Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы түптік шөгінділерінің сынаппен кайталама ластануынан тазарту;

Қостанай қаласы шегіндегі Тобыл өзенінің су қорғау аймағында бұрынғы мыс-аммиак өндірісі зауытының өнеркәсіптік ағындарының жинақтауышынан ластануды жою жөніндегі іс-шараларды мониторингілеу және жүргізу;

Павлодар қаласының солтүстік өнеркәсіптік аймағының аумағында сынаппен Тарихи ластануды және сарқынды суларды жинауды жою;

Ертіс трансшекаралық өзеніне жеткіліксіз тазартылған сарқынды сулардың төгілуін болдырмау мақсатында Семей қаласын толық биологиялық тазартудың кәріздік тазарту құрылыстарын жөндеу және салу;

Жезқазған, Семей, Көкшетау, Өскемен, Петропавл, Павлодар, Қарағанды, Степногорск, Сәтбаев, Шахтинск, Саран, Рудный, Екібастұз, Ақсу, Щучинск, Лисаков, Курчатов, Алтай, Жітіқара, Серебрянск қалаларында су бұру жүйелерін қайта жаңарту;

Астана, Қостанай, Балқаш, Атбасар, Аягөз, Есіл, Степняк, Арқалық, Сергеевка, Булаево, Тайынша, Мамлютка, Шар, Ерейментау, Макинск, Ақкөл, Қарқаралы, Қаражал қалаларында кәріздік тазарту құрылыстарын салу;

облыста тазарту құрылыстары мен кәріз жүйелерін салу және реконструкциялау (Қарағанды, Жезқазған, Балқаш, Сәтпаев, Саран, Шахтинск, Абай, Қаражал, Шет, Жаңаарқа, Нұра, Бұқар жырау, Осакаров, Ұлытау, Ақтоғай аудандарында кәріздік тазарту құрылыстарын салуды қоса алғанда);

Лисаков, Рудный, Жітіқара, Арқалық қалаларында кәріздік тазарту құрылыстарын реконструкциялау және салу;

Қостанай қаласында биологиялық тазарту станциясын (БТС) салу;

Солтүстік Қазақстан облысының шағын қалалары мен ауылдық елді мекендерінде кәріздік тазарту құрылыстарын реконструкциялау және салу;

өңір облыстарының ауылдық жерлерінде, Астана қаласына іргелес елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу және реконструкциялау;

барлық салынып жатқан, орналастырылатын, реконструкцияланатын объектілерді Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарына сәйкес су объектілерін судың ластануынан, бітелуінен және сарқылуынан қорғауға кепілдік беретін құрылыстармен қамтамасыз ету;

меншік иелерінің келісімі бойынша өнеркәсіп өндірістерін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, стихиялық полигондарды, мал қорымдарын су қорғау аймақтарынан және жер үсті су ағындарының жағалау белдеулерінен шығару мәселесін қарау;

жерүсті су ресурстарына тұрақты мониторинг жүргізу.

су сапасын қорғау, сондай-ақ Ертіс, Есіл, Тобыл трансшекаралық өзендерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісімдерді іске асыру.

есептік мерзім:

механикаландырылған тазартуды қоса алғанда, Балқаш биоалуантүрлілігін сақтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

жайылма шалғындарының шығымдылығын арттыру және Ертіс өзенінің табиғи жайылма геожүйесінің су экожүйесі мен экологиялық биоәртүрлілігін сақтау мақсатында Ертіс өзенінің жайылмасын суландыруға көктемгі табиғат қорғау су жіберулерін ғылыми негіздеу үшін кешенді ғылыми-ізвестіру жұмыстарын гидрологиялық зерттеулер мен ізденістер жүргізу;

Ертіс, Есіл, Тобыл трансшекаралық өзендерінің ластану деңгейін төмендету және сулылығын арттыру;

Қытай Халық Республикасы тарапынан Қара Ертіс өзенінің мемлекеттік деңгейде трансшекаралық ластануы мәселесін шешу және жер үсті суларының ластану көздерін айқындау үшін өзендерге бірлескен зерттеулер жүргізу;

трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясының Ертіс, Есіл, Тобыл өзендерінің бассейндері бойынша жұмыс топтарының отырыстарын өткізу;

халықты тұрақты сумен қамтамасыз ету жөніндегі жобаларды іске асыру;

халықты тұрақты сумен қамтамасыз ету жөніндегі жобаларды іске асыру;

трансшекаралық бассейндер үшін бірыңғай суды есепке алу және оларды пайдалану жүйелерін, сондай-ақ өңірлік мониторинг жүйелерін әзірлеу және енгізу;

өңір қалаларында су бұру жүйелерін, кәріз жүйелерін, кәріз коллекторларын, тазарту құрылыстарын және кәріз желілерін салу, жаңғырту, реконструкциялау;

облыстардың аудандарында кәріз желілерін салу және реконструкциялау;

жағалаудан қорғау бөгеттерін салу, қалпына келтіру және өзендерінің арналарын тазарту;

суармалы жерлердің алаңдарын кеңейте отырып, оның ішінде тамшылатып суару жүйелерін енгізе отырып, ауыл шаруашылығында ылғал үнемдейтін технологияларды қолдану;

қосылған құны неғұрлым жоғары және су сыйымдылығы аз ауыл шаруашылығы дақылдарына көшу;

кәсіпорындардың су үнемдеу және суды қайта пайдалану жөніндегі технологияларды енгізуі;

сарқынды және қайтарымды суларды тазартудың отандық және шетелдік технологияларын әзірлеу және бейімдеу;

көгалдандыру және орман өсіру жөніндегі іс-шараларды қоса отырып, Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарына сәйкес су қорғау аймақтарының, жер үсті су объектілерінің жағалау қорғаныш және жағалау белдеулерінің шекараларын белгілеу;

жер үсті су ресурстарына тұрақты мониторинг жүргізу;

меншік иелерінің келісімі бойынша өнеркәсіп өндірістерін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, стихиялық қоқыс үйінділерін, мал қорымдарын су қорғау аймақтарынан және жер үсті су ағындарының жағалау белдеулерінен шығару мәселесін қарау;

су режимі мен жер асты суларының сапасына мониторингтік бақылауды қамтамасыз ететін байқау ұңғымалары желісін ұйымдастыру.

болжамды кезең:

өңірдің су ресурстарын ұтымды пайдалануды және халықтың судың теріс әсерінен қорғалуын қамтамасыз ету;

өзін-өзі тазарту қабілетін жоғалтқан су объектілерін қалпына келтіру және экологиялық оңалту, су объектілерінің сарқылуын болғызбау, олардың бітелуі мен ластануын жою;

Балқаш көлінің экожүйесін сақтау жөніндегі жобаларды іске асыру;

Ертіс, Есіл, Тобыл трансшекаралық өзендерінің ластану деңгейін төмендету және сулылығын арттыру;

су ресурстарын ұтымды пайдалануды бақылау;

кәсіпорындардың суды пайдаланудың (су тұтынудың, су бұрудың) белгіленген лимиттерін және сарқынды суларды жол берілетін ағызу нормативтерін сақтауы;

кәсіпорындарда табиғат қорғау іс-шараларын іске асыру және оларды толық айналымдағы сумен жабдықтауға көшіру;

ағынды суларды тазартудың, тазарту құрылыстарынан жауын-шашынды залалсыздандырудың және кәдеге жаратудың заманауи әдістері мен озық технологияларын енгізу;

барлық салынып жатқан, орналастырылатын, реконструкцияланатын объектілерді Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарына сәйкес су объектілерін судың ластануынан, бітелуінен және сарқылуынан қорғауға кепілдік беретін құрылыстармен қамтамасыз ету;

су объектілерінің жай-күйін және олардың пайдаланылуын бақылау жүйесін дамыту (ластаушы кәсіпорындар бойынша деректер базасын құру);

3D-модельдеуді енгізе отырып, су саласын цифрландыру, су айдындарында су режимдерін басқарудың ақпараттық жүйесін әзірлеу.

85. Аймақтың жер ресурстарын пайдалану саласындағы негізгі проблемаларға ауыл шаруашылығы жерлерінің деградациясы, топырақтың тұздануы және құнарлылығының төмендеуі, ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымсыз пайдалану, жер учаскелерін мақсатсыз пайдалану, жерді тау-кен және металлургия өнеркәсібінің қалдықтарымен ластау, тұрмыстық қатты қалдықтарды сақтау талаптарын бұзу және рұқсат етілмеген полигондардың пайда болуы жатады.

Аймақ аумағындағы жер ресурстарын қорғау жөніндегі шаралар кешені жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюдың алдын алуға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіруге және арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды.

Жер ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар мыналарды қамтиды:

бірінші кезең:

бірінші кезекте Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында, Абай, Ұлытау облыстарында бұзылған және ластанған жерлерді рекультивациялау (өңірдің бұзылған жерлерінің жалпы ауданы 2023 жылдың аяғында 138,5 мың гектарды немесе жердің жалпы көлемінің 0,1% -ын құрады);

өңір облыстарының тау-кен өндіру кәсіпорындарының аршыма жыныстарды қайта өңдеу, жинақталған аршыма жыныстарды жою жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуі;

көп тонналық аршыма жыныстарды орналастыратын кәсіпорындарға қойылатын экологиялық талаптарды қатаңдату;

өңір облыстарының ластанған (оның ішінде тарихи) аумақтарының тізілімін жасау;

Қарағанды облысындағы жылу энергетикасы және пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу жөніндегі бұзылған жерлерді рекультивациялау;

жалпы ауданы 1 426,8 шаршы километр радиациямен ластанған учаскелерде ядролық қаруды сынау салдарын жою бойынша (Семей ядролық сынақ полигонының сынақ алаңдарынан тыс) Семей ядролық сынақ полигоны аумағында ремедиациялық іс-шаралар өткізу, соның ішінде топырақтың жоғарғы қабатын 10 сантиметр тереңдікке дейін алып қою, содан кейін оны арнайы бөлінген орындарға көму;

2027 жылға дейін Семей ядролық сынақ полигоны алаңдарынан 100 мың текше метрге жуық радиоактивті топырақты одан әрі арнайы салынған радиоактивті қалдықтарды сақтау пунктіне орналастыра отырып әкету;

физикалық кедергілер: шектеу арықтары мен қоршау қоршауларын жасау арқылы қол жеткізуді шектеу жүйесін ұйымдастыру, запастағы жер санатынан радиациялық-ластанған Семей ядролық сынақ полигоны учаскелерін шығару қажеттілігі болмаған кезде ескерту белгілерін міндетті түрде орнату;

Семей ядролық сынақ полигоны жерлерінің одан әрі мәртебесін белгілеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

бірқатар көмір өндіруші кәсіпорындарды жою нәтижесінде иесіз қалған бүлінген жерлерді рекультивациялау;

Нұра өзенінің түптік шөгінділерінің сынаппен қайталама ластануын және Теміртау қаласындағы бұрынғы "Карбид" акционерлік қоғамының өнеркәсіптік алаңын жою;

Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында құрамында полихлордифенил бар жабдықтар мен қалдықтарды сақтау үшін пайдаланылған бұрынғы "Дарьял-У" радиолокациялық станциясының (Балқаш-9) аумағында орналасқан жерлерді рекультивациялау;

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы кенді байыту Қарағайлы комбинатының барит қалдықтары қоймалары ұсынған жерлерді рекультивациялау;

Қарағанды облысы Шет ауданы Ақшатау кентінде ескі шахталардың оқпандарын жабу жобасын іске асыру;

Сарышаған әскери полигонын ұзақ жылдар бойы пайдалану салдарын жою (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы кезінде ауданы 81 200 шаршы шақырым (оның ішінде Қарағанды облысының аумағында 49 200 шаршы шақырым);

Қостанай облысы Қарабалық ауданында орналасқан "ОГК-2" жария акционерлік қоғамының (Ресей Федерациясы) Троицк мемлекеттік аудандық электр орталығына тиесілі күл үйіндісінің (Шұбаркөл көлі) рекультивациялық жұмыстарының саны мен сапасына бақылау және мониторинг жүргізу.

Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинатының қалдық қоймаларында рекультивациялық жұмыстар жүргізу;

жерді қайтару және оларды шаруашылық айналымға уақтылы тарту мақсатында Солтүстік Қазақстан облысындағы 2-жылу электр орталығында пайдаланылған күл үйінділерін рекультивациялау;

облыстардың, өңірдің елді мекендері жерлерінің бірінші кезекте ластануына мониторингті жүзеге асыру;

топырақ-орман мелиорациялық жай-күйін зерделеу және орманды қалпына келтіру және топырақтың биоөнімділігінің жоғалуын болғызбау үшін қажетті шаралар қабылдау;

көпжылдық немесе бір жылдық шөптерді себе отырып, тыңайған жерлерді егістік алқаптарға, ал игерілуі қиын жерлерді байырғы жайылымдарға ауыстыруды жүзеге асыру;

су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, өңір облыстарының жер көлемін ұлғайту (тамшылатып суару, бүрку);

су және жел эрозиясына жергілікті мониторинг жүргізу және оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау (өңір аумағындағы эрозияланған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы 4 947,4 мың гектарды немесе жалпы алаңның 3,9% құрайды);

топырақтың биоөнімділігін арттыру үшін орман қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

он бес жылдық циклділікті сақтай отырып және перспективада зерттеудің жеті-онжылдық циклына көшуге облыстың барлық жер пайдалануы үшін топыраққа зерттеп-қарауды жүргізу және топырақты қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу;

егістік жерлерде агрохимиялық зерттеп-қарау жүргізу және егістік алқабы бар барлық жер пайдаланушылар үшін жеті жыл зерттеп-қарау кезеңділігімен тыңайтқыштар енгізу дозаларын негіздеу;

жайылымдарда топырақтың тозуын және олардың биологиялық өнімділігін жоғалтуын (құлауын) болғызбау шараларын негіздеу және облыстың барлық жер

пайдалануы үшін жайылым айналымын міндетті түрде енгізу үшін геоботаникалық зерттеп-қарауды он бес жылдық циклділікті сақтай отырып және перспективада зерттеудің жеті-онжылдық цикліне көшуге жүргізу;

жұмыс істеген карьерлерде рекультивациялау жобаларын әзірлеу үшін топырақты зерттеп-қарауды жүргізу;

стихиялық полигондар мен тұрмыстық қатты қалдықтардың рұқсат етілмеген полигондарын жою;

есептік мерзім:

тарихи ластануды, олардың құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіруді және оны шаруашылық айналымға уақтылы тартуды қоса алғанда, өңірдің облыстарында пайдалы қазбаларды игеру және геологиялық барлау, іздестіру, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау;

бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аумағын оның жерлерін шаруашылық айналымға біртіндеп қайтару мүмкіндігін жасау үшін оңалту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

тарихи ластануларды жою бойынша жұмыстарды жүргізу;

өңір облыстарында жердің шөлейттенуіне және тозуына қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

жаңбыр, еріген сулар, өзен сулары мен желдің топырақты бұзатын ағынын азайтуға бағытталған эрозияға қарсы және көшкінге қарсы іс-шараларды жүргізу;

өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жердің ластануын болғызбау;

суармалы жерлердің алаңдарын кеңейту, оның ішінде тамшылатып суару жүйелерін енгізу;

топырақ құнарлылығын арттыру бойынша агротехникалық іс-шараларды жүргізу, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге прогрессивті технологиялар мен ауыспалы егістерді енгізу;

органикалық ауыл шаруашылығын жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу;

ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің жоғары тиімді технологияларын енгізу арқылы топырақ құнарлылығын қалпына келтіру;

жайылым айналымын енгізуді көздей отырып, жайылымдарда топырақтың тозуын және олардың биологиялық өнімділігін жоғалтуын болдырмау шараларын негіздеу үшін геоботаникалық зерттеулер жүргізу;

пайдаланылмайтын жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту, егіс алқаптарын әртараптандыру, су және ылғал үнемдейтін технологияларды енгізу;

өнеркәсіп пен автокөліктің топырақ жағдайына әсерін зерттеу;

өнеркәсіптік, тұрмыстық және өзге де қалдықтардың стихиялық қоқыс үйінділері мен рұқсат етілмеген полигондарын кейіннен оларды жинап, көму арқылы жою;

топырақ жамылғысының жай-күйін мониторингтік зерттеу;

болжамды кезең:

табиғат қорғау, табиғи-қорықтық, сауықтыру, рекреациялық мақсаттағы жерлерді, тозған және ластанған жерлерді пайдаланудың белгіленген режимдерін сақтау;

қолданылатын агрохимикаттар көлемін азайту үшін топырақты өңдеудің ресурс үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз технологияларын қолдану;

ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің жоғары тиімді технологияларын енгізу арқылы топырақ құнарлылығын қалпына келтіру;

өңірдің облыстарында органикалық ауыл шаруашылығын жүргізуге кеңінен көшу;

жерді суару және құрғату жөніндегі шараларды іске асыруды қоса алғанда, мелиорациялық қорды (мелиорацияланатын жерлер мен мелиорациялық жүйелер) қалпына келтіру;

тозған егістік алқаптарды жемшөп және орман алқаптарына ауыстыру не осы жерлерде қорғаныш орман екпелерін (топырақты қорғайтын, эрозияға қарсы екпелер) құру, бұзылған жерлерді рекультивациялау ретінде толыққанды шабындық биоценоздар құру;

Семей ядролық қауіпсіздік аймағының радиоактивті ластанған жерлерінің қауіптілігін төмендету;

қоныстану аумақтарында, рекреациялық аймақтарда топырақтың ластануына мониторинг жүргізу.

86. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеудің ұтымды жүйесін ұйымдастыру мәселесі Қазақстан Республикасының Орталық өңіріндегі басты экологиялық міндеттердің бірі болып табылады. Қалдықтарды басқару процесі "жасыл экономикада" маңызды рөл атқарады.

Өңірдегі өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеудің негізгі мақсаттарына олардың түзілуінің жалпы көлемін азайту, қалдықтарды барынша қайта пайдалану, оларды қауіпсіз кәдеге жарату жатады.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірінің аумағында өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару бөлігіндегі негізгі нысаналы индикаторлар Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық құжаттар мен бағдарламалардың көрсеткіштері болып табылады.

Өңірдегі өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару саласындағы негізгі іс шараларға мыналар жатады:

бірінші кезең:

кәсіпорындарда ең озық қолжетімді технологияларды енгізуді ынталандыру арқылы өндірілген қалдықтардың жалпы санынан өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін арттыру;

өнеркәсіптік қалдықтарды қайта пайдалануды, кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді, әсіресе, 2021 жылғы 1 қаңтарға қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша ең ірі I санаттағы елу объектіге қатысты дамыту;

өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі қуаттарды ұлғайту жөніндегі өнеркәсіптік және мамандандырылған кәсіпорындарды ынталандыру шараларын енгізу;

өндірістерді жаңғырту, қалдықтары аз технологияларды енгізу; өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату және қайталама пайдалану, оның ішінде жылу мен электр энергиясын алу мақсатында қалдықтарды пайдалану индустриясын қалыптастыру;

сот шешімімен республикалық және коммуналдық меншікке өткен тарихи қауіпті қалдықтар мен ластануларды жою;

Шығыс Қазақстан облысының аумағында тау-кен өндіру саласының тарихи ластануының 247 объектісін жою (қалдық қоймалары, аршыма жыныстардың үйінділері, кондициялық емес кендер және металлургия өндірісінің шлактары);

Семей қаласындағы тарихи ластануларды жою (Жалпак станциясынан 3,5 километр қашықтықтағы тұйық темір жол аймағында бұрынғы "Түрксіб" совхозынан оңтүстік-батысқа қарай 6,8 километр қашықтықтағы белсенділігі төмен радиоактивті қалдықтарды көму);

кәріз-тазарту станциялары мен құс фабрикаларында биогаз қондырғыларын салу;

экологиялық және экономикалық орындылығын ескере отырып, өңір облыстарының елді мекендерінде коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету жөніндегі қызметтермен халықты қамту үлесін 90%-ға дейін ұлғайту;

облыстардың өңірдің елді мекендерінде қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру;

экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының үлесін арттыру;

өңір облыстарының елді мекендеріндегі қолданыстағы қоқыс үйінділері мен тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын экологиялық және санитарлық нормаларға (кейбір рұқсат беру құжаттары болған кезде) сәйкес келтіру немесе қолданыстағы қоқыс үйінділерін жабу және тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын рекультивациялау;

заңнаманың талаптары мен нормаларына сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтардың жаңа полигондарын салу;

қалдықтарды кейіннен сұрыптау, қайта өңдеу пункттеріне әкете отырып, заңсыз үйінділерді жою, сондай-ақ өңір облыстарында жаңа стихиялық үйінділердің пайда болуын барынша азайту жөніндегі жоспарларды әзірлеу;

мыналардың:

қалдықтармен жұмыс істеу, оның ішінде оларды қайта өңдеу бойынша саланы дамыту үшін арнайы қолдау шараларын әзірлеу;

биогаз алу арқылы органикалық қалдықтарды қайта өңдеуді дамыту;

аудандардың, өңірдің аудандық және облыстық маңызы бар қалаларының, Астана қаласының коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу жолымен коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін түзілгендердің жалпы санынан арттыру;

Қазақстан Республикасы Орталық өңірінің барлық ірі қалаларында қоқыс өңдеу кешендерін салу және жобалау қуатына шығару;

Көкшетау, Өскемен, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Семей, Жезқазған қалаларында қоқыс сұрыптау кешендерін салу;

қалдықтарды қауіпсіз көму және тарихи ластануларды жою;

тұрмыстық қатты қалдықтардың жаңа полигондарын салу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Орталық өңірінің облыстық және аудандық орталықтарында қолданыстағы тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын экологиялық және санитарлық жайластыру;

қоқыс шығаратын компаниялардың ірі қалалар мен аудан орталықтарында пресс-компакторы бар сұрыптау желілерін орнатуы;

қоқыс таситын көліктер паркін кеңейту (1 қоқыс таситын көлікке жұмыс ауысымына 37,5 тонна есебінен);

әкімдіктердің қолданыстағы заңнаманың және ұлттық стандарттардың талаптарына жауап беретін тұрмыстық қатты қалдықтар уақытша сақталатын контейнерлік алаңдарды ұйымдастыруы және салуы;

әкімдіктердің қолданыстағы ұлттық стандарттардың талаптарына жауап беретін "күрғақ" және "дымқыл" фракциялар, қауіпті тұрмыстық қатты қалдықтар компоненттері үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинау үшін контейнерлерді сатып алуы және орнатуы;

одан әрі қайта өңдеу және кәдеге жарату мақсатында заңды тұлғалар мен халықта түзілетін құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды жинау үшін Көкшетау, Өскемен, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Семей, Жезқазған қалаларында алаңдар құру;

өңір қалаларында тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында биологиялық ыдырайтын қалдықтарды қайта өңдеуге арналған ұяшықтар салу;

жол құрылысында құрылыс объектісінен 100 километр радиуста орналасқан құрылыс және күл-қож қалдықтарын пайдалану;

өнімді, энергетикалық ресурстарды (биогаз, электр энергиясы), компост ала отырып, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу объектілерін салу;

мал қорымдарын түгендеу және санитарлық жайластыру;

пестицидтер мен олардың ыдыстарын залалсыздандыру бойынша жұмыстар жүргізу;

тұрмыстық қатты қалдықтарды сақтауға арналған үлгілік полигондар және мал қорымдарын салу;

есептік мерзім:

Кәсіпорындарда ең озық қолжетімді технологияларды енгізуді ынталандыру арқылы пайда болған өндірістік қалдықтардың жалпы көлеміндегі қайта өңдеу және кәдеге жаратудың үлесін арттыру

өңірде тарихи қалдықтарды жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыру, оның ішінде ластанған аумақтарды ең озық қолжетімді технологияларды қолдана отырып, санациялау және рекультивациялау процесін жүргізу

өңірлік қағидат бойынша ұйымдастырылатын және қалдықтарды автоматтандырылған сұрыптау және қайта өңдеу жөніндегі өндірістік қуаттарды, сондай-ақ талап етілетін логистикалық инфрақұрылымды қамтитын өңір облыстарында қалдықтарды басқарудың кешенді жүйелерін құру, қалдықтарды қайта өңдеудің ақпараттық технологияларын енгізу;

экологиялық және экономикалық орындылығын ескере отырып, облыстардың өңірдің елді мекендерінде коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі қызметтермен халықты қамту үлесін арттыру;

өңір облыстарының елді мекендерінде қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру; экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының үлесін арттыру;

қалдықтарды кейіннен сұрыптау, қайта өңдеу пункттеріне әкете отырып және аумақты рекультивациялай отырып, стихиялық үйінділерді қоса алғанда тұрмыстық қатты қалдықтардың барлық үйінділерін жою;

тұрмыстық қатты қалдықтардың жаңа полигондарын рекультивациялау және салу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

түзілгендердің жалпы санынан коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін арттыру;

Щучинск, Степногорск, Ақкөл, Атбасар, Державинск, Есіл, Ерейментау, Макинск, Степняк, Қосшы (Ақмола облысы), Риддер, Алтай, Зайсан (Шығыс Қазақстан облысы), Абай, Балқаш, Қарағанды, Қарқаралы, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск (Қарағанды облысы), Арқалық, Лисаков, Рудный, Тобыл (Қостанай облысы), Ақсу, Екібастұз (Павлодар облысы), Тайынша, Мамлютка, Булаево, Сергеевка (Солтүстік Қазақстан облысы), Курчатов, Аягөз (Абай облысы), Қаражал, Сәтбаев (Ұлытау облысы) қалаларында қоқыс сұрыптау станцияларын салу;

биогаз ала отырып, өңірде органикалық қалдықтарды қайта өңдеуді дамыту;

құрылыс материалдарын, шикізатты (керамика, бетон, цемент, кірпіш, блоктар) өндіру, жол салу кезінде күл-қож қалдықтарын пайдалану үшін кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді ынталандыру;

қайталама шикізатты бөлек жинау мен қайта өңдеудің стационарлық және жылжымалы пункттері желісін құруды және дамытуды қоса алғанда, қалдықтарды селективті жинауды ұйымдастыру;

қоныстану аумақтарын, рекреациялық аймақтарды қалдықтарды жинауға арналған контейнерлік алаңдармен, контейнерлермен және қоқыс таситын көліктермен толық көлемде қамтамасыз ету;

өңірде өндірістік және тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеу саласында цифрлық трансформация технологияларын дамыту;

рұқсат етілмеген үйінділердің пайда болуын және олардың жойылуын бақылаудың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру және көму орындарын түгендеу, геоақпараттық жүйені құру және жүргізу және өңірдегі қалдықтар полигондарының мониторингі;

болжамды кезең:

кәсіпорындарда ең озық қолжетімді технологияларды енгізуді ынталандыру арқылы өндірілген қалдықтардың жалпы санынан өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін арттыру;

өңірдегі барлық тарихи қалдықтарды жою;

экологиялық және экономикалық орындылығын ескере отырып, облыстардың өңірдің елді мекендерінде коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету жөніндегі қызметтермен халықты қамту үлесін қамтамасыз ету;

өңір облыстарының елді мекендерінде қалдықтарды толық көлемде бөлек жинауды қамтамасыз ету;

экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының үлесін арттыру;

қалдықтарды ашық көмуді жою, қайта өңделетін және компостталатын қалдықтардың үлесін ұлғайту, қалдықтар секторында парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемін азайту мақсатында жинаумен және сұрыптаумен толық қамтуды жеделдетіп енгізу;

қалдықтарды кейіннен сұрыптау, қайта өңдеу пункттеріне әкете отырып, барлық заңсыз үйінділерді жою, сондай-ақ жаңа стихиялық үйінділердің пайда болуын барынша азайту жөніндегі жоспарларды әзірлеу;

түзілгендердің жалпы санынан коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін арттыру;

қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі инновациялық технологияларды дамыту;

ресурстарды үнемдейтін және қалдықтары аз технологияларды енгізе отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту, қайталама материалдық ресурстарды пайдалану;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату және қайталама пайдалану индустриясын қалыптастыру;

"ақылды" контейнерлер мен қоқыс жинағыштарды, сұрыптауға арналған роботтандырылған жүйелерді, мамандандырылған мобильді қосымшаларды, есепке алу

және талдау жүйелерін, бағдарламалық қамтамасыз етуді және басқаларды қоса алғанда, қалдықтармен жұмыс істеу үшін смарт-технологиялар мен жабдықтарды белсенді пайдалану;

биологиялық ыдырайтын қалдықтарды қайта өңдеу үшін ең озық қолжетімді технологияларды қолдану;

өнімді, энергетикалық ресурстарды (биогаз, электр энергиясы), компост ала отырып, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу объектілерін салу;

қалдықтарды азайту үшін экономикалық ынталандыруды әзірлеу, қайталама ресурстарды/қалдықтарды жинау және қайта өңдеу бойынша инфрақұрылымды белсенді қалыптастыру;

қайталама ресурстарды/қалдықтарды басқару бөлігінде экологиялық мәдениетті дамыту.

87. Жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің, қауымдастықтар мен экожүйелердің биоәртүрлілігін сақтау Қазақстан Республикасының Орталық өңірі аумағында қоршаған орта сапасын тұрақтандыруға және жақсартуға ықпал ететін маңызды бағыт болып табылады.

Стратегиялық және салалық жоспарлау, сондай-ақ экожүйелерді сақтау және тиімді басқару үшін аумақтық шектеулерді айқындау мақсатында Өңіраралық схема шеңберінде Қазақстан Республикасының Орталық өңірі аумағының табиғи-экологиялық қаңқасы әзірленді.

Қазақстан Республикасының Орталық өңірі аумағының табиғи-экологиялық қаңқасын дамыту және биоәртүрлілікті сақтау мақсатында мыналар көзделеді:

бірінші кезең:

"Түкті" мемлекеттік ұлттық табиғи саябағын құру (Ақмола облысы);

"Торғай қолатының аралдық ормандары" мемлекеттік табиғи резерватын құру (Қостанай облысы);

"Қарағаш-Құсмұрын шатқалы" республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықша құру (Қостанай облысы);

"Реликті сағызқарағай-қайың шоғы" республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықшасын құру (Қостанай облысы);

Жаңажол мемлекеттік табиғи қорығын құру (Солтүстік Қазақстан облысы);

"Маралды көлі" республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықшасын құру (Павлодар облысы);

